

315/603
Ж. 12 . 2

Жамбыл ЖАБАЕВ

1



Шығармалары

Жамбыл ЖАБАЕВ

ШЫГАРМАЛАРЫ

Bірінші том

0 7 6 2 7 5

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖҮЙЕ

АУҒАНЫМ

Баспа үйі

Алматы

2016

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөнне спорт министрлігі
«Мәдениет жөнне онер саласындағы бәсекелестікіті жөннеге анықтау, зерделеу мен насыхаттау жөнне
қазақстандық мәдени мұралы сақтау, зерделеу мен насыхаттау жөнне
мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
кіші бағдарламасы бойынша жарық корді*

Редакция алқасы:

С.Пірәлиев, С.Қирабаев, Б.Ібырайым, Б.Сманов,

Б.Әбдігазиұлы, Р.Әбдіғұлов

Жалпы редакциясының басқарған:
филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Ібырайым**

Жауапты шығарушы: *Р. Әбдіғұлов*

Томды құрастырып, түсініктемеслерін жазған: *Р. Әбдіғұлов*

Ж 13 ЖАБАЕВ ЖАМБЫЛ
ШЫГАРМАЛАРЫ: 4 томдық/Жамбыл Қабаев. 1917 жылға
дейінгі өлеңдері мен айтыстары. Алматы, «Лайғаным»
баспа үйі. – 2016.

ISBN 978-601-03-0414-7

Т.1: Өлеңдер мен айтыстар. – 2016. – 286 б.

ISBN 978-601-03-0413-0

ӘОЖ 8 21.512.122-1

КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-03-0414-7

ISBN 978-601-03-0413-0

© Жамбылтану және халық ақындары FЗИ, 2014

© «Айғаным” баспа үйі, 2016

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Жамбыл Жабаевтың төрт томдық толық шығармалар кіншегіне жыры алышының бұрынғы басылымдарында жарық қорған туындылары түгел енгізілді. Сонымен қатар бұрын жарияланған, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архивінен, КР FA Орталық ғылыми кітапханасынан, Президенттік архивтен, Жамбыл Жабаевтың мемориалдық мұражайының қолжазба қорынан, Қыргыз FA Әдебиет институтының қолжазба қорынан, т.б. табылған ақын шығармалары алғаш рет осы басылымға беріліп отыр. Жамбылдың бұған дейінгі жинақтарына кірмеген, мерзімді баснасоз бетінде шыққан мате-риалдар да алғаш берілді. Сапарғали Бегалин, Фали Орманов, Есмағамбет Ысмайилов, Гайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев, т.б. Жамбылдың шығармаларын жазып алуға катысқан, естеліктер жазған мәдениетшілердің, ғалымдардың мұрасынан табылған шығармалар да осы басылым үшін әзірленді.

Жамбылдың Құлмамбетпен айтысын 1931 жылы Сәкен Сейіфуллин «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағына кірітті. Ақынының алғашқы кітабы 1937 жылы «Жамбылдың оғесшелері» деген атпен «Қазақстан көркем әдебиет» баснасынан шықты.

Жамбыл шығармаларының басылымдары туралы шарттында, ең алдымен 1940 және 1946 жылдары шыққан жинақтарына тоқталу керек. Латын әліппесімен 1940 жыны СССР ГА Қазақстан филиалының Жамбыл атындағы ғылыми және халық творчествосы секторы шығарған жинақты дайындауға Жамбыл шығармаларын жазып алуға тәжілдегі қатысқан Т. Жароков, Ф. Орманов, Қ. Сағындықов, Ғ. Ысмайилов, Ә. Тәжібаев атсалысты. Сол кез үшін жоғары деңгейде жазылған алғысөз бен түсініктерді ақын шығармашылығының, халық ауыз әдебиетінің белгірі Ғ. Ысмайилов дайындағы. Бұл жинаққа кезінде «1-том» істеп анықтама берілгеніне қарағанда, екі том етіп шығару жоспарланған болу керек.

Жыры алышының 100 жылдық мерейтойына орай шыққан

бір томдық толық басылымы академиялық жинақ шығару талаптарымен дайындалған. Ф.Орманов, Б.Жақыпбаев, М.Хакімжанова, Е.Ісмайилов, Қ.Тұрғанбаевтар әлі күнге дейін басылымдық деңгейі өте жогары жинақ шығарған. Жалпы редакциясын Ә.Тәжібаев басқарған, кіріспесін С.Мұқанов жазған. Осы жинақтардың негізінде 1955 жылы үш томдық, 1957 жылы бір томдық жинақ шықты. Жамбыл Жабаев шығармаларының бұған дейінгі ең көлемді басылымы – 1982 жылды шыққан екі томдығы. Жинаққа кірген шығармаларға толық академиялық жинақтар талаптарымен түсініктемелер берілген (түсініктемелерді Сұлтанғали Садырбаев, Көбей Сейдехановтар жазған). Жалпы көлемі – 45 б.т. 1996 жылды ақынның 150 жылдық мерейтойына қарсы 2 томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. Көлемі 37 б.т. жинақты дайындауға М.Қараев, Ж.Тілепов, Н.Айтов қатысты, жалпы редакциясын С.Садырбаев басқарды. Жамбыл Жабаевтың төрт томдық толық жинағына аталған басылымдарға кірген шығармалар түгел алынды. Мәтіндерді дайындауға, түсініктемелер жазуға 1946 және 1982 жылғы жинақтар негізге алынды.

Жаңа басылымда Жамбыл шығармаларының түрлі нұсқалары да берілді. Олардың қатарында Жамбылдың Құлмамбетпен айтыснының үш нұсқасы, Сарбаспен айтыснының екі нұсқасы, «Өтеген батыр» жырының ҚР Мемлекеттік архивінен табылған үшінші нұсқасы, қырғыздар арасында Жамбылдың айтуымен таралған «Қызы Жібек» жырының қырғыз тіліндегісі және осы нұсқаның қазақша аудармасы берілді. Жамбылдың қырғыз ақындары – Балықпен және Молда Бағышпен қағысқан шағын екі айтысы да қырғызшадан аударылды. Сонымен қатар жыр алыбының қара сөзбен айтылған бірқатар шығармалары да жаңа басылымға кіріп отыр. Жинақтағы құнды дүниелердің бірі – Жамбыл жырлаған «Саурық батыр» жыры...

Бұл басылымда да Жамбыл мұрасы толық қамтылды деп айту қыын. Әлі де жаңа шығармалары табылып жатуы мүмкін. Бұл жинақ біраз жылдан бері саябырлап қалған жамбылтану саласын алға жылжытуға септігі тиуі анық.

АДАЛДЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ, ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ АЛЫП ЖЫРШЫСЫ

(Жамбылдың 150 жылдығына арналған
салтанатты жиында жасалған баяндама)

Бұгін біз өз дәуірінің ұлы жыршысы, қазақ халқының біргуар перзенті Жамбыл Жабаевтың дүниеге келгеніне 150 жыл толу мерекесіне жиналып отырмыз.

Жәксің сынды алыпты терең ұғыну үшін өткен жылы 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кеменгер ойыныны Абай дәуіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы шамандарды да зерделеу қажет. Өйткені, Абай жаңа қалып иен соны пінін, жана мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабайұлы сан ғасырлық ақпа-төкпе суырыпсалма ақындық шиердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы шаманды жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрнестен алшақ кетпей-ақ жырлай білген занғар құбылыс екен мәдім. Олай болса, Жамбыл туралы айтылар сөздің мағелли рухани өміріміздің, саяси-әлеуметтік тарихымыздың ен бір коқейкесті арналарымен ұласып жатуы занды.

Жамбыл ғұмыр кешкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең курделі кезендердің бірі еді. Мендердің жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы кезеңде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың котапшында ғасырлар бойы үстемдік өткен жүйелер алмасты, сікі өңдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде салынған олеуметтік түбірлі өзгерістер болды.

Ал түбірлі өзгерістерге алып келетін, тұтас жүйелер

алмасу кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақтың өмірі қашанда күрделі. Әсіресе, Жамбыл секілді ұлы тұлғалардың тағдыры айырықша шислесіске толы болған. Соған қарамастан, Жамбыл өзінің болмыс-тағдырымен, дарын-тегеурінімен, біртуар табиғатымен, өз заманының айнымас айнасы бола білді. Ол өзінің өлмес өнерімен тұтас дәуірдің шыншыл шежіресін жасай білді, өміршең ойларымен сол дәуірді саралап берді. Сондықтан да, біз оны қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірегейі ретінде ұлағат тұтамыз.

Тарихқа дең қойсақ, ел-халық тағдырындағы саяси-әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани өмірдің арасында ұдайы сәйкестік бола бермейтінін анғаруға болады. Құлдық қоғамда байырғы гректердің классикалық мәдениеті қалыптасса, Еуропада әлденеше ғасырдың діни мистика шенгелінен ренессанс жаңғыру заманы гүлдеп өсті. Наполеон өктемдігін бастан кешкен кезде Германияның классикалық философиясы мен өнері шарықтаса, крепостниктік Ресейде XIX ғасыр әдебиет пен өнердің «алтын ғасырына» айналды. Мұны кезінде Гегель «тарихтың тәлкегі» деп атаған.

Осынау «тарихтың тәлкегі» XIX ғасырда да Қазақ елін айналып өткен жоқ. Бірақ, бояуын жоғалтпастан өзінің мәдени-рухани келбетін сақтай білді. Қазақ даласы Шоқан, Ыбырай, Абай, Махамбет, Мұрат, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Жамбыл, Біржан, Ақан, Мұхит, Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Үқылас сияқты біртуар перзенттерін тудырды. Бұлар қазақ халқының тарихи тағдырында шын мәнінде ренессансстық роль атқарды.

Осы тұрғыдан келгенде, Еуропа ренессансының бастау бұлағында Дантенің тұрғаны сияқты, XIX ғасырда қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңінің жуан ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді. Менінше, бұл – жай ғана әсіре теңеу емес, жан-жүргімізben сезіне алатын тарихи ақиқат. Біз бұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын соғұрлым тарихи тұлғаларымыздың болмыс-бітімі жан-жақты ашыла түседі. Ең бастысы, ұлт мәдениетінің тарихи жетілу, шындалу

жондарының диалектикасы айқындала түседі. Демек, ол бүгін рухына тағым етіп отырган Жамбыл кездейсок қызылдыс емес, халық тағдырымен тамырлас, тарихтың толғағы дүниеге келтірген лайықты перзенттердің бірі деп шылқ сеніммен айта аламыз.

Озекті жан болып жаратылған соң, кімнің де болсын тасына бұлт үйірілмей, наизгай ойнамай тұрмайды. Ондай жай Жамбылдың да басында болған. Эйтсе де, қабыргалы жұртының ары мен намысы үшін Жамбыл мықтымынған небір бай, шонжарлардың үш ұйықтаса, түсіне кірмеген ашаман тасыр дауға да, алыстан келер, іргеден шығар «жасағы жойқын жауға да» үнемі ту көтеріп, жырымен қылыш сермел өткен. Оған елі куә, тарих куә. Небір жан беріп, жан алысқан айтыстар үстінде ол халқының сөзін сойлекен өр мінезділігінен айнымаған. Тайсақтауды, жағыну легенді білмеген. Бұл оның жалпы ақындық болмысының гыны биік, жалын мен оттан жаралғандай аса қызулығын, шырықша айбындылығын айғақтай түседі. Бұл тек, даңғайыр таланттардың ғана жаратылысына тән қасиеттер жөнс оның бойындағы халық деген алыптың аскаралы мінезінің сәулесі. Әлсізге болысу, әлдіні әділеттілікке шакыру Жамбыл поэзиясының өмірлік қызығы, айнымас бағдаршамы болды. Елді титықтатқан, бірлігін ыдыратқан мерекесі жоқ іске күйзелген ақын жыр семсерін сермеуден жапықкан жоқ...

Жамбыл өзінің әр өлеңінде халқын бірлікке, ынтымаққа шакырып отырган. Ұлы ақынның мына бір шумағына тағы да бір зер салайықшы:

*Үрпағым, ізден келген бақытты жас,
Кімде-кім бірлік бұзса, халыққа қас.
Бірліктің берік туы – тек ынтымақ,
Өсіметім: тек сол үшін құшагыңды аш!
Өсіметім: шындықты, адады сүй!
Ардақтаган халықты, адамды сүй!
Елдің тіккен іргесін игілікке,*

*Тап бүгінгі бақытты заманды сүй,
Сөзап айт әдемі жыр, сүйкімді күй!*

Жамбылдың ақындық онерінің биік шыны, айтыс онеріндегі іргелі табысы Құлмамбетинен айтысы. Әрине, Жамбылдың сайысқа шыққан ақыны бір ғана Құлмамбет емес екені өмбеке аян. Бірақ, Құлмамбет өлең өлкесінде сол кездері бүкіл Жетісу, оңтүстік аймағында Сүйінбайдан өзгені мойындармайтын жыр дүлдүлдерінің бірегейі болатын. Женғендері көп, женіліп, опық жеген жері жок айтқыштардың санаасында жүрген еді. Оның аса жүйрік өнер иесі екенін кезінде Жәкеннің өзі де мойындаған.

Реті келген соңайта кету керек: атақты тарихи тұлғаларды Жамбыл тек айтыс үстінде, қарсыласының мысын басу үшін ғана дәріптеп, насиҳаттаумен шектелмеген. Жай ғана бас қосқан алқалы жиындарда ежелгі тарихтан, өзінің өмір сүрген дәуіріне дейінгі тұстың елеулі-елеулі жайларынан сыр қозғап, сол жайларды айтылар жырдың негізгі өзегіне айналдырып отырған. Мәселен, Өтеген мен Сұраншы батырлардың ерлігін жеке-жеке дастан етіп жариялаған.

— Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін, сақтаған татулықты айт, — деген Жамбыл сөзі айтыста женіске жетудің тетігі ғана болған жоқ, бұл ақын дүниетанымының тұтас кредитосы еді. Бұл сөз – уақыт өтіп, заман өзгерсе де мәнін жоймай, қайта асқақтап биіктей беретін жырabyзының сөүлелі сөзі. Бізге жеткен өсиеті. Бұл өсиет сөз бүгін де маңызын жоғалтқан жоқ... Егемен еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп тамырын жақсырақ түсінуге көмектесіп, кез келген тарихи кінә, айыптауларға жол бермеуге тиіс. Өйткені, өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн дер едім. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр, балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттілігімізді нығайту

жөнс оркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сәй келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Осы тұргыдан келіп айтарым, біздің әрқайсысымыз жөнс баршамыз туған сліміздің болашағына деген жауапкершілігіндегі сезіне білуіміз қажет. Ұлы Жамбыл штамыздың да арманы осы болатын.

Жамбыл – қазактың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындал, ақындық, жыраулық дәстүрдің XX ғасырдағы туын биікке котерген дана қарт, ұлы жырау. Ол өз халқының сөз өнерінің ұстаханасында шындалған, туған топырағының төл перзенті:

*Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маган тартқан сыйындаі.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұркырап,
Қара дауыл құйындаі, –*

Дені Жәкеннің өзі жырлағандай, оның Сүйінбай сынды үлгі ашын ұстазының ар жағында: Сүйекемен тұстас Майкөт, Қабан, Бақтыбай, Құлмамбет, өзімен тұргылас Сарбас, Қуандық, Қожантай, Әмірлер, сонау Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқиіз, Бұқар, Базар, Ақтамберді, Үмбетейден басталып, Шал, Махамбет, Дулат, Мұрат, Портанбай, Нысанбайларға келіп ұласқан ақын, жыраулар мен жыршылар мектебінің игі дәстүрі жатыр.

Жамбыл – ғасырлық ғұмырымында арыны басылмаған ашын жыршы, шүрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол өзінен кейінгі әр үрпақтың ат басын ариайы бұрып, шөліркегенде, тұнық жырларынан су-сындар тұма бұлағы. Сондықтан да бүтінгі үрпақтың Жамбылдың рухани мұраларына терең таным-түсінікпен қараш, оның шығармаларының қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастырудары орнына зерек көңілмен

бағалағанымыздың бір көрінісі – бүгінгі өткізіліп отырған жыр алыбының мерсейтойы. Жамбылдың туған елі мен жеріне деген ыстық ықынасын тогіле жырлаған арнаутолғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесек, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндегі екеніне көзіміз жетеді. Жамбыл жүргегі қашанда халқым деп соқты. Ол ең алғымен халықтар достығын, терезесі тең елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболаттай шынылады.

Ұлы жыршы Жамбыл – қазактың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып өкілі болатын. Оның алыштығы сонша, өз басы халыққа берер иғіліктеріне имандай сенген Қазан төңкерісінің, Кеңес үкіметінің жетістіктерін сол ежелгі ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында-ақ жырлап, өзін, өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты. Соның арқасында ол өзінен кейінгі Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, Саяділ Керімбеков, Орынбай Тайманов, Үмбетәлі Кәрібаев секілді шашасына шаң жұқпайтын халық ақындарына игі ықпалын тигізген, өнегесін бойларына сінірген ұстаз да бола білді.

Казір, Кеңес дәуірі артта қалған шақта, Жамбыл атамыздың Кеңес өкіметін, оның ішінде сол кездегі ел басшыларын жырлады, «сонда бұл қалай?» деген сұраптар соңғы кездері жиі көлденендейтін болды. Мәселенің осы жағына арнайы тоқтала кеткен жөн сияқты.

Ұлы жырау жетпіске жеткен шағында патшалық Ресейдің 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғысқа алатын тұсындағы елдегі дүрбеленді өз көзімен көрді, қолдарына қару алып, патшалық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға қарсылық көрсеткен ереуілші топтың істеріне тілектес болды. Был 80 жылдығы аталып өткелі отырған ұлт-азаттық қозғалыстың бел ортасында болмаса да, соның көшбасындағы ерлердің ерліктеріне тәнті болды, жырларымен тілектестігін білдірді, бір сөзben айтқанда, рухани жағынан демеуші бола білді: өйткені, ол өзінің туған халқының теңсіздікте кешкен

оміріне іштей назалы еді. Көп ұзамай дүниені дүрілдетіп, «Халықтарға тенденк, бостандық әпереміз, құлдық езгіден күткарамыз, өмірді жаңғыртамыз, бұрынғы билік иелерін орынан алып, әділдік орнатамыз, жарылқаймыз», – деген ұранмен өмірге келген Кеңес өкіметінің сарбаздары мен сардарларын да көрді. Бұлар, әрине, бұрынғы «шынжыр қалас, шұбар төстерді» жайпай келді. Тәуелді дәрежеде болса да, Қазақ елі республика атанды.

Қазақтың зиялы қауымы бар, қарапайым еңбеккери бар, бұл өкіметті қолын тенденкке, басын бостандыққа жеткізеді деп білді. Жамбыл да солай түсінді. Патша үкіметінің үйратана халықты басып-жаншуы келмеске кетіп, оның орынағасырлар бойы армандаған тәуелсіздік келді деп ұқты. Олай болса, сол тәуелсіздікті қолға ұстаратан жаңа қоғамдық құрылышқа, оның әділетті аталып жүрген басшыларына қол соқынанда, кімге қол соғады? Мұндай біржакты қозқарастан бүкіл слі секілді Жамбыл да алыс кеткен жоқ.. сол қоғамның жетістігіне желпініп, жыр толғады.

Біздің әрқайсысымыз – өз уақытымыздың, өз дүйріміздің перзенттеріміз. Біздің Жәкеңнің тар заманда, отаршылдық дәүірде немесе кенестік дәүірде дүниеге келген шығармалары арасындағы алшақтықтан айып іздеу, жазғыру орынсыз деп ойлаймын. Заман әлі талай өзгерер, бірақ ұлы ақын мұрасы өзінің құндылығын ешқашан жоімақ емес. Жамбыл өз заманын, оның ағы мен қарасын, бір соғбен айтқанда, оз дәүірін асқан шабытпен жырлаған ұны соғ зергері деп білеміз. Ал зергерге шашасына шан жүқиас асыл дүниені қай дәүірде, кімдерге арнады деп емес, қалай жасады деп баға берген орынды болар, сірә. Өйткені, Жәкеңнің әрбір дүниесі өз бойынан, жүргегінің тереңінен шынырлап шықкан.

Бүкіл әлемді мойындаған шығармалар, Жәкең шығармашылығы халқымыздың дүниетанымдық, рухани қоғырасының қалыптасып, ұшталуына ықпал жасағанын да спікім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Бүгіндегі біздің бетке ұстар ақын, жазушыларымыз,

ғалымдарымыз өз шығармаларының көпшілігін кеңестік дәуірде, кешегі қайта құрудан бұрын дүниеге келтірді емес пе? Ол шығармалардың бәрінде де сол заманың сарыны мен талабы жоқ емес. Солай болды дең барша аға зиялыштарға мін тақпауымыз керек.

Жамбылдың тұсында, тіпті одан кейінгі жылдарда сол кездің саясатын қолдан, шығарма жазбаған кімді білеміз? Француздың ұлы жазушысы Ромен Роллан Жамбылға жолдаған құттықтау жеделхатында «Жаңа адамзаттың ұлы жыршысы» деп баға берді. Демек, бұл Жәкең және осында отырған көптеген белгілі ақын-жазушылар ғана емес, көрнекті деген зиялыштар сенген идеология болды. Ал Кенес Одағының саясаты Жамбыл үшін саясат емес, жай ғана тақырып болды. Жәкең кез келген тақырыпты жырлауда алдына жан салмаған жырдың «Қызыл жолбарысы».

Мына жайды еске ұстайық, ағайын! Қазак ақындарының ішінде Жамбыл бірінші болып бүкіл Кеңес Одағы оқырмандарына Қорқыт, Асан қайғы, Абылай рухын тірілтіп беріп, рухани айналымға түсіргенін ұмытпалық... Бір сөзben айтқанда, Жамбыл Жамбыл болып қала береді.

Жамбыл Жабайұлына да осы тұрғыдан баға берген жөн. Жамбылдың тұғыры биік заңғар халық жыршысы екендігінде ешкімнің де күмәні болмауға тиіс. Ол XYIII ғасырдың тарихи қаһарманы Өтеген батырды, XIX ғасырда елін Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріп, қол бастаған Саурық, Сұраншы батырлардың есімін дәріптеп жырлаушы ғана емес, Кеңес кезеңінің ұлы оқиға-ларының да жалынды жыршысы, алдына жан салмаған ақының ақыны. Ол кімді жырламасын, папаниншілерді ме, әлде Хасан, Халхингол соғысында ерлік көрсеткен ел сарбаздарын ба, қоршауда қалған ленинградтықтарды ма, қай-қайсысын да селкіс қабылдаған жан болған жоқ. Оның жалынды жырларын елі күтіп отырды. Сондықтан да ақын өлеңдері әлеуметтік мәні, қоғамдық салмағы, бойындағы құдыреті арқылы уақыт талабымен, дәуір тынысымен, миллиондардың арман-тілегімен табиғи табысын жатқанын атап өту парыз.

Орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай деп жазды: «Жамбылдың: «Ленинградтық өрендерім» жыры жарияланған кез – Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл тұста немістің қоршауында қалған Ленинградта азық оте аз болды. Күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жәй кісі 150 грамм нан алды. Ет, май дегенді халық өте аз және сирек көрді. Басқа азықты қорген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды, канализация іstemеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық түрді... Жаудың оғы үздіксіз жауып түрді.

Осындай кездे Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинград радиосы қүніне әмбенеше рет оқып отырды. Жыр үлкен әріптермен басылып, қопислерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері құлдилай ұшып, бомба тастап жүргенде, бомбадан жасырынатын жерге тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алу үшін көзекте тұрған адамдарды талай көрдім».

Бұл сол кездің нағыз шындығы болатын.

Іә, поэзия құдіреті деген осы болар. Бірнеше шумаққа тұтас бір кезеңнің жүгін арта білу – тек Жамбыл секілді анынтардың ғана қолынан келетін құдірет. Ақын өзіне маңғылай ескерткіштің негізін осылай қалады.

Қазақ әдебиетінің алыбы Жәкенді көзінің тірісінде кай елге барса, халық зор ыстық ықыласымен қарсы алып, қабылдап отырды. Ақынның 1936 жылды қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігінде, 1937 жылдың аяғында Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдығына байланысты Грузияға барған сапары, 1938 жылды май айында өзінің шығармашылық өмірбаянының 75 жылдығына орай Қазақстанда өткізілген мерекелер тұсындағы күллі Кенестер сіл атынан көрсетілген риясyz қызмет, қуанышты қарсы

алулар тарих пағына жазылды. Ақынды қай жерде де кездестірген халық – «Жамбыл! Жамбыл! Жәке!» – деген ерекше шаттанған дауысмен ұрандата қошеметтеген. Ақынның сол шығармашылық мерсекесіне Алексей Толстой, Никола Бажан, Павло Тычина, Тоғалақ Молда, Fafur, Гулям, Қалық Ақиев, тағы басқа сол кездегі көрнекті сөз өкілдерінің келуі, өзіміздің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Дина Нұпейісова, Құләш Байсейітова, Кенен Әзірбаев, Мариям Хакімжанова, Қалибек Куанышбаев секілді әдебиет, өнер саңлақтарының сол тойды ұйымдастыруы, дүниежүзінің барша елінен, сол елдердің қалам қайраткерлерінен құттықтау жеделхаттардың қарша борауы да Жамбыл есімінің төрткүл әлемге мәшіүр болғандығының айғағы.

Жамбыл шығармашылығы, оның өмір жолы бір адамның емес, бүкіл қазақтың ауыз әдебиетінің, соның ақпа-төкпе ақындық өнерінің жаңа белесі, XX ғасырдың ең ірі серпілісі ретінде қабылдануы ләзім. Ұлы Мұхтар Әуезовше айтқанда: «Миллион жол өлеңді жатқа білетін»abyz жыраудың халықтық қасиетін жаңымен терең ұғынған замандас ақын інілтері – Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Павел Кузнецов, Қалмақан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызаковтар оның әдеби хатшылары болып қызмет етті. Бұл үлкенге тағым етіп, егде тартқан адамға қызмет ететін ұлттымыздың тамаша дәстүрінің көрінісі ғана болған жоқ, өткен ғасырлардың толқынын XX ғасырға әкеліп толқытқан қартabyz жыршыға, ғажайып қайталанбас өнерге деген құрмет пен кейінгі ұрпақ парызы еді. Жамбыл жырларын орыс тіліне аудару арқылы ақын есімін дүниежүзіне кеңінен таратуға үлес қосқан Павел Кузнецов, Марк Тарловский, Константин Алтайский, Илья Сельвинский, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин сынды орыс ақындарының есімдерін де бүгінгі күні ерекше ілтипатпен еске алуға тиістіміз.

Қазақта «Күн ортақ, ай ортақ, жаңы ортақ» деген сөз бар. Бұл ретте де қазақтың Жамбылын адамзаттың

Жамбылы деп мақтандыспен айта аламыз. Шын мәнінде, Жамбыл дүниеге әкелген ғажайып қазына сол рухани қазынаның өн бойындағы адамды шыңдауға арналған, ондай парасат пен қоғамды шыңдауға арналған шабытты, серпінді жалпы адамзаттық рухани игілік демескес бола ма?! Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жамбылдың қашатты жырлары әлемнің елуғе тарта тіліне аударылып, миллиондардың жүргегіне ізгілік нұрын септі. Біз бұның, сің алдымен, Жамбыл атамыздың өлмес өнері арқылы әлем жұртшылығына қазақ халқының рухани болмысының танылуы деп білуіміз керек. Сондықтан, Жамбылдың мерсійтойы – қазақстандықтар үшін зор мәртебе ғана емес, озінің де бүгінгі парасат көлеміне сын. Дәлірек айтсақ, ойра мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет ретінде әлем алдында ой мен рухтың өресін танытатын, кісілік пен парасаттың өнегесін көрсететін сәт туды. Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін әлем жұртшылығына озін саяси-әлеуметтік үмтүлістарымен, демократияшыл мұрагжатарымен танытуып келсе, енді қайталанбас рухани болмысын танытуға мүмкіндік алышп отыр. Бұл ретте қызықстандықтар ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәңгілік тобас құндылыктарды қөксеген биік парасаты жалпы адамзатқа ортақ екенін терең сезінеді деп білемін. Егер оіз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі, Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен үласын жатқандығында. Сондықтан да, қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет корсетіп, олмес рухының алдында басымызды иеміз. Сөз жоқ, ондай арман-аңсарға ден қою арқылы біздің қай-қайсымыз да пендешілік күйкіліктен арылып, парасат-найымызды шындаі түсеміз. Өміршең мен өткіншінің ара жігін айырып, асыл адамгершілік жолында табысамыз.

Орбір ұлттық мәдениетте бүкіл әлемге тиесілі есімдер, жалпы адамзаттық рухани құндылықтың өлшем-белгісі болған есімдер бар. Соған орай, олардың осындағы жасамназдық істері біздің қуллі адамзатпен біртұтас әрі өзіміздің

өткенімізben, қазіргі кезімізben және болашағымызben ажырағысыз байланысты екенімізді еске салып, ерекше мән-мазмұнмен толықтыратыны жасырын емес.

Бұгінеліміздің жүртшылығы қазақ халқының даңқтыұлы, халық поэзиясының ұлы алaby, бүкіл келбет-болмысымен XX ғасырдағы өшпес тұлғалардың қатарындағы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойын кеңінен атап өтуде:

Тағдыр оған ұзак, жемісті әрі даңқты өмір сыйлады: ол өзінің 100 жылдығына небәрі екі ай қалғанда, дүниеден өтті. Оның шығармашылығы екі ұлы дәүірді -- XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 45 жылын қамтиды. Осының өзі де бірегей құбылыс, өйткені ол – Қазақстан мен Ресейдің тарихындағы бетбұрысты кезеңнің жылнамашысы.

Жамбыл жастайынан, өзінің халық жыршысы, жырау ретіндегі шығармашылық жолын бастаған кезінен-ақ сұрып салма ақынның даңқына бөленді. Оның бұл жолы тар жол, тайғақ кешүлі сындарға толы болғаны да рас. «Жамбыл көп уақытқа дейін патшалықтың барлық қолжаулықтарын ашуызмен, тікелей әшкерелеп келді, – деп жазды ол туралы ұлы Мұхтар Әуезов. – Өзінің бүкіл ашу-ызага толы, аңы тілді және әділетті айыптауларға құрылған сұрыпсалма жырларын ауыр алым-салыққа, әділетсіз сотқа, жүгенсіздікке қарсы бағыштаған. Осымен қатар халықпен бірге, бақытты ел туралы керемет арман мен үмітке толы әндер шығарып, аты аңызға айналған халық арашашысы болған айбынды батырлар туралы да жырлады»... Сөйтіп, ол әлемнің бар байлығын жинағаныңмен, одан ізгілік таппайсын, тек қана сенің дүниеге әкелген жақсылығың ғана өзінді мәнгілік әрі қасиетті даңққа бөлейді, – деген тұжырым жасайды.

Жылдар өткен сайын Жамбылдың ақындық дарыны жетіле түсіп, жан дүниесі байып, өмірге деген тарихи көзқарасы қалыптасты. Адам мен оны қоршаған табиғаттың бірлігі, тән және жан сұдулулығы, әсемдік, күллі жанды тіршілік пен өмірді жасаушы адамға жаратылыстың өзегі ретінде сүйіспеншілікпен қарау – оның ең сүйіл жырлайтын тақырыптары болып қала берді.

Жамбыл ғұмыр бойы ең басты тақырыпты – адамдардың достығын, бірлікті, өзара көмек пен махаббатты арнау еткен! Іізге де осындай рух беретін, әрі аталы сөздер кейде жетіспей жататының да айтқан жөн болар.

Жамбылға дейін де ақындар болған. Иә, талай тарлан ақындардың болғаны рас, қазір де бар және одан кейін де халқының үдесінен шыға білетін тұлпарлар болатыны да хақ. Сірә, одан кейін де бола береді. Алайда, XX ғасырда

дауылдатқан ғылыми-техникалық және әлеуметтік революциялар ғасырында Жамбыл өзіне біткен, дүние жарапғаннан бері келе жатқан көне өнерді осы заманың қызметіне өзге ақындардың бәрінен де жақсы қоя білді, сол арқылы халықтық поэзияны бұрын-сонды болып көрмеген биікке көтеріп, ғаламдық деңгейге шығара алды.

Ауыз әдебиетінің сазгерлік-акындық жарыс жанры ретінде айтыс әлімсақтан халық үшін өз үнін білдірудің әмбебап құралы қызметін атқарып келді, оның ақылы мен жүргегіне нәр берді. Ақындардың дуалы аузынан шыққан әрбір сез сол заматта қағып алынып, ұлы даланың күллі шаһарлары мен ауыл-қыстактарына тарап жатты. Бұл жырлар озінің лайықты иелеріне өшпес даңқ пен шексіз бедел болып оралып отырғанын ұмытпаған да ләзім. Жамбылдың қеңестік кезеңдегі шығармаларына көз жүгірте отырып, біз оларда дәуірдің бүкіл құрделілігі мен қарама-қайшылығы, бар иғілігі мен кемішілігі, даңқы мен абырайсыз істері өз бейнесін ташқанын айқын кореміз.

Жамбыл оз замандастарымен гана айтысып қойған жоқ. Ол дәуірдің өзімен айтысуга, даңқ пен абырайсыздыққа толы үақытисен ымырасыз айтысқа тусуге қажыр-қайрат таба білді. Сойтіп, бұл айтысты женіп шықты!

Тез арада тауып айту, қыыннан қыистыру, көп салалы омірдің жәйттеріне сол сәтте үн қосуға қабілеттілік – жыраудың мейлінше шығармашылық ерекшеліктерін құрайтын қасиеттер. Жамбыл қолымен жазған жоқ, тілімен жырлады. Жасы ұлғайған кездің өзінде Жамбылдың жарқын ойлау қасиеті мен шығармашылық дүниетанымының толықтығын сақтай бінгені, сейтіп Казакстан үшін және

ШІЛДАНДЫРЫЛҒАН 17 8 7 6 2 7 5

біртұтас көпүллтты халық үшін мақтаныш сезіміне толы шығармалар, жалпы мемлекеттік және жалпы азаматтық әуендеңі өмірге әкелгені таңданарлық құбылыс. XX ғасырдың қырқыншы жылдарының өзінде-ақ ол патриоттық поэзияның асыл маржандарын туғызып, «Халық поэзиясының алaby», «XX ғасырдың Гомері» деген әлемдік атаққа ие болды. Ол Ұлы Отан соғысының сүрапыл күндерінде көркемдік деңгейі жоғары саяси поэзияның жаратушысы болды.

Ақындық-жыршылық сипаттағы өлең туындыларын Жамбыл Пушкинге және тынық Донның ұлдарына, Солтүстік полюсті бағындыруышыларға және испаниялық туысқандарға және қарапайым еңбек адамдарына бағыштады. Оның мәнгі жасайтын «Ленинградтық өрендерім» атты толғауы ақындық шеберлік пен әкелік жүректен шыққан даналық сөздің асқар шыңына айналды.

Соғыс жылдарында өмірге келген бұл туынды ұлы ақынның даңқын асқақтата түсті, оның есімін дүние жүзіне әйгілі етті. Ленинград қорғанысына қатысқан Всеивод Вишневский былай деп еске алды: «Біз бұл жолдауды қөзімізге жас алмай және қуанышты толку сезімінсіз оқи алмадық. Біз бұл хатты қуатты қолдаушы қүштің келгеніндей бағалап, қабылдадық. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, сүйіспеншілігі мен достығын жолдады, сөйтіп біз еселенген күш-жігермен шайқасқа аттандық». Белгілі жазушының бұл сөздері бұған дейін де әлденеше рет қайталанды және Жамбыл талантын құрмет тұтушылардың барлығы оның бір жарым ғасырлық мерейтойы жылында тағы да келтірілетін болады.

*«Ата-бабаң баяғы
Аян еді Жамбылга,
Тұсаулы қол-аяғы,
Аударылған ауылга», –*

деп жырлады Ленинград пен оның тұргындарына сөз арнаған даланың ұлы жырауы:

«Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындаі өлеңім,
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран өренім».

Біргүтас шаңырақ сезімі, тарихи тағдырлардың тұастығы сезімі – поэзияның ұлы ақсақалы бізге осындағы мұра калдырды. Интеграция идеялары, бірынғай әлеуметтік-мәдени кеңістік құру туралы ойлар күш алғып келе жатқан күнірігі таңда өзара түсіністік пен ынтымақтастық, өзара рухани баю және ұлттық мәдениеттің жалпы адамзаттық мәннелік құндылықтар осы заманғы маимүнмен толығуда.

«Жыр білмеген өмір де сүре білмейді» деген данышпан күнінде қалдырды Жамбыл. Біз жас мемлекетімізді орнату және шығайту мақсатымен әлеуметтік, экономикалық, құқықтық реформалар жүргізіп жатқан жылдарда белсенді мәдени құрылышсыз, Жамбылдың шығармаларының біздің көніміміз озінің ұлттық келбеті мен қасиетін қауымдастып түсестіруде біріге алады деу қысынсыз болмақ. Ендеше оның ғұмырындарын еске алып, бағалайтын, біздің бабаларымыз берілгенеріміздің Отанды көркейту жолында даңқты өмір үрісін бағалайтын болайық. Әрқайсымыз өз орнымызда белсенді жасамназ жаңа айналып, тарихты, мәдениет пен орженнегі дамығаттын болайық.

Бұғаннан әркайсынан дүлдүлінің ұлан асыр тойы – егемен сипириң мекендейтін халықтар достығы ынтымақтының тойы, халықтың озінің ұлы перзенгінес деген зор құрметті мен шынайықтың ықыласының шынайы көрінісі.

Жамбыл мерсейтойына дайындық ұлы ақын шығармашылығына терең бойлап, Жамбыл поэзиясын танумен истиасын жатты. Ал ұлы бабамыздың басына барып, талантты орнандаріміздің ақынның биік рухына тағзым етуі қандай сүйінінгі. Осы күндері еліміздің түкпір-түкпірінде өткізіліп жатқан ұлы Жамбылға арналған кештер, поэзия жиындары, жастар мен онерпаздардың өнер сайыстары, ақындар айтысы

ертеңгі күндері жалғасын тауып жатса, ұлы ақынға деген құрметтің шынайы белгісі сол болар еді.

Ұкімет қаулысы ауқымында Жамбыл мұражайы мен мавзолейі жаңғырып, мәдениет үйі, мектеп құрылды жүргізіліп, ақын ауылшының архитектуралық келбеті өзгерді. «Жақсыдан – шарапат» – дегендей, бұл атқарылған істер халықтың діттеген жерінен шығып, жұртшылық игілігіне жарауда. Бүгінгі той көптікі, абыройы халықтікі. Жамбылды құрмет тұту – қазақ халқының биік рухына, Қазақстан халықтарының патриоттық сезіміне деген құрмет деп ойлаймын.

Ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар тарихи да мәні бар екенін естен шығармайық. Біздің бүгінгі ісімізге қарап, ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның XXI ғасырға қалай кіретіні, ұрпақтарымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны осы отырған бізге байланысты. Бүгінгідей шалқыған қуанышты құнде біздің асылымызды дөп басып, ұлы жырауға жоғары баға беріп, Жамбыл күндерін атап өткен туысқан Өзбекстан, Қыргызстан, Түркия және басқа да елдердің, туған еліміздің әдебиетсүйер зиялды қауымына зор ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Жәкең – туған халқының қүнгейі мен көлеңкесін тарихи талғам тараразысына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Халық тағдырының құллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білгендейткен, «халықтан шықкан дана ақын» деген атақта ие болған. Бұл – шындал келгенде, халықтың дара туған перзентіне берер ең жоғарғы бағасы.

Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман түрганда, адалдық пен адамдықтың, әділліктің пен ізгіліктің жыршысы – Жамбыл да мәңгі жасай бермек. Бүгінгі ұлы той – халқының Жәкеңе деген шексіз сүйіспеншілігінің бір көрінісі.

Жамбыл мәңгі жасай береді. Біздің алдымызды жаңа

шыктер, жаңа мақсаттар түр. Енді үш-төрт жылда XXI ғасырдың табалдырығын аттаймыз. Бұл жаңа ғасыр Қазақ тарихындағы ерекше бағытты, өсу, кемелдену ғасыры болады деп көміл сенемін. Қазіргі саяси, тарихи жағдай бұған тонық кепілдік береді. Соған орай, XIX ғасырда дүниеге келген, XX ғасырда ұлы ақын ретінде әлемге танылған Жамбыл осы жаңа XXI ғасырда да өз халқымен бірге жасай берестіні анық.

ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСТАҒЫ ӨНЕРІ

*(Жамбылдың жұз жылдық мерекесінде
жасалған баяндама)*

Жұз жыл өмір кешкен ақында неше жұз жылдар өнері мен шеберлігі түйісін. Жамбыл ақындығын түсіну үшін, оның ауызша айтқыш, айттықшытығын талдап ұғыну қажет. «А» десе «мә» дейтін шапшаң айтқыш, «суырып салма» ақын болған жаратылысын зерттең, бойлап ұғыну керек. Халық бұл алуандас ақындарға «суырып салма» ақын деп атақ берген. Қынаптан қылыш суыргандай жалт еткіш, отты, өткір өнерді айтқаны. Біз бұны ақпа ақын, төкпе ақын десек жарайды. Айттық шеберлік жалпы ақындық өнерінің, тіпті барлық әдебиет өнерінің өзгеше бір биік сатысы. Ал, ақындық өзі не? Егер ол өзгеше көрегендік, сезімталдық және сол көрген мен сезегенді сырлап, күйлеп айта білгіштік болса, жаңағы ақпа ақын сол көрегендік, сезігіштікті шымыраған шарқына жеткізеді.

Шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға мензес. Түрпидан томағасын тартқанда алғыр қыран бар өнірді сэтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін лезде шалып қалғандай, айттыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмексіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт.

Бұл қасиет ақынға оңай орнамайды. Аса бір ерен шыққан, жалын аткан дарынды жас болмаса, көпшілік шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де, ұзақ сонар сын кешіп, сан айттыста сілкісе жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып жетеді. Бірақ, жеткен өнер сатысынан ақын шегінбейді, зымырай береді. Дерт женбесе, жыл-жылдар женбейді. Ол әсерді де кемітпейді. Тегінде дене қартаяды,

ақындық қартаймайды. Осы айтылған сыйпаттар Жамбыл онында түгел бар еді.

Алып ақынның жұз жыл өмірі, жұз жыл бойында, сарылған сайын шыныға түскен шар болаттың бабындаштырылап толысып, түрлене түскен ақпа ақын өнерінің оғаше бір есү өмірі болатын.

Біздің баяндамамыздың тақырыбы Жамбылдың айтыс шебері, ақпа ақын болған өнері жөнінде. Бәрімізге де мәлім, Жамбыл айтысқа жас бала күнінен кірісіп, мөлшері 70 жасына шейін белсене түсіп жүрген. Ал, бірақ соңғы отыз жыл ішінде есқі мерзім бойынша, кей замандастарымен оқта-текте әзіл ретінде аз қағысып өтікен болмаса, шынайы үлкен айтысқа, ақындардың өздерінше айтсақ, «сүре» айтысқа араласпайды. Аға ақын Жамбылды кейінгі буын ақындары ол сайысқа салмай, сыйлай, сақтай жүреді. Бірақ ақынның ақпа-төкпе корікті, кемел жыры соңғы отыз жыл ішінде бұрынғысынан лами түседі. Социалистік отанның аскар жыршысы болған дәуірінде тіпті құлаш ұрып, шарықтап дамиды. Жә, олай болғанда, кейін Жамбылдың әлемге даңқын шығарған ұлы жырларына бұрынғы айтыс ақыны болған өнерінің жалғасы, қатысы бар ма? деген сұрақ туады.

«Өнердің өзін бағалағаның шын болса, төркінін, тегін алдымен таны» десе болады.

Сөйтіп, бұрын айтысқа түсіп, ақпа-төкпе жыр туғызып жүрген Жамбыл бертін келіп Советтік дәуірді әсем жырлаған Жамбылдың алдыңғы сатысын, әзірлік дәуірін танытады дейміз. Рас, бұл әзірлік дәуір, ұзақ дәуір болған. Бірақ сол ұзақ дәуірде ақын неше саты мектептен, неше дүркін дайындықтан шынығып өтеді. Сонда айтыстың кейінгі жырларына ақындық түр, нәр беретін екі жағы бар еді. Бір жағы – жақсылықты (яғни ақынның өзі жақсы деп сүйген, сүйсінгенін) шаттана шалқып, көріктең, айшықтай жырлайтын жағы. Екінші жағы – ақынның жек көргенін, жириенгенін құнарсыз біліп, аластаганын жерлей, кінәләй ажуалап, масқаралай жырлайтын жағы болатын. Бұл сөзің алғашқысының мысалын Жамбыл Құлмамбетпен айтысқанда былай түйіп тастайды.

*Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам.
Басымнан сөз асырман! –*

дейді. Екінші түрлі жырды 1913 жылы «Өстепке» деген өлеңде болыстарға айтқан:

*Ұлық көрсөң ұйлығын,
Желді күнгі қамыстай,
Жапырылып иілдің...
...Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйынтың,
Қор болмаймын өлгенишес,
Өлеңіме-ақ сыйындым! –*

деген соңшалық еңсесі биік, арлы сыншы, ашулы сезінен байқауға болады. Әрине, Жамбыл бұл сапалы санаға бұрынғы құннің өзінде де бірден жеткен жоқ. Халық ақыны Жамбыл ел өнерінің бөлеуінде, алтын бесігінде өскен. Әсіреле, ел бұлағының қайнар бір көзінен, мөлдір бір тасқындан туған. Осы орайда Жамбылдың алдындағы ақындарын, тұстас, тұрғылас ақындарын еске ала кету шарт. Алдыңғыдан Жамбылға ең жақын ақын Сүйінбай болса, ол туралы Жамбыл:

*Мениң пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маган тартқан сыйындаі.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындаі, –*

деген. Бірақ Жәкен бір Сүйінбайдан ғана оқып қоймаған. Қазакта бұл өнірде сол тұста атақты, дәүлескер ақыннан: Майкөт ақын, Жалайыр Қабан ақын, Бақтыбай ақын,

Құланаяқ Құлмамбеттер бар. Сүйінбай бастаған осы үштөрт-бес ақынның және кейін Жамбылдың да, бәрінің де қырғыздың халық поэзиясымен көп жақындығы бар болатын. Ал, қырғызда бұл тұста атақты манасшы дастаншы, даңғыл жомоқшы мен жыршыдан Балық, Тыныбектер, Қалығұл, қатаган, Арыстанбек, Найманбайлар бар. Және Жамбыл түрғылас Қалмырза, Шойке, Сағымбай, Қара Ырши (Жақшылық) сияқты нелер ірі, ақпа-төкпе ақындар бар-ды. Сүйінбай, Жамбыл осылардың арғы-бергісінің бәрін жақсы біліп, көбімен қатар жырласып жүрген. Бұлар халық өнер дәстүрінен үлгі алғанда қазақ, қырғыздың қатар қазынасынан бірдей үйреніп өскен. Жапсарлас екі туысқан ел арасында өскендіктен екі енеге тел төлдей, екі бірдей халық анаға – тел ақындар болады. Ал қазақтағы Жамбылдың өзі тұстас ақынның осы Жетісуда, әсіресе, Үйсін ішінде болғандарын алсақ та талай санлактар шығады. Дулатта Жамбылдан жасы үлкенірек Сарбас, Албанда – Құлмамбет, Қалабай, дәл тұстасы – Ыстыдан шыққан Қуандық, Қораластан шыққан – Қожантай, Жалайыр – Досмағамбет, Тілеуқабылдан – Әмір ақындар бар. Осылың бәрі де атақты жыршылар болған. Бұл саналған екінші буын бір топтан басқа Жамбылдың өз елі Шапыраштыдан шыққан, оның ішінде бергі атасы Екейден шыққан ақын саны, әсіресе мол болады.

*Екейде елу ақын, сексен бақсы,
Айқымда алтыс ақын, тоқсан бақсы ... –*

дайтін Шыбыл шал айтқан әзіл өлең бар. Немесе бертін келе тағы қосқан:

*Екейде елу бақсы, сексен ақын
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын,
Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гүлейді жын қаққандай кешке жақын, –*

Дайтін шақпа, ажua сөздер ақын мен ақындықтың

молдығының қуәсі. Сүйінбайдан бері қарай созылған Жамбыл айналасына келгенде, әсіресе, қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өлең бар. Сол көп ақынның ішінде толып жатқан қыз-келіншек ақындар өзі бір алуан. Ал, әйел ақынның бар қазактағы меншікті жанры айтыс болатын. Ол да жасынан бері қарай Жамбыл қаржасып өскен ортанның айтысы мол болғанын анғартады. Ертеде Сүйінбаймен ұланғайыр айтысқа түскен Күнбала, Жамбылмен айтысатын Айкүміс, Сайқал қызы, Бөлектін қызы – бәрі де айтыста сан ақыннан, сан топта озып, жүлде алып жүрген ақын әйелдер. Өз маңайындағы көп ақын өзінде Жамбылдың қызыға кәдірлітін ақындары Қысыбай мен өз құрдасы Тілеміс сияқтылар да болған.

Біз әлі Жәкеннің ақындық өмірін, әсіресе ақындық ерекшелік сыр-сымбатын жете білгеміз жоқ. Аз білеміз. Өйткені, революциядан бұрынғы ұзақ өмірінің мол ақындық мұралары бізге жетпей, көбінше жиыла алмай отыр. Осы жөнінде соңғы жылдар ішінде Жамбылдың ескі өлеңдерін көп жазып алып, бағалы еңбек сінірген әдеби хатшысы Ғали Ормановтан¹ басқа тағы бір зор еңбек еткен кісі жазушы-ақын және Қазақ академиясының ғылыми қызметкері Сапарғали Бегалин². Біз жаңағы келтірген мысалдардың көбін, дәл деректің бәрін қазір сол Сапарғали Бегалин² жигін материалдардан алып отырмыз. Бегалин жаңағы біз санап өткен Жамбылдың алды-артындағы ақындардың көпшілігі айтыс ақыны болумен қатар, ірі дастаншы, төкпе ақындар болғанын да айтады. Жамбылда да осындей екі жақты, екі алуан қасиет толық болған. Бұ да кейін социализм дәуірінің ірі қайраткерлері туралы әсем дастандар толғайтын Жамбылдың, бір алуан ақынның әзірлігіндей.

Ал, жалпы айтысты алсақ, бүгінде Совет Одағында үш елде толық сақталғанын көреміз. Ол – қазақ, қырғыз, қарқалпақ елдері. Қазақ ішінде әсіресе бұрынғы ұлы жүз аталған бөлімінде және Сыр бойының елдерінде нағыз көп айтылған, көпшілік айтатын фольклор түрі көп, толық сақталған. Жамбылдың өзі жүрген ел ортасын анғарсак,

шілті жүздегі Жамбылдан бері қарай, бар буынның ақындары дар. Ең соны жиырмада жана жеткен, қыз-жігіттін арасынан шашын отырған айтысқа жүйрік жастар бүгінге шейін де колхоз, әр ауданнан табылады. Қырғыз, қарақалпақта да айтыс үлгісі осы күйде. Бірақ осы айтқандарға қарап жашы айтыс өнері ерте күннен де тек осы үш елдің ғана өнері еді десек, адасамыз. Анығында бұл түр дүние жүзі мәбиеитінің әр дәуірінде, әр алуан елдерде болып өткен. Осірессе, қазакта «суырып салма» ақын, ақпа ақын дейтін шашашаң айтқыш ақындар орта ғасырда шығыс, батыстың көп елдерінде, орыс халқының ескілігінде де болғанын кореміз. «Импровизатор» дейтін атауымыздың өзі де солардан қалған. Осылардың арасынан айтыстың дәл өзін үстәнған – арабта мұғаллақаттауды тудырушылар бір алуан. Ал, батыста кельттің фильдері, терістік Франциядағы – груверлер, орталық Европадағы мейстерзингерлер, орыста кейде скоморохтар, скандинавия елдерінде болған эддаларды жырлайтын скальдылар – көбінше айтысқа жүйрік ақындар екенін орыстың атақты ғалымы академик А.Н.Веселовский баяндайды. Дәл осы топтың қатарында мейстерзингерлер, кейде дәуірлерде, шеркеу ішінде дін тақырыбына арнап талай айттыстар жасаған. Бұнысы Шөже мен Кемпіrbай айттысында бізде де айқын көрінеді. Әуелі әлемнің, адамның, жаратылысты жұмбак-сұрақ етісіп кеп, артынан Шөже «уаттури уәzzәйтүни» деген аятың магынасын шеш деп, Кемпіrbайға сын қояды да, Кемпіrbайды соны шеше алмағандықтан женеді.

Қазақтың айтыс ақыны мен дастаншы жырау ақындарының арасындағы айырмасы аз болатын. Өйткені үлкен жырау айттысқа да жүйрік келеді. Найман ішіне келіп бір күнде он жеті ақынмен айттысан Жанақ сол жолдың өзінде «Козы Көрпеш – Баянды» жаңадан, тыңдан жырлап шыққаны көпке мәлім. Ал айттыстың Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл сияқты ірі ақындары екінші жағынан ірі дастаншы ақындар болғаны да мәлім. Сөйтіп, ақпа ақындар өнері шын талантты жыршының тұсында сол дәуірдегі неше

алуан көрікті өрнектер туғыза алатынын көреміз. Жалпы алғанда, ақпа ақындар дүниелік ең ірі эпосты туғызушылар болады. Жәкендер өнерінің бір қанаты сол сыппатты болады. Дүние жүзі әдебиетінде көне гректің өздеріндегі, немесе Европадағы труверлер, фильтер, мейстерзингерлердегі елінің эпосын да, айтысын да туғызған. Сондықтан да одак елдерінің ішінен шыққан, ең алғаш өз көзі көрген ақпа ақын Сүлеймен Стальскийді тындаған жерде А.М.Горький «Біздің заманымыздың Гомері осы» деген. Сондағы Гомер деп атандырғанының ішіне Жамбыл толық қосылатында дау жоқ.

Міні, сол Гомерлердің бір тобының еңбегінен Илиада, Роланд жыры, Эдда, Калевала, «Алпамыстар», Кольцо Нibelунгов, Илья Муромец, Скандинавия елдерінің сагалары туса, орыс халқының тарихи жыры, асыл қазынасы «Игорь полки туралы сөз» де туған. Тағы бірлері сол дастандарды ауызша жырлап таратып, халыққа тәлім-тәрбие беретін өнер таратқан. Көркем қазынаны сақтап, сақтатып, буыннан буынга өнеге қалдырып отырған. Жә, сол неше ғасыр, неше халықтардың неше алуан боп аталған ақындары ауызша жырлағанда нені жырлаған? Ең алдымен олар ер қайратын, ер азаматын қадыр тұтып жырлаған. Ел ауыртпалығын, ерлік қасиетін, қызық бақыт елесін, арыдағы арманын, заманына айтқан сын назын, наразылығын жырлаған. Жарыса жырлаған. Бірінен-бірі асу үшін өнер шеберлеп, ауызша жырдың көркемдігін асыруға тырысқан. Білімге жүйріктік, тапқырлық, жүйеге жүйріктік, сөзге байлық, үлгілі білістік, өлең шеберлігі – бәрі де жарыстарының өрісі болған. Міні, сондай көп ақын, бірақ атсыз ақындардың ертелі-сонды өткен ата, бала, немере буындары дүниеге, тарихқа ұлы жырлар қалдырған. Біздің Жамбыл да солардың алдыңғы қатарындағы бір буын, бір тұрғы ерекше ақын еді. Бұ да өзінің «Өтегені», «Саурық», «Сұраншысы», өзі айтқан «Көроғлысы», «Манасы», «Шорасымен» атсыз ақын болып кеткен болар еді. Бұған ат берген қартайған шағы, сол шағында оны жетістірген заманы – социализм заманы.

Ікінші бір ырысы – бұның халқында сол ауызша ақын өнері соңғы заманға шейін өшкен жоқ еді, дәстүрі жойылмаған, тозбаған еді. Әсіресе Ұлы жүзде солай еді. Жамбылды сол халқы, сол ортасы кішкентай бала күнінен тәрбиеледі. Тегінде айтыстың ауыр түрімен қатар оңай түрі де бар, ол «қайым» айтыс. Бұл айтысты жаңа үйрене бастағандарға, жақтарға арналатын түрі. Ол бастауыш түр болса, содан әрі ауыр түрі шығады. Ақын Нұрпейіс қартпен айтыс жеңінде сойлескен әңгімелерінде Есмағамбет 3 бұрынғы ақындар үғымынша «туре айтыс», «сүре айтыс» деген оңай, қын екі түрлі айтыс барын баяндайды. Жамбыл да сол қайым айтыстан, яки Нұрпейіс айтқан түре айтыстан бастап, сүре айтысқа шейін өсті.

Сонда, бірақ Жамбылдың тобынан өзгеше даралық бір сипаты бар. Социализм дәуірінің ақыны болатын Жамбылдың ішкі сырьы, нәрі сонда. Осыны үғыну үшін Жамбылдың айтыстарын еске алу керек.

Ол Құлмамбетті немен жеңеді, Сарбасты неден жеңеді. Дос-мағамбетті немен токыратады, аяқталмай қалған Шашубаймен айтыста немен күшті?

Құлмамбет Жамбылға соқтыққанда:

*Болғанда жол агадан, тон жағадан,
Арлан бөрі согады тау сагадан, –*

деп, қара борандатып кеп, Албанның көптігі мен байлығын айтады. Жамбыл соған орай өзінің халық мұңшысы екенін танытып:

*Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сараңдар толып жастыр,
Оны мақтап шалықпай жөнінде қайт, –*

деп бір тойтарыс береді де, өзінің арманы не екенін танытады.

*Берекелі елді айтам.
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөз асырман, –*

дейді. Осыдан кейін Жамбыл халыққа қадырлы асыл азаматы боп, заманының зор адамдары бол батырлардан шыққан саналы ерлер – Сұраншы, Саурықты жыр етеді. Бірақ Құлмамбет бұған тоқтамай, тағы да байлығын айтып кеп, оның үстіне Саурық пен Сұраншының өлімі арқылы Жамбылды табалағысы келеді:

*Секеңдеген серкенің ажсалы деп,
Саурық пенен Сұраншының жаудан өлген, –*

дейді.

Айтыста жеңу мен жеңілу өлең таппағанан тумайды, жүйеге, жолға жеңілуден болады. Құлмамбет жақағы сөзімен өз өкімін өзі айтып, сағағынан ілінеді, қазасына жетеді. Оның қазасы мен үкімін Жамбыл айтқанда, былайша тойтарып түйеді:

*Батыр Саурық Сұраншы жаудан өлген,
Халқы ушін шәйт болып жсанын берген,
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Қоқалық қып кетті мем максұт ағаң
Ағайынмен ұрысып даудан өлген.
Шапырашты Дулаттың бәрі күә,
Шытыр жесеген өгіздей аунап өлген.
Мақтаған байларыңың оңғаны жсоқ,
Төрт бұрышын төңіректің жасалман өлген, –*

деп, Құлмамбеттің қанатын осылайша жүйеге жығып, қырқады. Сарбаспен айтысында екінші бір зор сапаға ауысады. Онда Жамбыл үш кезең жауап айтып, Домалак, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы үш тамаша дастан жырлап шығады. Ұзақ жауабын түйе келгенде:

*Көп Дулаттың баласы,
Рас сенен аз едім.
Аз да болса батыр ем
Топты жерге барғанда,
Саулап тұрған сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп оқталған,
Көкберен болат кез едім, –*

лесп, елдіктің ішінде елдік барын айтады. Сапалы елдік, кор боп кешкен көптік пен барлықтан, намысты, қасиетті болған аздықты артық дегізеді. Бұл ақынды да Жамбыл жеңгенде арманы зор, алысты қоретін қасиетті адамгершілікпен, зор халықшылдық қасиетпен жениді. Бұны да жүйеге жениді. Және сонымен қатар білімге де жениді. Ақындық сынының бір қанаты білімділік. Бұл жерде Жамбыл сол сапасымен де озып, ағалап шығады. Ол көп алдыңғы ірі ақындардың сүре айтыстардағы ірі дәстүрі еді. Сол өнерін Досмағамбетпен айтысқанда Жамбыл және де ағыл-тегіл төге көрсетеді.

*Пірім бар жыыр посерін аспанға атқан,
Сүңқардаі саңқылдаган ер Сүйінбай, –*

деп, бір кетіп, өзге де өзінен бұрын өткен ірі ақындардың аттарын атап кеп, солардың ішіндегі өнерпаздарын санайды.

*Ілгері Шөжесе, Балта заманда өткен,
Асекең, Бұқар жырау арманда өткен,
Солардың әруағы маган қонып,
Ел мұңын жырмен төгіп нөсерлеткем! –*

деп, өзінің ел мұддесінің, елдік мұратының жолындағы ерекше саналы ақын екенін танытады. Досмағамбет молда ақын еді. Оның сол молдалығын Жамбыл халықты қанағыштық, құлқыны жамандыққа сайып, мазақ етіп, жерлеп кетеді.

*Молда емессің, сиқырсың,
Зікір айтып зарлаган,
Жаназа оқып өлгенге,
Підия алып жалмаган.
Шаригат жсолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты,
Көзді жұмып алдаган.
Кедей өлсе үйіне,
Күніреніп бармаган.
Аттана шауып бай өлсе,
Қирагаттан Құранды,
Күні-түні сарнаган, –*

деп, құнарсыз молдалыққа жалғасқан нәрсіз ақындық сиыр жорғалықты қабат түйреп, төңкеріп кетеді.

Міне осы айтыстарының бәрінде де Жамбылдың айтқыш ақындығынан басқа азаматтық сапасы да бөлек жатады, өзге татымсызды мақтағыш, ол арман етпейтін ақындардан иығы асып, өктем шығып отырады.

Бар айтысында Жамбыл ел қорғаны болған азаматты арман етеді. Ел бағына туған ұлы азамат шықса, ел көзіндегі жасты тыйса екен, қиял мекеніне жеткізсе екен, жана күн туса екен дегеннің арманы. Ол арманның екінші жағы, өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы-молдаға, төре-тілмашқа, болыс-биге ызалы, кекесінді болу. Құлмамбеттің байларын, Сарбастың жуандарын, Досмағамбеттің дін үгітін, Шашубайдың Байбұландаі сәудегерін, Бақия, Барлыбектей шенді төрешіктерін Жамбылдың кісі құрлы көрмейтіні сол.

Осындай, алысты арман еткен, өзгеше келешекті көксеген Жамбыл Октябрьге жетті. Лениннің ұлы тұлғасын алыстан таныды. Өзінің шығармаларында көне ақындық арманында аты белгісіз болып жүрген алыптарын, ұлы адам алыптарын көрді, көрді де жана туғандай жайнап қуанды.

Кейінгі Жамбыл айтатын көп елеңнің болашақ сипаты айтыста жатады дедік. Ең әуелгі сипаты осы баяндаманың ең басында айтылған көрегендік пен сезгіштік. Жамбылда тез жер тану бар, дүниені қырағы алғыр көзбен лезде шолу бар.

Социализм дүниесін де тарих тұрғысынан, өз өмірінің жүз жылдық тәжірибесінен, ой-қиялының даналық тұрғысынан қарап, Жамбыл тез сезініп, тез таныды. Содан ары, бұрын ер азаматтың асылын куана жырлап, танымдыны, ардақтыны аспандатып шалқып жырлап, Құлмамбеттерді басатын, айтыстағы асқақ ыргағына басты. Өзіне қанық, анық, даңғыл турді алды да, соған жаңа мазмұн, социалистік мазмұн, халықтық мазмұн косты.

Тарихтардан, буындардан ұлы шындықты іздеген, халық арманының жыршысы ұлы шындықтың өзіне жеткенде, өзге ақындардан соны бұрын таныды. Шын шаттықпен жырлады. Бұл алысы емес, жүрегіне жақыны еді, жатырқайтын, тосаңситын бөтені емес, өзек жарған өзі еді. Жүрегінде осындағы ұлына сактаған асыл сөз, кезегін күтіп, кесек гауһардай көптен ұялап, орнап жатыр еді. Сол жылдар, соны жырлар гауһары атaldы, ширатыла шалқып енді шықты. Енді Өтегенді, Сұраншы, Көроғлыны бейнелеп жырлап жүрген асқақ әсем жыр бұрынғысынан да жайнай шығып, шарқ ұрды, шығанға шықты.

Кейін Ұлы Отан соғысы уақытында ел өлкесін қатер жаудаң қорғап жатқан ер халқына, герой ұлдарына тәкпе жырларын ескенде, Жамбыл тағы да сол өзінің шыншыл жүрегінен, халық жүрегінің соғуы мен толқуын тауып, әсем саз созды. Бұнда Жамбыл тәкпе ақын, сүре айтыстың тәкпе ақыны еді.

Осы соңғы дәуірдегі жырларының екінші саласы жауға арналған ашы зәрлі, ызалы мысқылды, жиреніш жыры болса, ол да бұрынғы айтыстан өз төркінін табады. «Шытыр жеген өгіздей аунап өлген» дейтін Мақсұт тұрасындағы ызалы құлкі кездейсоқ емес-ті. Жақсыны қексеумен қатар, жамандықты, зұлымдық, сорақылықты көргіш, сезгіш ақын бұрын оларды үнемі әшкерелеп, жазалап жүрген. Бұнда Жамбыл түре айтыстың ақпа ақыны. Көреген, сезімтал, от ауызды айтқыш ақын. Ашуына, сынына кезіккен кісі ажалына кезіккендей болатын. Сол мінді көргіш, көргенін қолма-қол әшкерелегіш, жерлегіш, сөзі шоқтай күйдіріп түсетін Жамбыл бұрын талай Мәңкедей болыстарды масқаралаған-ды.

*Жаңгойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді,
Екі арада ептеп жерінде,
Көздерін қысып келеді.*

Исадай парақор жеміт тілмаштарды да сау тастамаған.

*Болысқа жсолдас болды песір деген,
Жігітке жарамайды кесір деген,
Екейді қаңғып келіп, Шыбыл жесіді,
Құдайдың уақыты шыгар жесін деген, –*

деп әшкерелейді.

Тағы бір кезекте, Меке жолында қасына еріп барған Тәйті5 өлгенде соның пұлын жеп қойған Шыбылдан шыққан Сауыrbай қажыға:

*Мекеге біреу барса, Шыбыл барсын,
Шыбылдан басқаң барсаны шығындарсың.
Кебінің өлгендердің жиын алып,
Барғанда қияметке шарылдарсың, –*

деп әшкерелеген болатын. Сондағы турашыл, зілді, ашулы ызғарын Жамбыл кейінгі дәуірдегі халық жауына, ел, отан дүшпанына немесе күндегі тірлік, күндегі құрылыш, болмыстағы үлкенді, кішілі зиянкеске, не тоғышар жарым естерге оп-онай жұмсайды. Бұл жөнінде қалт еткен мінді қылп еткізбей бас салып, сара тіліп, сорлатып шығаратын айтқыштық қазақтың Жамбыл алуандас ақындарында аса көп болған. Дәл Жамбылдың замандас, үзенгілес ақындарының өзінің ішінде де осылай айтатын талай акты-бозды сан жүйрік айтқыштары көп болған-ды. Жамбыл олардың көбімен үнемі қағысумен, қаржасумен өскен.

Жамбыл ақпа-төкпе ақын еді. Төкпелік ұзақ сүре үлкен толғауда шығып кетеді. Онысы бұрын бірде Өтегендей, Сұраншыдай үлкен эпос туғызып отырса, бірде дәл келелі сүре айттыстың өзінің үстінде Күлмамбет, Сарбасқа Сұраншы

тарихын поэма еткізгендей ұзак сүре әңгіменің жыр желісін тапқызып кетеді. Кейде ескі труверлер үлгісінде – Домалак ластанында тамаша көркем (Сарбаспен айтысында) аныз поэманы толғап кетеді. Кейде сол сүре айтыста Досмагамбетке айтқандай дін үгітшілеріне қарсы құлдіргі мысқыл әңгіме тізіп, соған төкпелеп кетеді. Сүре айтыста бұл кезекте Жамбыл Европада болған «Фабльо» үлгісін туғызып отеді. Шашубаймен айтысында Байбұлан туралы мысқыл әжуаның төбеден түскен жәйдай жайратқыш бір отын атады. Бұндағы Жамбыл гротеск, шарж, мысқылдың неше атасын тапқандай. Қадалған жерінен қан алмайды, жан алады. Мазағына ілінгеннің басына қарай қаптағанда, қатты соққан құйындай үзігін, туырлығын желпілдете түңлік ұшыра соқтығып, ыршытып түсіреді. Оқтай өтімді күлкі табады. Іүл ретте әр теңеуінің өзі, жай ақынның жайшылықта қүн толғанса таппайтын, аузына түспейтін дәп теңеулер болады. Сондай ызалы сайқы мазақта, ажуада, мысқыл, қалжында Жамбыл тапқырлығы елден ерек. Жамбыл «Өлең ие құлдірмесе, не жылатпаса – өлең емес, нәрсіз сөз, зәрсіз оқ есепті» дейтін. Сол сипатының бәрі Жамбылдың өзінде бар еді. Жамбыл суретші болса шарждың, пьеса жазушысы болса комедияның, гротесктің барып тұрған шебері болар еді.

Жамбылды білген кісінің бәрі байқаған бір ерекше өнері кешегі, бергі күнгешейін өле-өлгенше Жамбылақындығының бір зор айқын сипаты болып, үнемі ере келді. Ол шапшаң айтып тастайтын, тез көретін ақпа ақындығына қосымша озгеше бір өткір әзіл айтқыштық еді. Соңғы кезге шейін қасындағы жақын адамдарына, үй іші, үстел айналасында, от басында отырып айтып тастайтын әзіл-қалжындарының өзі де Жамбылдың үлкен ақындығын танытады. Ақпа ақын кейде өлеңмен, кейде жай сөзben не өзі туралы, не өзі тәуір көрген ақындары туралы мысқыл айтатын.

Өзінің қартайғанын өзі қалжың етін:
Сақалым темір күрек борға малган,
Селеудей шашым селдір зорға қалған.

*Аузыма ақ жабагы жасасырғандай,
Кәрілік немді қойды қорламаган, –*

дейді. Осындағы әзілді іні ақындарына да жиі айтады. Жәкеңнің жаратылысын тану үшін ол сөздер кейінгіге аса керек, қымбат бұйымдар болғандықтан, кейбір ақын інілеріне, жақын жандарына Жамбыл айтқан мысқыл қалжындарын еске алайық.

Мысалы, Өмірзаққа бір күні Жәкен: «Тасқа жусаған тау текенің сақалындағы, немене сақалың шошаңдағы кеткен» – дейді. Тағы бір кезекте «Басын ұнға тыққан қара мысық сияқты бопсын», – дейді. Кененге шашы ағара бастағанда: «Басың немене тұз түйген келсаптың басындағы боз ала боп кеткен», – дейді. Есдәulet ақынға: «Суықтөбенің суыр аңдыған қоңыр ала бүркіті құсап, қопайып қайдан келдің?» – дейді. Орынбайға: «Бұрын да дауысты емес едің, тап тауқұдырет сияқты болыпсың гой», – дейді. Эрі ақын, әрі балуан Мақыш демін аузынан алады, зор денелі кісі, соған: «Көкпек жеген түйе сияқты демін аузынан алған неме», – дейді. Жартыбай ақын туралы: «Суыр сияқты әрі жалтақ, әрі бақырауық», – деп бір айтса, тағы бір кезекте: «Асыранды жапалақ сияқты», – дейді. «Кейде жау жапырақ сияқты қалтырап тұрады» – дейді. Шыныбай деген жігітке: «Қисық өскен картошқа сияқты», – дейді. Өз баласы Аққұлыға: «Інірде ұшқан қара қоңызға ұқсап дарылдаған неме!» – дейді. Ағайыны Әбіл деген жігітке жылмаң мінезі үшін: «Судағы май қоңызға ұқсап жылпылдаған жігіт», – дейді.

Міні осы алуандас мысқыл қалжындарды Жамбыл інілеріне, тіпті келіндеріне шейін де түгел айттып отырған. Бұларының берінің өзгеше ерекшелігі құр күлдіргілігінде емес, құр ғана шапшаң байқағыш, көргіш, лезде айтқыш акпалығында емес. Соның берін көрсете, таныта отыра осы қалжындарының өзі де бізге ерен шебер ақынды танытады. Ақындық теңеу тілімен сөйлейді, ұғым тілімен сөйлеуді екінің бірі біледі, бірақ оны келістіріп айтқан күнде де ақындық демейміз, шешендік дейміз. Тек шын ақындық қана көнілге қона кететін теңеу, бейнелеумен сөйлейді.

Айтқанының, ұқсатқанының дәлдігінен қашып құтыла алмайсың, жалтара алмайсың, тап басады. Ол ақындық үлкен жырда бір танылса, бір-ақ ауыз елеңмен де солай танылады. Біз көріп жүрген ақындарымыздың ішінде дәл осы жөнде Жамбылдың теңдесі жоқ болатын. Түре айтыста балта сабы жерден «ұрып таста» дегендей дүрсे қоя беретін тапқыр кәрі тарлан елден ерек шығатын. Кейде білімді үнем созарлықпен, азаматтық зор саналы арманмен озып отыrsa, кейде, кейбір қарсыласын лезде мінін тауып, осылайша тобыққа ұрып, талмау жерден бір-ақ қағып, түсіріп кетіп тарта беретін.

Жамбыл ақындығының бұл қасиеті де теңең айтқыштық сипатымен, ақынның кейінгі ұлы жырларына ерекше зор көркемдік қосқан. Естен кетпестей әсем айшық бітіріп отырған. Айтыста кейде мысқыл ажуаға келгенде, аузына шапшаң оралатын тапқыр теңеулер, бергі, ескек, терең жырларында ұлы адамның кеменгер дана бейнесін сүйсіне жырлағанда да, нелер көрікті теңеулер туғызады. Теңеулері ұзақ толғап кеткен жырының өзінде де тауды, теңізді, күнді, айды, барша әлемді лезде кездіріп шығады. Ешбір ақын айтып кормегендей сөз маржандарын, маржандары емес, меруергітерін тез тізеді. Осында, әрі ауызша шапшаң айтып, әрі ұзақ төкпе жыр қып ең жауапты тақырыпты оңай айтып отырған Жамбылды көреміз. Ерекше шабыты мен дарыны бар алғып ақын бұрынғы ақпа ақыннан, айтыс ақындығынан ала келген, төсөлген шеберлігін көсілте сермен отыр.

Міні, айтыс өнерінің ақты-бозды жүйрігі, ұлы одактың кәрі, жасы, бар буынын, бар оқушы, тындаушысын үйитқан ұлы өнерінің желісін, солайша арыдан тартып келген-ді. Үлгісі мен мектебі алыстан, халықтан, халықтық қалың қазынадан. Сол шыныққан шеберлігіне сай шабыт пен нәрді, мазмұн, маңызды – ұлы дәүірі – социализм дәүірінен алады. Халық даналығы, шынайы халық бағы орнаған шақта, осылайша шарықтап, әлемге әйгіленгенде, осылайша әйгіленген болатын.

ӨЛЕНДЕР

ШАҒЫМ

Шып-шып етіп молданың
Қолындағы тобылғы,
Қозғалтпайды жонымды,
Талай дүре соғылды.
Торсылдатып танадай,
Жыртар болды тонымды.
Тілің аңы бала деп,
Қайнатты әбден сорымды.
Оқымай-ақ кетейін,
Байламаңыз жолымды.
Алдыңыздан өтейін,
Не жазып ем сол ғұрлы?!

Оқымаймын молдадан,
Не оқытпақшы ол маған?
Бала келсе сабаққа,
Жем дәметкен дорбадан.

Ақ сәлдесін төңкеріп,
Көзін жұмып теңселіп,
Күн ұзынға боздаған,
Оқығанша мен одан,
Домбыраны қолға алам,

Өлең кірген түсіне
Жөргегінде мен болам.
Қинама, әке, қинама,
Болмас енді зорлаған.

ӘКЕМЕ

Сөртінің үрлап қара атын,
Жазықсыз қызып қанатын,
Жапанда жалғыз қалдырып,
Жайым жоқ қарғыс алатын.
Ел арасын ығыр қып,
Ойым жоқ шұрқан салатын.
Қоныстан елді бостырып.
Неміз бар енді шабатын!
Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын!

Батаңды маган бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
Жапаның ұлы ақын бол,
Жақсы істепті дер, әке!
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке.
Ұрлық түбі – қорлық деп,
Болармыз күр келеке.

ТӘЙТИ МЕН ШЫБЫЛ ШАЛҒА

Қажыдан кеше ғана келді дерек,
Союға мал, шашуға ақша керек.
Тәйтекем ұжмақтан орын тапты,
Қаза тауып жарықтық елден ерек.

Ақшаңды шаш, ағайын, малынды же,
Жақсы өлімге жабығу болар қате.

Жас қалып, алдында кәрі кетсе,
Оның өзі емес пе, той-мереке.

* * *

Мекеге біреу барса, Шыбыл барсын,
Шыбылдан басқаң барсан, шығындарсын.
Кебінін өлгендердің жиып алып,
Ақыретке барғанда шырылдарсын.

САРЫБАЙҒА

Сарыеке, салдым бір сөз сыныңызға,
Сіздің сын таразы ғой сырмызызға.
Қолыма домбыра алып талап қылдым,
Бересіз қандай баға ұлыңызға?

Жаманның көнілі көкте, жерде басы,
Алыс кой аңғарғанға екі арасы...
Жақсының өзі кішік, ойы биік,
Бірдей ме екеуінің мәртебесі?

Біреулер малмен бәрін бектеріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?

Біреулер «қайтемін» деп қалтандап жүр,
Әркімнің аузына бір жалтаңдап жүр...
Біреулер біліп тұрып жете алмайды,
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр?

Көнілі кейбіреулердің бұлтта жүр,
Ұстаяға күн мен айды жуықтап жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Құды мініп, құланды құрықтап жүр.

Қайсысын маған соның еп көресіз?
Әкетсем өзім таңдал өкпелерсіз...
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,
Өлең болсын серігің деп бересіз!

* * *

Айрылдым арманменен, қайран Бұрым,
Айдай ед толықсыған аппақ нұрын.
Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырын.

БАЙҰЗАҚ МОЛДАҒА

Отынға екеу кетті, бірі – молда,
Мінгени молдасының шұбар жорға.
Молдасы Сарыекемнің ұрлық қылып,
Кұдая, кешіре ғөр, өзің тоба?!

КӘМШАТ ҚЫЗ

Кермиық Кәмшат қыздың көрдік көркін,
Қондырған шекесіне құндыз бөркін.
Секілді алтай тұлқі сылаң қағып,
Шеніне келтірмейді-ау емін-еркін.
Қырандай қияннан-ақ ілер едім,
Қырқада қызыл жүзін бұрса бертін.

Шан жұқпас шашасына саңлақ едім,
Сан жерде шаршы төске самғап едім.
Жұртшыдай жұрт торымай, алысқа ұшып,
Алатын тоятымды таңдал едім.
Айдынның ақ шортанын жібермейтін,
Жасымнан жаза баспас қармақ едім.

Болғанмен сыртым қораш, ішім сұлу,
Сол ғана жүргіме берген жылу.
Ажары бет пен жанның бірдей емес,
Керек-ая, Кәмшат, соны пайым қылу!

Солмай ма көктемдегі әдемі гүл,
Оңбай ма бетке біткен әдемі түр?!
Еңкейіп екіндіге күн құласа,
Көріксіз көрінбей ме дүние бір.

Осының бәрі мысал ойлағанға,
Кәмшат қызы, ойлан, ойлан ба, оны өзің біл.
Көңілге келіп бір сөз қалғаннан соң,
Тынар ма, айтып өтпей қу қызыл тіл!..

* * *

Сыртың бір сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр-мінезің бар екен,
Сөйлесуге ерінген.
Қамқа-қамзол киініп,
Қас-қабагың көрілген.
Қарапайым адамнан,
Қомытсынып жерінген,
Жұбайынды есіттім,
Таңдал тапқан еліңнен.
Өзі қарау, тарыншак,
Қас Қарымбай дөлінген.
Салғанынды көрермін,
Соған барып серуен.
Сөйлесермін оралып,
Сонда, Кәмшат, сенімен!

САРАҢ БАЙ МЕН ЖОМАРТ КЕДЕЙ

Малы көп бай жылайды қар жауғанда,
Бәрін тастар ниеті малға ауғанда.
Жерден алтын тапқандай кедейлер жур,
Әйелі шелек толы сүт сауғанға.

Малы көп бай ертемен жейді қаймак,
Қой шығарып, кедей жүр қозыны айдал.
Ең болмаса айранға тойғызыса деп,
Жатса, тұрса тілейді «а, Құдайлап».

Сараң байдың үйіне қонақ келсе,
Қояды кәрі қойын ол ынғайлад.
Кедей жомарт үйіне мейман келсе,
Жалғыз қойдың тұрады басын байлап.

* * *

Бай жалғаң, кедей қалтаң, халық дархан,
Көп жердің дәмін таттық сыйбай-салтаң.
Елімнің азаматын таныс қылған,
От жырым, қызыл тілім, сенің арқаң!

ӨЛЕҢШІ ОМАРҒА

Жағынба босқа байға, Омар ақын,
Байлардан саған мынау кедей жақын.
Ененді мықтап мырза бір боқтайды,
Берерде қойға қоңыр шолақ атын.

Тек отыр, меніменен айтыспай-ак,
Жетеді саған ақын некен-саяқ.

Үрпіп жұні түскен қоңыр қаздай,
Соғуға қанатыммен тұрмын аяп!

ЖАНЫС АҚЫНҒА

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сулу сөздері
Маған тартқан сыйындай!
Сүйінбай – деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай!
Екпініме кезіккен
Кетер ме екен жығылмай!?
Құлаштап бір кетейін,
Көбен¹ құсап тығылмай.
Қашсаң қуып жетейін,
Бізге жабы² бұйым ба-ай!
Селтендеген ақынды,
Көрмеуші едім шыбындаі.
Кәне, сөйлеп жіберші,
Айтыспағың шының ба-ай?!
Деп келдің бе Жамбылды
Күнде женғен Шыбылдай³.

ЖЫЛҚЫШЫ

Сары тұнгә сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-тұні,
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

¹ Көбен – арықтап жүріп, ет алған жылқы.

² Жабы – қарапайым жылқы.

³ Шыбыл – Ұлы жұздегі ру аты.

Саяқ іздең Саркемер, Сартауқұмнан,
Табылса деп, жонымыз бір тілінбей.
Байтал түгіл бас қайғы болып жүріп,
Қайтпекші едік, төсектен біз түнілмей!

ПҰШЫҚТЫҢ ҰРЫҒА АЙТҚАНЫ

Шығып ем бүгін мініп көк байталға,
Кез болдым екеуіңе көк қайқаңда.
Көк байтал өзі семіз, өзі буаз,
Жануар шаба алмаса өкпе айтам ба?

Екеуің келе сала пұшықты алдың,
Өкпесін өзі дімкәс қысып та алдың.
Қалғандай қағындысы құрттан әлі,
Пұшықты бартылдатып ұшықтадың.

Олжалап кетерсіндер байталымды,
Қалмаймын мен де бүгіп айтарымды.
Осы өлең қайда барсаң қику салып,
Куалар бойларынан сайтаныңды.

Білемін, бірің Манас, бірің Сырым,
Пұшықты тонағаның жаман ырым.
Атынды біреуінің бірің атап,
Көріп пе ең, адам тонап бұдан бұрын.

Ала бер байталымды, Сырым, Манас⁴,
Байталға мейлің өліс, мейлің талас.
Атынды екеуінің біліп алдым,
Аржағы керегі жоқ, болды қалас!

⁴ Сырым, Манас – Қасқарау елінен шыққан ұрылар.

КЕТИПТІ ҒОЙ БАСЫҢ АУЫП

Болысжан, жүрген жерің күнде сауық,
Пенденің бойында көп қатер-хауіп.
Екейдің жындысымен жарысам деп,
Сенің де кетіпті ғой басың ауып.

ӘЗІЛ

Жамбылға астың жауырын,
«Таңдал-ақ астың тәуірін».
Түйе қарал жүрген бұл Жамбыл
Аймалап бассын әуірін.

САРАҢ КЕЛІНГЕ

Естемес бастас болдың Кәсемменен⁵,
Сәйлейді мына келін
Аузын ашып әсемменен.
Бар екен деп асынды төгіп-шашпай,
Бұдан былай асып жүр бәсекменен.

КЕСІРЛІ ҚАТЫНҒА

Қызғалдақтай жүзі бар Саймасайдың,
Кесірлі қатыны бар Алмасайдың.
Қырғыз, қазақ бас косса, топ жарады,
Жиреншедей тілі бар ер Қосайдың!
Ел жұтаса, екі елі кемімейді,
Қара қазан қатыны сараң байдың.

⁵ Кәсемменен – Қасен Мәңке болыстың інісі.

* * *

Ел едің құт дарыған Есім-Малай,
Қызырып қызығынды көрдім талай.
Арқанда үрлеп ішіп, шайқап төктім,
Қайтқалы бет тузедім елге қарай.

Кең біткен етек-жені ағайын ең,
Беріпті саған дәулет соған жарай.
Балаңа бесіктегі белгілі ғой,
Санатқа ілінбекен Қожан қалай?

Барармын баян қылып бәрін төске,
Бейілің берекенмен болар есте.
Адамның алыс жүрсе аңсары ауып,
Көргө құмартары сол емес пе?!

Жан екен жағын сауған аларманда,
Артымнан мен кеткен соң солай деспе.
Ат міндім, атан алдым, шекпен кидім,
Жонім жоқ сені мақтап сөйлемеске.

Ағайын-туған есен бол,
Алшайып атқа мінейін.
Енді айналып келгенше,
Аңсай-аңсай жүрейін.
Шүйгініңе сонылап,
Шынарыңа түнедім.
Қош аман бол, құрметті ел,
Қадірінді білейін!

ҚҰҒЫН

Екі жылқы алдырдым
Майтөбенің жонынан.

Бергенім жоқ қолымнан,
Ұры әкетті торыған.
Ізі осылай ойысты,
Қыуіп келем соңынан,
Сөзім емес, Бәйеке,
Сізді ұрыға жорыған,
Қыдыр шалған жылқыңың
Қаратыңыз тобынан!
Табылмаса тобынан,
Көрейін өз сорымнан.

ШӘБДЕНГЕ

Уа, шаһиbaz, хан Шәбден!
Атым арып келді әбден.
Тоным тозып жүдедім,
Орын бермей жан төрден.
Ақ ордаңа енегін,
Аман-сәлем берейін,
Аз дамылдап алайын,
Өзіме-өзім келейін.
Жан таң қалған сөзімді
Алдыңа бір төгейін.
Күн қиядан батқанша,
Ай қиядан асқанша,
Ағыл-тегіл тер болып,
Жорғалайын, желейін.
Басы биік Алатау
Жер өмірден көрінер,
Арнап келдім, батыр-ay,
Амандасып қолың бер!
Ауыл алыс болса да,
Атағыңды көрдім бел.
Атым арық, тон тозық,
Қысып келді аштық, шөл.

Жерімізде жұт болып,
Өспей қалды биыл төл.
Бұйымтайым, мұңым да,
Әзірше айтар сізге сол.

СЫРТТАНГА

Кыдыралы, Құлшаннан,
Құлаш ұрган Сырттаным.
Жерді болжап күн шалған,
Жүргенінді ұққамын.
Кыдыралы, Есімбек,
Эрентальды сабаган.
Ер туған ұл десін деп,
Бір кәдеге жараган.
Маманыңның өрені,
Тиын-тебен санаған.
Құтылғалы кетіпсің,
Олар жапқан жаладан.
Енді ниет етіпсің,
Кім кірмеген қаладан.
Сендей қазақ аз шығар,
Үміт қылған баладан.
Екі балаң жетілсе,
Құтыларсың табадан.
Дәметкемін жетімше,
Сендей білгір ағадан.

* * *

Төментіннен келесің екі қуым,
Елдің жәйін білесің буын-буын.
Қанын сорып екеуің атқа мінсен,
Тағы кімнің тартасың сары сұын.
Елден тыын қоймайсың түтін санап,
Есебінің аяғын шығарарда
Рахмет пұшықты алдың талап.

СЫЗДЫҚ СҰЛТАНҒА

Өлең сөздің даңғылы, атақты шежіреші, қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл мұрасының жүртшылық әлі танып-білмеген қыр-сыры көп. Жәкеннің соңғы басылымдарынан аласталған «Сыздық сұлтанға» атты шағын өлеңі соңғы рет ақынның 1946 жылы шыққан толық жинағында жарияланған болатын. Сол кітаптағы аталмыш өлеңге берілген түсініктемені тольық келтірейік:

«Сыздық Кенесары баласы (орыстар Садық, Сыдық дейді), – атақты батыр, жауынгер. Орта Азияда патша ұқи-метіне, хандарға, Қытайға қарсы халықтың жауынгерлік күресін бастаған (1860-1877) Сыздықтың батырлығы жайында тамаша, бай, қызықты халық әңгімелері, жырлары ел аузында көп таралған. Орыс тілінде Сыздықтың ағасы – Ахметтің 1889 жылы «Кенесары және Сыздық» дейтін кітабы шықты. Орыс тілінде Сыздық жайында мақалалар көп жазылған, орыс тілінде роман да шыққан. 1880 жылдарда Сыздық Жамбылмен кездесіп, жолдас болған. 1889 жылдарды Амангелдімен кездеседі. Сыздық 1910 жылы, 71 жасында өлеidі.

1884 жылдар шамасында Сыздық Кенесарыұлы қырғызға келген. Қырғыздар үй тігіп, мал сойып, құрметпен қарсы алған. Қырғыз, қазақтан Орман ауылына 17 ақын жиналған. Солардың ішінде Жамбыл да болған.

Қырғыз ағайындар басында, «әкесінің кегін жоқтайды», – деп, Сыздықтан қымсынса да, сонынан райласып сөйлескен.

– Сонда Сыздықтың айтқаны мынау еді, – депті Жамбыл Галиға.

– Мен сендермен шабысқалы келгем жоқ, табысқалы келдім. Сен де туысқанымсың. «Жан ашуы үстінде әкемді өлтірдің», – деп, кінә қояр жайым жоқ. Жалғыз-ақ тілегім: әкемнің сүйегін бер, аталарама қосайын. Алтын жүзігін бер, қолыма салайын. Сары қасқа ерін бер, астыма мінейін. Бұйымтайым осы-ақ», – дейді.

Қыргыз ағайындар Кенесарының алтын жүзігі мен сары қасқа ерін береді де, сүйегін тауып бере алмайды. «Он бір жыра» деген жерге көмілген екен, білеңін адам өліп қапты деп жауап береді.

– Қап, болмас! – деп отырды да, Сыздық сары қасқа ердің басын қанжармен қақ айырып шапты да, жіліншік-жіліншік алтындар алды. – Әкемді өлтіруін білсөңдер де, алтынын алуды білмеген екенсіндер. Уақасы жоқ, бұйырған нәсіп қой! – деп, қалтасына салды дейді.

Жамбыл Сыздыққа осы өлеңді сонда айттыпты. Осы Сыздықпен кездескенін Жамбыл кейін үлкен өртегі қылып та айтқан. Сыздық батырдың жалғыз көзді дәумен кездесіп, үнгірге қамалып, одан қалай құтылғаны жайлы өртегіні өте қызық етіп айтады. Өлеңді жазып алған – әдеби хатшысы Гали Орманов.

«Сыздық сұлтанға» атты өлең Жамбылдың ұлылығын, оның халқының өткен күндері, сол күндерде жасаған елеулі қайраткерлер туралы нақты ұғымы, өзіндік көзқарасы болғанын айғақтаса керек.

*Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасынан.
Сен бір қалған көз едің
Кенесары асылдан.
Сыздық атың жайылды
Бұл өңірге жасынан.
Айбатыңды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрган.
Даңқыңды естіп жүруші ем
Шартарапқа шашылған.
Ақ жузіңді көрген соң,
Енді мауқым басылған.
Ауылга жүр, қонақ бол,
Аттан алып, ат мініп,
Ағайынға беріп қол,
Аттанарсың, Сыдеке,
Ата жолы деген сол!*

*Арнап келіп алғаның
Алтын жұзік, сары қасқа ер.
Атаңыздың аргаяғын
Сыйлайды екен бір тайпы ел.
Екеуінің⁶ қалғаны –
Он бір жыра деген жер.
Оны да айтты ағайын,
Іштеп шықты қайғы-шер.
Атанаң не арманы –
Іздел келіп артынан,
Бата қылса сіздей ер!*

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ӘҢГІМЕЛЕРДЕН⁷

Кенесары, Наурызбай заманында жаннан асқан ер болды. Қазакты орысқа бермеймін деп, Сарыарқада соғыс салды. Ақмоланы, Ақтауды, Адырлы қалаларын алып, солдаттарды қойдай қырды. Бірақ жер-дүниені алып қаптаған патша әскері азаймады, күн сайын көбейе берді, зенбірегін сүйретіп, Кенесары, Наурызбайдың соңынан қалмады. Қазақтың Көкшетау, Есіл, Нұра, Баянауыл, Қарқаралы сияқты жақсы жерлерін тартып алды. Елді қойға тиғен қасқырдай талады. Кенесары, Наурызбай сол таланған елді корғаймын деп, қасына мың сан батыр қол ертіп жүрді. Бірақ Кенесары жағадан алған жаудан жеңілетін ер ме еді? Ол етектен алған «иттерден» жеңілді ғой. Қазақтың алауыздығы онған ба? Кенесарының тілеуіндемін деп жүрген байлардың, төрелердің барлығы да патша әскеріне болысып кетті, елдің ішіне іріткі салды. Олар патшадан шен-шекпен алды, аға сұлтан болды, заседатель болды. Сөйтіп, ел іші өзара бірлігі кетіп, ынтымағы жойылған кезде патшаның солдаттары Кенесары, Наурызбайды Сарыарқаға түрғызбай, мазасын ала берді: ауылын шапты, мал-мұлқін талады, катын-балаларын тұтқындалды. Ақырында Кенесары

⁶ Екеуі – Кенесары мен Наурызбай батыр.

⁷ Хан Кене. Алматы: Жалын, 1993. 146-148-66.

Ұлы жүзге – Алатауға қарай беттеп көшті. Әуелі Балқашта, Іленің қойнауында, жалайырдың шетінде жатты. Бұл жер жүттән шалғай еді.

Орыс әскерімен белдесуге күш жио үшін:

*Қамауда жатып хал болмас,
Қолыңа қалың ел қонбас, –*

деп, Кенесары соңынан ерген елімен, батырларымен Ілені кесіп өтіп, Шу бойын өрлей көшпеді ме?! Сонан Қордайда шапырашты Тойшыбек батырдың ауылына тоқтады ғой. Атағы жер жарған Кенесары, Наурызбай келді деген соң Ұлы жүз – Дулат елі қалмай жиналды, құні-тұні Кененің ауылын босатпады. Дулаттың батыры Сыпатай да, шапыраштының срлері Саурық, Сұраншы да, қоңыраттан шыққан Байзақ та, төре Рұстем де қалмай келді. Кенесары екі күн ұдайы сілбір адаммен сөйлеспей, мандайын ұстап, ауыр ойланып, томен қарап отырып алды. Рұстем төре де, Сыпатай батыр да Кенесары отырған ақ боз үйдің алдынан анадай жерден түсіп, «алдиярлап» қолын кусырып, рұқсат сұраудан басқа бір ауыз тіл катуға бата алмаған. Келгендердің бәрімен Наурызбайғана сойлескен. Сонда 19 жасар жас батыр Сұраншы атының басын Кенесары отырған үйге тіреп тұрып, есіктің мандашшасын көтеріп, былай депті:

— Хан бетін басып, басын тұқыртып, неге төмен қарай береді? Біз ұялшақ қатын көргелі келгеніміз жоқ, ондай қатындар ауылымызда жеткілікті, біз ел бастаған, жау жасқаған батырды көргелі келдік, – депті.

Сонда Кенесары басын жұлып алды:

— Уа, ерім екенсің ғой, атыңнан түсіп, жоғары шық! – депті.

Сұраншыға оң тізесінен орын беріпті. Сонан кейін барып Сыпатай, Рұстемдер де «алдиярлап» үйге кірген екен. Бірақ Кенесары олардың бірде-бірімен жылы сөйлеспей, өзінің үйінен баса-көктеп кірген ер жігіттермен ашылып сөйлесіпті. 17 жасар Байсейіт батыр да атымен құйғытып шауып келіп,

Кенесарының отырған үйінің дәл табалдырығының алдына тоқтапты. Экесі Тойшыбек:

— Бұл не бейбастық, сен ханды басынамысың? – деп шыға келіп ұрысқан екен, Бәйсейіт кимелеп:

— Мен хан деп келгем жоқ, батыр деп келдім, батырдан батыр қорықпайды, – деп, үйге кіре беріпті. Кенесары бұған да оң тізесінен орын берген. Кенесарыға еріп келген өңкей батырларға Жетісудың кілең айбынды ерлері қосылып, Алатауды сілкінтекендей бір қалың, қайратты қол құралады. Кенекеннің Жетісуға келгенін бір кезде Сүйінбай бәріміз ұзақ жырмен айтушы едік, сонан есте қалғандары тіпті аз...

*Алдына дабыл өңгерген,
Артына сауыт бөктеген,
Кенекем келді алыстан.

Ақауызы арқырап,
Ақ сауыты жарқырап,
Жауар бұлттай түйіліп,
Найзасын көкке үйіріп,
Наркескені жарқылдаپ,
Наурызбай келді арыстан.

Жауды көрсе қуанған,
Алмасын қанға суарған,
Табыннан шыққан Бұқарбай,
Ті ұстаган Нәпбай,
Жортүыл жолиши Бұғыбай.

Жалаң қылыш байланған,
Жау қайда деп сайланған,
Батырлар келді Қордайга...

Кенесары келген соң,
Өңкей ерді көрген соң,
Ерлігін жаңнан асырған,
Бес қаруын асынған.

Келді Саурық, Сыпатай,
Жас Байсейіт, Сұраныш,
Келді бәрі қалмасстан,
Кенесары алдына*

*Өңкей көкжас боласаң...
Кара тасты айырап,
Қайраттары алмасстан.
Сондай ерлер өтті гой,
Дүшпанымен айқассан... –*

деп толғаушы едік.

МӘМБЕТКЕ

Уа, қадірлі Мәмбетім,
Ауылында алты күн,
Дамыл алмай әндettім.
Ән мен күйді тоғылтып,
Айналанды сәнді еттім.
Атан беріп, ат беріп,
Ақырында дәндettің.
Алты ай өтіп арада,
Ауылымса сен жеттің.
Жамбыл үйі жаман деп,
Атақ жайып сен кеттің.

Үйім жаман болғанмен,
Сөзімді жұрт сыйлайды.
Айтқандарым жаққан соң,
Алыс, жақын тыңдайды.
Сен жамандап кетсең де,
Мені жұрттым қимайды.
Бай есіркеп бермейді,
Айтқаныма улады.
Қайтармасаң бодауын,
Тағы артынан тулайды...
Айтпасыма болмайды,
Қылышы ішке сыймайды.
Түк қайыры болмаса,
Несіне мал жинайды?!

Сәдірмекке ат шапты
Суықтөбе баурында.
Қырғыз, қазақ бас қосты
Сәкे бөлүс ауылында.
Қатарлап үйді тіктіріп,
Қамбалап қазан қайнаттың,
Желілеп бие байлаттың.
Сауын айтып, ас беріп,
Ақындарды сайраттың.
Атаңа зорлық көрсеткен
Мырзабек пен Кәшкенің
Басына таяқ ойнаттың.

СӘТ САЙЛАНАРДА

Лашын күстай тараңып,
Сыртың сұлу көрінген,
Ненді медеу саналық,
Жел еседі жеріңнен.
Қайымады түйелер,
Қысырады биелер,
Қыста қырсыз, жұт болдың.
Елге жүгінді үйе бер.
Шығынмен де шаршаттың,
Енді қайтіп құй енер?!

Көргеніміз сол болса,
Неміз қалды сүйенер!
Қазбасам да мен онша,
Елдің өзі-ақ жүйелер.

ЖАЛҒЫЗБЫН ДЕП ЖҮРМЕСІН

Сәлем айт барсан Абайға,
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды женғен қара жер,
Сабырлы болсын қалайды!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін.
Жапанға біткен байтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды тәңір басуы-ай.
Нар көтерген ауырға
Арқасын тоссын жасымай!

ТІЛЕМІСКЕ

Ей, Тілеміс, Тілеміс!
Тілің мірдің оғындарай.
Тиіп кетсе қүйдірген,
Сексеуілдің шоғындарай.
Қарсы келген жау болса,
Құтылмайды соғылмай.
Құр сұлдесі қалғанша
Кара терге шомылмай!
Кебекбай мен Ногайбай,
Тіліңнен-ақ именіп,
Жұр ғой сені соға алмай!

АБЫШҚА

Мәмбетәлі ауылында,
Атандым мен абышқа⁸,

⁸ Абышка – қыргызша шал деген сөз.

Абышқа деп мына қыз,
Тиіп кетті намысқа.
Абышқаның сақалы,
Әлде бұған таныс па?
Абышқаны байқасам,
Емес екен алышта.
Абышқа ма, қарашы,
Біздін әсем дауысқа,
Ұзак таңға қарлықлас,
Ұлы дубір шабыста.
Айтқан сөзім шет болса,
Сынатайық қалысқа.
Не болмаса жөндө өзің,
Тұлғаң түзу жан екен,
Түсінетін әр нұсқа...

МӘҢКЕ ТУРАЛЫ

Жангойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде,
Көздерін қысып келеді.

Сөздерін ұзарта келеді,
Өнешін қызарта келеді.
Өнімі азырақ жерде,
Үстіне тұз арта келеді.

Ыңыранып отырып алады,
Әр алуан қырға салады.
Ақыры Құдай жарылқап,
Қалталарын толтырып алады.

АРТЫҚША ТУҒАН АЗАМАТ

Жігіттікің кезінде,
Жігерлі болса ер болар.
Тұрмаса жігіт сөзінде,
Нәсілі оның кем болар.
Қажырлы болса майданда,
Халықта сөзі ем болар.
Ел үшін тұған ерлердің,
Алды-арты дария кең болар.
Бірлігі кетсе ағайын,
Әркімдерге жем болар.
Білімсіз болса жолдасын,
Қылған қайырың сел болар.
Артықша туған азамат,
Халықта үлкен бел болар.

Серт адамды байлайды,
Ер жігіт серттен таймайды.
Өршеленген кезеңде,
Өлімді кім ойлады.
Жігері болса жігітің,
Орындармай қоймайды.
Атқан оқтан қайтпайтын,
Өтірік сөз айтпайтын.
Кезеңді жерде кез болса,
Қорқып тізгін тартпайтын,
Батыр Қаращ, Саурық,
Шапырашты Өтеген,
Батырлардың еңбегі
Таныс маған ертеден.
Жамбылдың да серті бар,
Әділдік көрмей өмірден,
Жүргінде дерті бар.

Ішіне Жамбыл тұскен дерт,
Зұлымның салған өрті бар.
Қырандай Жамбыл қалқыса,
Өзі салған өрт жалын,
Зұлымға қарай шалқыса,
Елдің серті – ер серті.
Дүшпанның басын шарпыса!

ҚАБАТ ТУСЫН КҮН МЕН АЙ

«Аумиін» деп қолынды жай,
Қабат тусын күн менен ай.
Алғаның болсын сайма-сай,
Қапалық болмай кезінде,
Үлғи болсын мамыражай.
Қос-қостан тауып ұл мен қызы,
Мінгені болсын жорға тай.
Ертең ерте біреуі –
Қойға кетсін қудалап,
Түйеге кетсін біреуі –
Екі көзін уқалап,
Егін ексін біреуі –
Су сағасын томалап,
Оттың басын шандатып,
Біреуі жатсын домалап.
Жылқы бақсын біреуі –
Асауларды күделеп.
Сөз сөйлесін біреуі –
Көп ішінде сүбелеп.
Жақсы лепес – жарты ырыс,
Ескіден қалған мақалды
Соза беріп, қайтейін,
Бата аяғы тақалды.

ӨСИЕТ

Ой-хой, дүние серуен!
Адам бір көшкен керуен.
Дүниені қызық қалдырып,
Асамыз өмір белінен.
Кірсе, лебіз, шықса, жок,
Қауіп етіндер өлімнен.
Қылышбайдан таралып,
Сөз нұсқасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?
Дәүлетінен не пайда,
Таусылмастай көрінген!
Жалғыз мұраң сол болар,
Қол қайырың берілген.
Басқа дүние бірі де
Көмілмейді кебінмен.

* * *

Көп қарға тең келмейді бір сұнқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.
Жақсының әрқашан да жөні бөлек,
Жаман адам жарамас бір қымтарға.

ШАЛТАБАЙҒА

Салқын келіп тоң-торыс,
Сыртқа сыздап қарайсың.
Сенен басқа жоқ болыс,
Деп өзінді санайсың.

Шарға түсер шағында,
Қара тер боп сабылдың.
Аялған жоқ малың да,
Ақ жем болып шабылдың.
Елге сөзің жеткенше,
«Жамағат!..» деп жалындың.
Қол билікке жеткен соң,
Салғырттыққа салындың.
Сан рет кеп алдында,
Сағым сынып сарылдым.
Сазаратын Жамбылға,
Саған сонша не қылдым?!
Бақсы басы қаңғырап,
Бабын таппай тамырдың.
Жанды есінен тандырап,
Қынын-ай бабыңың!..

ҚАЛИҒА

Ей, Ордабай ұлы Қалиым!
Үстінде тұр ақ үйің.
Қасында тұр қара үйің.
Атағынды білемін,
Сыртыңнан-ақ танимын.
Атан сұрап, ат сұрап,
Деп келгем жоқ жариын,
Байдабектің бірі едің,
Сары бәйбіше ұлы едің.
Сартауқұмды мекендер
Баяғыдан жүр едің.
Сахарада қонысың,
Малға толы өрісің.
Сойылынды соғып тұр
Ұлығың мен болысың.
Біздей жаһанкезбені
Қомытсынсаң қомытсын.

Бірақ айтып кетейін,
Жұзім қайтып көрген жок,
Сенен қорқып нетейін.
Күле-күле жұрсін ел,
Менменсіген бейлінді
Елге жайып өтейін.

КӨКІМГЕ

Бері отыршы, Көкімім,
Қандай екен өкімің.
Елді билеп алуға,
Қай арадан бекідің.
Әлде бекіп келдің бе,
Арын сатып бетіңің?!
Бір тояйын дедің бе,
Ақысын жеп жетімнің.
Әлде ғарып көз жасын,
Көрейін деп бекіндің.
Ашып жауап қайыршы,
Көкім, сенен өтіндім.

ТОҚТАҒҰЛҒА

Келдің бе, ақыығым, алыс жерден,
Өтіпсің самған ұшып асқар белден.
Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,
Хан-төре айналмай ма сендей ерден.

Ер ғана елін табар ізделп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.
Құландаі ақ бұғауын үзіп қашқан,
Жетіпсің енді, міне, елге келіп.

КЕДЕЙ КҮЙІ

Ұзынағаш, Қаратас,
Қалқабайдай қайран жас.
Бекеттен⁹ нан қоймайды,
Жалаң аяқ, жалаң бас.

Оған ауыз жарымас,
Сондадағы ар қылмас.
Қалт-құлт етіп жүргені,
Қысы-жазы қарны аш.

Қайтып жаның ашымас,
Неткен заман қатыбас.
Еткен еңбек, төккен тер,
Қалай түкке татымас.

Болмайды ішкен асың ас,
Қайтіп сүйек жасымас.
Мұныменен Қалқабай,
Сордан көзің ашылмас.
Ағайынмен, бар, сырлас,
Тегін тамақ татырмас.
Жарылқары жалғыз-ақ:
«Жетерсің» дер, «басың жас!»

ЕСЕНӘЛІ МЕШКЕЙГЕ

Жаралғалы жегенің қазы, жамбас,
Қарның ашты дегенге адам нанбас.
Ет пен майды ішіңе нығап тығып,
Адамшылыққа инедей орын қалмас.
Ылғи лас көтерген өміріңше,
Атан өгіз сияқты сен бір маубас.

⁹Бекет – Ұзынағаш бекеті.

Сен тойғанмен, біреулер аш қалып жүр,
Деп ойлама түбінде терінді алмас!

ҚИСЫБАЙҒА

Ей, Қисыбай, Қисыбай,
Бері қарашы қымсынбай.
Шапаныңды бергенше
Көңгілім тұр тыншымай.
Етігінді қоса бер,
Жүрсін десең шымшымай.
Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,
Пәтуа-бірлігінді бұзып кетер.
Ебін тауып ұстамай өшіктірсөн,
Байлап-матап қойсан да үзіп кетер!

* * *

Үштоқал болыс болды атпай-шаппай,
Қисыбай іс істедің ебін таппай.
Күртібай Үштоқалға еріп кетті,
Адасқан ай жарықта ақбоз аттай.

ӘДІЛДІК КЕРЕК ХАЛЫҚҚА

Ұзынағаш базарында, Сарыбайдың баласы – Қисыбай болыс болып тұрған кезде, қан базардың ортасында, қасында бірнеше ұлықтар, төрелер бар Қисыбай кездесіп: «Мынау Жамбыл деген қазақтың ақыны», – деп таныстырады. Төрелердің тілмашы Жамбылды қылышымен нұсқап:

– Бұл қандай ақын, айғайлап ағаш алғанның бәрі ақын, анық ақын болса, бізді өлеңге қосып айтып көрсін, – дейді.

Сонда ұлықтың жақтырмағанын білген Жамбыл ішінен ығаланып өлеңдетіп қоя береді.

Қолына қылыш ұстаған,
Ақыл-ойы қысқадан.
Қазакты қорлап жақтырмай,
Қылышымен нұсқаған.

Кедейді көрсө керіліп,
Сөйлесуге ерініп.
Сендерге ермек болуға,
Жүргенім жоқ зерігіп.
Базарға келсем тиын жоқ,
Киетүғын киім жоқ,
Кісі өлтіргіш ұрыға
Ұлықтан да тыйым жоқ.

Байдың бабын таппаған,
Ұлыққа сөзім жақпаған.
Жалған ақын мен емес,
«Жазықсыз төре» сен емес.
Жарлы-кедей халықты
Жамбыл осы жақтаған.
Шаруаның күйі жоқ,
Кірге бүтін үйі жоқ.

Егін салар жері жоқ,
Сөзін сөйлер ері жоқ.
Қолына егер жер тисе,
Байлардан оның кемі жоқ.

Жарлы-кедей жасының,
Күйі жоқ бір басының.
Қадірлемей ұлық жүр
Халықтың нелер асылын.

Байдың орып астығын,
Табалмай әділ бастығын.

Ақыны байдан ала алмай,
Сорлы кедей жасыдын.

Байдың малын бағасың,
Күз пішенін шабасың.
Қолына түсіп қалған соң,
Еңбекті қайдан аласың?!

Жарлыны бай жалмасын,
Ұмыткан соң тәубе Алласын.
Ұлықтан сол тілегім:
Анық шындық жүргегім,
Нашарға салық салмасын.
Сарнасын, ақын сарнасын,
Төреге сөзін арнасын.
Тыңдамаса ол төре,
Халық тыңдар жалғасын.
Жарлыға қорлық көрсетіп,
Әуреге бай салмасын.
Ағылсын жырым бұлақтай,
Төгілсін сырым құрақтай.
Болыс-төре жүрген жок,
Халықты қорлап, жылатпай.
Шабарманы шаптығып,
Барады елді шыдатпай.
Болыс-төре, билерді
Кедейлер отыр ұнатпай.
Жаз жатақта қалдырып,
Салыққа малын алдырып,
Кедейлерге теңдік бер,
Қысы-жазы шулатпай!

Халықтың сырын терейін,
Қалықтап ұшып көрейін.
Шындықты айтқан Жамбылды,
Төрелер кетті ұнатпай.

Сонда төрелер Жамбылды жаратпай, Қысыбайға ала көздерімен қарап, базардан сырғып кеткен еken. Халық «тара» деген ұлық сөзін тыңдамай, Жамбылды қоршал, «айта беріңіз» деп тұрып алышты. Қызып алған Жамбыл халықтың қызығып, сүйсіне тыңдағанына өршелене түседі. Домбырасын шертіп, өлеңді ілгері қарай өршіте береді:

Төгейін жырды халқыма,
Халық тыңдап сөзінді,
Жақсы көрсе өзінді,
Тартынба, Жамбыл, тартынба!
Бұлбұлдайын сайрайын,
Жігерімді қайрайын.
Сәулемді елге түсіріп
Аспандағы айдайын!
Тас бүршақтай ұшырып,
Екпіні құшті сөз дайын.
Жиналып халық тұрғанда,
Тыңдауға көніл бұрганда,
Сөз дариясын қозғайын.
Толқыны кетсін серпіліп,
Тоқталмасын іркіліп.

Болыс елді аралап,
Жарлыны шауып, жарапалап,
Сөзін сөйлеп майдының,
Көзін ойып жарлының,
Ас берсе бай саралап.

Иттей көрдім төрені,
Тамаққа тойса үретін.
Халықтың ақын перзенті
Ақтарып сырды беретін.
Жүйріктің ақын өрені
Бәйгеде жауырын керетін.
Айтқандары етірік
Ұлыққа кім бар сенетін.

Сыздауық жара секілді,
Денені сыздап керетін.
Жамбыл ақын сөйлесе,
Жарасы қалар жарылып,
Ел аңғарып көретін.
Қызыл тілім іркілме,
Шер-құмардан шығайын,
Құмармын жастан шіркінге,
Неден қорқып бұғайын.
Шерімді айтсам арылтып,
Түзелер тасып шырайым!
Іштегі өрт-жалынды,
Жасырып кімнен тығайын.
Күннен күнгө күшейсе,
Ақтармай қалай шыдайын.
Тындасын халқым құлақ сап,
Біраз сөйлеп көрейін.
Халықтан аяп қайтемін,
Алланың берген көмейін.
Жамбыл көрді жасында,
Шабындыны, шандарды.
Біреуді біреу талаған,
Жыртқыштықты, заңдарды.
Халықты асқан дараға,
Сатылып тамақ парага,
Көрдім сондай хандарды.
Жүрсе де халық ашынып,
Осыны қашан аңғарды.
Көрсеткендер қарсылық,
Кайыршылап сандалды.
Сандалдырып майды алды,
Малды алмады жанды алды,
Жарлының батып жанына,
Сермеген ханның қылышы,
Бітіп тірлік тынысы,
Ханның қолы қандалды.

Тұн қараңғы дүниенің
Ататұғын таңы бар.
Қараңғының шырағы –
Жанатұғын шамы бар.
Дүниенің тұрағы –
Тағдырдың өлшеу сынағы,
Өркендейтін заңы бар.

Бақшалы сарай бағында,
Әділлетті шағында,
Салтанат құрган халыққа,
Шындық пенен аныққа,
Сайрайтын бұлбұл табылар.
Бақыты үшін заманның,
Халықтың сүйген ақыны,
Бұлбұл болып танылар.
Базарға келсем ақшам жоқ,
Сүйікті қонар бақшам жоқ.
Сорлы кедей шаруаның,
Қайырлы таңы атқан жоқ.
Қаралы елдің халқына,
Дұрыстықты айтқан жоқ.
Хан-төрелер алдаса,
Би-богыстар арбаса,
Шаққыш жылан уытты,
Халықта шыр қалмаса.
Заманың айғақ ақыны,
Кім айттар Жамбыл болмаса?!

Сөз тыңдар заман кез болса.
Зарықтырмай тез болса,
Жамбыл күә емес пе?!

Сөзімді халқым тыңдаса,
Ақындар жаттап сарнаса.
Жырыма үлес жыр қосып,
Жамбылға да арнаса.
Кисық жол тұра шабылса,
Елден қырсық арылса.

Жамбылдың жыры тасқындал,
Селдей болып ағылса!
Алым-салық жинаған,
Жарлыны жаныштап қинаған,
Дүшпанға құрық салынса.
Елдігі кетіп барады,
Хан жайланаған қазактың,
Қорлығы өтіп барады,
Халық көрген азаптың.
Жарлы-жалшы кедейлер –
Ермегі құлқі-мазактың.
Араны байдың ашылған,
Барды жоқ деп жасырған.
Тебеген есек секілді,
Тепкілеп орын бермейді
Бос жатқан жер қасынан.
Осындай азап түрлері,

Жұздел өтіп келеді,
Замананың басынан!
Жаман әдет халықта,
Бай айтса болды «жарайды».
Бай шығармас жарыққа,
Жаны ашып кімге карайды.
Жарлыға біткен жалғызды,
Бай өзіне санайды.
Қанын сорып қанайды,
Диуанадай талайды.
Қасқыр көрген жылқыдай,
Шұрқырасар иіскелеп,
Жұлдырып қоңын тараиды.
Бай жібермес пайдасын,
Өткізіп арбап, айласын.
Міне, осындай сұмдарға,
Жігері Жамбыл қайнасын!
Байлықтың түбі пайдадан,

Өтірік-қулық, айладан.
Ұрлық-зорлық, талаумен
Жұздең жылқы, мындан қой
Байлар судай айдаған.

Жарлының көз жасынан,
Жиналған малы зұлымның,
Көпіріп көлдей тасыған.
Бай байлығын мадақтап,
Көзі жетпей осыған,
Тұншығып босқа тұманды,
Адасып талай халықтар,
Төте жол таппай жасыған.

Бал аштырып бақсыдан,
Адастырып жақсыдан
Көңілі қалды халықтың,
Хан, төре, ұлық-тақсырдан.
Қысым жасап халыққа,
Ары болды қанішер,
Қойға тиген қасқырдан.
Әмір бойы осылар
Аяусыз елге қас қылған.
Екі қазан бір үйге,
Қысым жасап астырған.
Жуан білек қамшымен
Нашарларды қорқытып,
Мазалаған састырған.
Салындыдай суға аққан,
Қалған халық мажаурап,
Қалың өрт, апат, тасқыннан.

Айтшы халқым, бекер ме,
Әмір өстіп өтер ме?!

Жылжып жылдар өткенмен,
Айлар асып кеткенмен,

Күндер қуып жеткенмен,
Көкейден, сірә, кетер ме?!

Еркіндік жоқ елімде,
Иелік жоқ жерімде,
Бағасы жоқ, пайда жоқ,
Бақытсыз сорлы қайда жоқ,
Желмен ұшқан тозандай,
Босқа кетті терім де.

Халықпен бірге қалықтап,
Айналаны шарықтап,
Көз көргенді анықтап,
Еңбегім бар менің де.

Асқар тау ғаріп емес пе –
Айдынды көлі болмаса,
Ер жігіт ғаріп емес пе –
Белгілі елі болмаса.
Ел де ғаріп емес пе –
Белгілі белге қонбаса.
Ағаш ғаріп емес пе –
Мәуесі өсіп тұрмаса.
Су да ғаріп емес пе –
Арнасы тасып толмаса.
Әйел ғаріп емес пе –
Ерден бағы жанбаса.
Малдар ғаріп емес пе –
Шөп-шүйгінді шалмаса.
Жаз да ғаріп емес пе –
Құрғақшылық торласа,
Қыс та ғаріп емес пе –
Қарсыз тонмен мұздаса.
Көрік ғаріп емес пе –
Салған темір қызбаса.
Ұста ғаріп емес пе –
Темірдің суын таппаса.

Ақын ғаріп емес пе –
Байды өтірік мақтаса.
Заман ғаріп емес пе –
Әділеттен аттаса.
Халық ғаріп емес пе –
Айтқаны іске аспаса.
Жігіт ғаріп емес пе –
Еңбегі алға баспаса.
Арғымак ғаріп емес пе –
Арам тер болып аксаса.
Малшы ғаріп емес пе –
Малын жөндеп бақпаса.
Бақсы ғаріп емес пе –
Өтірік айтып актаса.
Көл де ғаріп емес пе –
Қаз-үйрек келіп қонбаса.
Шебер ғаріп емес пе –
Агашты дұрыс жонбаса.
Заманың сыры емес пе –
Заманға қайғы жемес пе,
Домбырасын қолға алып,
Жамбыл ақын толғаса!

Көрдім талай байларды,
Халықтың бағын байлаған.
Айдаһардай айбарлы,
Елді сорып жайлаған.
Талайлар кетіп жай қалды,
Өмірден соры қайнаған.
Ақын қанат жаза алмас,
Халықтың іші тазармас.
Бұзық болса айналан.
Домбыраны қолға алып,
Жамбыл ақын гулетті.
Іштегі шер қозғалып,
Күй артынан күй жетті.

Осы өлеңге Жамбылды,
Кекірегі даңғылды,
Өмір шіркін үйретті.
Уайым өсіп, ер жетті,
Елді қайғы тербетті.
Бас қоса алмай бірігіп,
Тоз-тоз болып ел кетті.
Ақыл айтар адам жоқ,
Қарсы тұраш шамаң жоқ.
Елдің қамын ойлайтын,
Сауық-думан ойнайтын,
Қасіретсіз заман жоқ.
Қор болған елде талай ер,
Ерді басқан қайғы-шер.
Ер еңбегі көрінбей,
Пайдасыз кеткен аққан тер.

Жамбыл отыр сарнаған,
Елге сөзін арнаған.
Жыр да кетті төгіліп,
Тасыған судай арнадан.
Жамбылдың жағы талмаған,
Жері жоқ Жамбыл бармаған.
Жүйрік тарлан секілді,
Жүгірістен танбаған.
Таудан ұшқан қырандай,
Қонар жерін таңдаған.

Денесі қызып алғанда,
Алдына жан салмаған.
Қызып Жамбыл шапқанда,
Кімдер жолда қалмаған!

КӘДІРБАЙДЫҢ ТӨБЕТІ

I

Аяқтарын алдырып,
Астымда атым болдырды.
Айдалада қалдырып,
Құба жонға қондырды.
Жаяу қалдым қаңғырып,
Не жаздым мен сол ғұрлы.
Жұртта қалған жұрынмен,
Ат аяғын байладым.
Дәрі шөплен ем қылышпен,
Өлтірмеуге ойладым.
Маңайынан шыбынды,
Бүркіп, сілтеп айдадым.
Елді сорған төредей,
Атқа қонған елемей,
Бүгелектерді айдадым.
Түйе жүрген соқпақтан
Таптым сулы бір апан,
Атымды әбден суардым,
Сілкінді атым есінеп,
Коя берді кісінеп.
Өзім баурында отырған
Қырға қарап салдым ән.
– Шыда біраз, жануар,
Енді жолда болдырма.
Жолдас та жоқ жалынар,
Тек ермегім домбыра!..
Таудан асты күн бұғып,
Ай көрінді бір жақтан.
Келеді екен бір жігіт
Қылаң атқа жүк артқан.
Көтеріле салдым ән,

Атын бүрдү ол маған,
Жөн сұрастық жалма-жан.
– Шырағым, мен Жамбылмын.
Өзің қайдан, атың кім?
Ауылдарың қай жерде?
Қатын, балан бар ма элде?
Ток па үйдегі балалар?
Қанша ед үйде ұл мен қызы?
Мол ма ед үйде ет, қымызы?
Жігіт жерге түсті аттан:
– Менде болмайды ол мақтан,
Бала түгіл қатын жоқ,
Қатын алар затым жоқ,
Елді кезген сен ақын.
Кәдіrbайға бір барып,
Жайың бар ма тоятын?
Біз қалдырыған қай-қайда,
Жолаушысың бұз күнде,
Барып кетсөң болмай ма
Кәдіrbайдың үйіне?
Кеше өліп бір тәбеті,
Бай қайғысы болды көп.
Шақса керек қаракүрт,
Ит арсылдан жұлынып,
Әбден ығыр болды жүрт.
Жер тырналап дөңгелеп,
Өлді ақыры сол тәбет.
Итті көріп Кәдіrbай,
Жылап, ұрсып, салды ойбай.
Ат шаптырды жан-жаққа,
Ақын-жыршы дегеннің
Бәрін жиып алмаққа.
Бай бейілін, мейірін,
Сән-салтанат сейілін,
Ақыл, күшін, зейінін,
Ең ақыры тәбетін,

Күймен, жырмен мадақтап,
Бәйіт¹⁰ қылып беретін.
Бай сыйламақ боп отыр,
Зерлі шапан, елу қой,
Екі бірдей жорға атын.
Ет-қымызды былай қой,
Жұз тақта шай, бір қатын...
Сенен озар жоқ ақын,
Сен ғой соны алатын.

II

Жыршыларда дамыл жоқ,
Күндіз-түні айқайлап.
Кәдіrbайды мақтап кеп,
Терлеп-тепшіп сор қайнап:
«Тәнір ашқан бағыңды,
Қыдыр баққан малынды.
Жүйрігің – тек жұлдызың,
Жорғаң – судың құндызы.
Өз мінезің қырмызы,
Ел-жұртыңа жағымды,
Шыңжыр балақ, шұбар төс,
Ата тегің мәлім-ді.
Жандаралмен жақын боп,
Талай атың жайылды.
Губернатор келмесе,
Тамағыңды сағынды.
Атың сенің ендеше
Патшаға да танылды.
Атамандар ізден кеп,
Бірге тұлқі қағысты.
Қымыз ішіп, етің жеп,
Үйінде дем алысты».

¹⁰ Бәйіт – бұл жерде баяндау деген мағынада.

III

Жыршы біткен шуылдап,
Мақтағаны – Кәдіrbай.
Итін жоқтап бір уақ,
Елден маза, кетті жай.
Шаршады, әбден терледі,
Жамбылға да сез берді.
Тұрды төрден Кәдіrbай,
Қарап қойды Жамбылға,
Қитар көзін төңкеріп,
Сандықтарын бір шолып,
Тұлкілерін бір көріп,
Қымыз жұтып алды да:
– Жырлайды деп естідім, –
Аузыңа түскенди.
Ішінде бар сұмдығы,
Күйлерің бол шер, жылау,
Салады деп жұртқа ылау.
Кәне, бері жақын кел,
Төбетімді жырлап бер,
Кебісінді шеш, – деді.

IV

Күй жосылып жөнелді,
Екі шектен боратып,
Қоя бердім өленді,
Жыршыларға қаратып:
– Ей, жыршылар, жыршылар,
Жыр айта ма осылай!
Сөздеріңнің дәмі жоқ,
Күйлеріңнің сәні жоқ,
Пайдасыз жұртқа құр айқай.
Мақтағанға сабылып
Ұятсыз, арсыз сараң бай,
Бастарыңды көтерші,
Тіленіп, сұрап жыланбай!
Сөздеріңе күйіндім,

Қанша айтсаң да тойғам жоқ,
Шықпай қалды бүйірім.
Жамбылға құлақ салындар,
Сөзімнен пайым алындар,
Жарлыдан безген байымас,
Тілене берген жарымас.
Байға жылап жалынған,
Жұрт болмайтын нағыз нас.
Өлеңсіз адам – есіркөр,
Ақылсыз адам малмен тең.
Байларға басын имеген,
Еркін боп етер дүниеден.
Өлеңін сатқан қу кезеп,
Ол бір шыбын, сұр көжек.
Ей, жыршылар, құлақ сал,
Сөздерінді тыннадым,
Байға селтең қақтындар,
Шыдады әзер ку жаным.
Ал, Кәдіrbай, құлақ сал!
Жамбыл сөзін тындал қал:
Итінді жаман демеймін,
Күзетіп жүр малынды.
Көпшілікті бүлдіріп,
Ұрлап алғандарынды.
Итің куып қасқырды,
Ауылдан талай қашырды.
Таңынан талай тартқылап,
Қасқырды талай састырды.
Даусыменен шошытып,
Қасқырларды тықсырып,
Таудан талай асырды.
Естісөң, міне, расымды!
Айтсам сөзім нанымды,
Өлеңім оттай жалынды.
Ауылды торып аңдыған,
Қасқырды талай қан қылған,

Сенен жұртқа ит жақсы,
Күзеткен қотан, ауылды.
Кетпеймін айтпай онымды:
Қайнатып Құдай сорынды.
Ит өлмей-ақ, сен өлсөн,
Болар еді тым-ақ орынды.

ӨСТЕПКЕДЕ

Үйсін, Найман саңлағы,
Өстепкеге жиылдың.
Жолдың ұшып шаңдағы,
Алматыға құйылдың.
Елде жүрген егейлер,
Қалада күр үйілдің.
Ұлық көрсөн ұйлығып,
Желді күнгі қамыстай,
Жапырылып иілдің.
Жүріппіз сыр алыспай,
Жайларынды түйіндім.
Келтірдіңдер намысты,
Бек қорланып қүйіндім.
Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйындың.
Кор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым.

* * *

Халықтың еркі кетті баласынан,
Сөзімнің ғибрат ал сарасынан.
Ақ патша бұйрық қылды солдат бер деп:
Он тоғыз – отыз бірдің арасынан.
Осыған тірі отырып көнеміз бе,
Іріктеп бар боздақты береміз бе?!

Болмаса елдік қылып, тізе қосып,
Батырға кол бастаған ереміз бе?!

ПАТША ӘМІРІ ТАРЫЛДЫ

(1916 жылғы оқиға)

Қызығынды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз.
Құндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жаз.
Көкорайға жайылған
Секілді едік үйрек, қаз.
Ештеңе жок уайымнан,
Жұруши едік көніл мәз.
Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма лаж?!
Ішке толған зарымды,
Кімге айтартмын қылып наз!

Көген көзді қосақтап,
Қалай қынып берерміз?!
Көздің жасы моншактап,
Көңіл шер боп өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?
Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтіп өтерміз?!

«Бес үйден бір жігіт!» – деп,
Болыстар жүр шапқылап.
Жасауыл үй тінтпек,
Қылыштары жарқылдал.
Бүйтіп көрген күн құрсын,
Жапырақтай қалтырап!

Таусылғандай тынысың,
Күнде жүрек қансырап...
Дүниенің кендігі –
Жүргенінде басың бос.
Жан қысылса, белгілі,
Таба алмайсың жақын дос.
Өз араннан шыққандар
Таяқ согар өзіңе.
Әр нәрсеге бір зауал,
Дейтін еді кезінде.
Би, болысты Тәнір атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды еніретті,
Көз жасына қарамай.
Енді ойласақ, не қалды,
Ата жүрттан кету бар.
Жолға тігіп не жанды,
Тәуекелге беку бар.
Не болмаса, шыбындал,
Тағдырыңа көну бар.
Көнсең күнде шығындал.
Ит қорлықта өлу бар!

ЗІЛДІ БҰЙРЫҚ

«Верныйден» жандаралдар бұйрық қылды,
Күйрығы бұйрығының тіпті зілді.
«Отыз бір – он тоғызды алад» деген,
Суық хабар халықты бүлкүндүрды.

Жылады сорлы халық малын айтып,
«Кеткен соң қолдан шығып, келмес қайтып», –
Дейді де еңірейді, егіледі,
Кайғының күндіз-түні күйін тартып.

«Верныйдың» қадам баспай қаласына,
Кемпір-шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына.

Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсан да баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай эке-шеше жатыр сұлап.
Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр: «бармаймыз, қаламыз» деп.
«Егер де бұл түрінді өзгерпесен,
Басыңа бір ойранды саламыз» деп.
Ел-ел бол, жиылды кеп әрбір сайға,
Ал әлеумет, қараңдар мына жайға.
Сендей болып соғылып, толқындасты,
«Бір сая бола ма деп шыбын жанға?»
Жиылды бозбалалар бір кезенге,
Қарғалы деген тасқын бір өзенге.
Пристав кетті «еріксіз аламын» деп, –
Көресің бұл істі деп, кезегінде.

Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға хаттап алды.
Аттандырып бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.

Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жанында қан, малында қалмай маңыз,
Оразаның күні еді сол уақытта,
Бұл күнде оразаны не қыламыз!

Суында Қарғалының ауыз ашты,
Бір бәлекет халыққа душарласты.
Басшылары кеткен соң тағат алмай,
Жиылған жүрт дағдарып жанталасты.

Келді де, алып кетті жақсыны айдал,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Құн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жөнелді абақтыға соры қайнап.

Жақсыдан жақсы қоймай алды сайлап,
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы жүрт,
Қамалғандар тірідей тартып азап.

Шулайды абақтыға қамалған көп,
Сырттағы жүр: «біз енді қайтеміз?» – деп.
Губернатор, жандарал жауапқа алды:
«Жайлауда ту көтеріп шапқан кім?» деп.

Ешқайсысы айтпаған сон айғай сап кеп,
Өзі айтқан жандаралдың «Бекболат!» деп.
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды «дарға асып, тарт!», – деп.

Қалиқұлды бірге жазды дарасына,
Байбосын қоса кетті арасында.
Абақтыда қалғандар естен танды,
Көзінің қамшы тиіп қарасына.

Әкетті байғұстарды арбаға сап:
«Иманыңды айтатын молданды тап,
Үндерінді шығарма, өңкей надан.
Мұнан былай сөйлеме, аузыңды жап!»

Самсыны¹¹ алған екен Ботбай¹² қамап,
Оларға жігітімен кетті сабап.
Тұтқындарды босатып ала алмады,
Бір пәлеге екінші пәле жамап.

¹¹ Самсы – жер аты.

¹² Ботбай – ру аты.

Пристав та Самсыға барған екен,
Жаныбектің мешітін қамап алған екен.
Жаныбек қажы жанына ара тұрды,
Бір болыс ел жиналып барған екен.

Ала алмай күні бойы әлек болды,
Жаныбек приставқа себеп болды.
Ертеңінде құтылып, Ұзынағашқа
Шандатып келе жатты қара жолды.

Бөлек-бөлек топтанып шоқтай болып,
Бай көпесті өлтірді Ботбай болып.
Қолына онан басқа түк түспеді,
Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.

Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан,
Не боларын бұл істің біле алмастан,
Күш жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
Бозбаланы бітірді кек алмастан.

Шиенде¹³ де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топбасы Сатай өлді.
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.
Шұбырып тауга қарап ел жөнелді,
Не боларын соңының кім біледі?
Тауға шығып, өрмелеп, тасқа бұғып,
Елдің бәрі жанынан түнілді енді.

Ертеңінде ел-елге әскер барды,
Шапшаң түсіп, келсін деп хабар салды.
«Қашқындарды атады» дегеннен соң,
Таудағылар кірер жер таба алмады.

...Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына,

¹³ Шиен – Сүйкөбек тауының солтүстігіндегі жер аты.

Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында.

ХАЛЫҚ КЕГІ

Бой бермес ел өмірі, асau шері,
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері.
Бірде от, бірде суды көктей көшіп,
Талпынып тілегіне басты ілгери.

ЖОЛ ҮСТИНДЕ

Ақмырзаның баласы¹⁴
Ежелден едік сырдесте¹⁵.
Атым арық, қараши,
Амалым жоқ мінбеске.

Жол үстінде болдырып,
Ант еткендей журмеске.
Айдалаға қондырып,
Кетер ме еken бір кеште.

Сырдесте адам осыны,
Айттырмай-ақ білмес пе!
Кеусенім¹⁶ деп тарыдан
Берсе қайтер бір десте?!

ТАППАСПЫН СЕНДЕЙ САЛАҚТЫ

Атаң сенің Таңат-ты,
Жүртты аузына қаратты.

¹⁴ Ақмырза – Екейден шықкан бір атанаң аты.

¹⁵ Сырдесте – сырлас.

¹⁶ Кеусен – қырман иесінің таныстарына беретін сыйбағасы.

Мені үйіңе шақырып,
Алып кепсің арақты.
Қарасаңшы, шіркін-ай,
Жырым-жырым балақты.
Тарғап, Самсы ауылынан
Таппаспын сендей салақты.

АЙТЫСТАР

ЖАМБЫЛ МЕН АЙКУМІС

Жамбыл:

Әдейі ат терлетіп келдім тойға,
Айкүміс, әуелден-ақ болдың ойда.
Әүірі¹⁷ басылмаған албырт едім,
Асығыс айтқаным кінә қойма!

Айкүміс:

Аптығып, ә дегеннен амандаспай,
Әдепті үйренбесің, Жамбыл, жастай.
Асылға арсыдағы¹⁸ қол жетпей ме,
Ақылмен қымылдасаң аспай-саспай?

Жамбыл:

Айкүміс, асықпауға шамам бар ма,
Жасшылық ұрындырды талай жарға.
Сен үшін жатсам, тұрсам арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға.

Айкүміс:

Біле ме пенде шіркін өз кемісін,
Ел кезіп, есер мінез сен де жүрсін.

¹⁷Әүірі – көңілдің құмары, желігі.

¹⁸Арсы (арабша – арсы-ғарыш) – жеті қат көк аспан.

Жаралған жат жүрттыққа ұрғашымыз,
Жарқыным, өкінбеші сен мен үшін!

Жамбыл:

Баарасың бір жаманға өзің қор болп,
Отырың қарқарадай әзір зор болп.
Көзіңе көк шыбынды үймелетер,
Көргенің өле-өлгенше ылғи сор болп.

Айкүміс:

Жамбыл-ау, күпінесің неге сонша?
Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.
Қолдағы қаршығаңнан неге айрылдың¹⁹,
Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Жамбыл:

Жалғанның сорлысы еken қыз берін жігіт,
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп!
Арыны басылмаған арсыз көніл,
ТАҒЫ да етіп отыр сізден үміт.

Айкүміс:

Жігітке көрінеді үміт жеңсік,
Жарымас ол мінезге көніл көншіп.
Жарқыным, одан қайта қолқаңды айтшы,
Әр иені тере бермей, құр білгенсіп.

Жамбыл:

Түйме емес, тоғыз емес тілегенім,
Жұбатпас көнілінді құр өлеңім.
Болмасаң сөзге қашақ, ішке тосаң,
Сырымды айттырмай-ақ білер едің...

Айкүміс:

Жамбыл-ау, жан екенсің сөзге сараң,
Жақпады қай мінезім бүгін саған?

¹⁹) Жамбыл алып қашқан сүйген қызы Бұрымды Сарыбай би төркініне қайтарып берген.

Дітінді²⁰ білтелемей, білдіре айтшы,
Саласың қандай қолқа, тегі, маған?

Жамбыл:

Ауылым жайлап отыр Ақсөңгірді,
Көз сүзіп сіздің жаққа еңсем құрды.
Қолыма бір ұстатсан түсінерсін,
Томпайған төсіндеңі өртентірді.

Айкүміс:

Жамбыл-ау, ұстапаймын, кінә қойма,
Кетейін қайтып ардан мына тойда.
«Жақсы сөз жан семіртер» деген бар ғой,
Әдепті мінездерің жүрсін ойда.

Жамбыл:

Айкүміс, амалым жоқ, қош ендеше,
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.
Атыңды, ақ жүзінді ұмытпаспын,
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше...

ЖАМБЫЛДЫҢ БАҚТЫБАЙ АҚЫНМЕН ТАНЫСУЫ

Бақтыбай:

Біздің ауыл Қаратал,
Шаңырақтың бойында.
Мен үйімнен шыққанда,
Сен бар едің ойымда.
Өзің қандай, мен қандай,
Жалыным аз бойымда.
Кене тартқан шағым бар,
Көзінді сал, пайымда.
Койшыны Құдай атарда,
Шопанға тиер таяғы.

²⁰ Дітінді – ойынды, пікірінді мағынасында.

Кырсау тартқан кісімін,
Мен өлеңдің саяғы.
Күй мен сөзді ағытқан,
Қайратым жоқ баяғы.

Ол күнімде іздеуші ем,
Тояттымды алыстан.
Он бір ақын Найманда,
Бірінің аты – Арыстан.
Арыстанмен мен едім
Күні-түні алысқан.
Алысқан соң жарай ма
Қатарыңдан қалысқан?
Сол бір ұлы дүбірде
Танбал едім шабыстан.
Көн сияқты кәріміз
Енді аяғы шалысқан.
Бір сөйлейін деп келдім,
Естіп сені дабыстан.
Қожақанның үйінде,
Ақын Жамбыл өзіңмен
Кезім осы табысқан.

Жамбыл:

Әуелі сәлем берейін,
Жасыңыз үлкен аға деп.
Өлең-сөзге желейін,
Тұрганында шама кеп.
Бойда қайрат барында,
Ойдан өлең төгілсін.
Сыйласуды көргенде,
Жұрт көңілі егілсін.
Майекеммен айтысып,
Мәлім болған өзіңсін.
Абак, Тарак арасын
Аралаған серімсін.

Алыс, жақын -- бәрін де,
Саралаған ерімсін,
Алдыңызда сөйлейін,
Өлең бойы көрінсін.
Егер сөзім ұнаса,
Оң батаңыз берілсін.
Ұнамаса өлеңім,
Онда менен жерірсін.
Мен жөнімді айтайын:
Шапырашты елінде,
Қара-Қастек қонысым,
Майтөбенің төрінде
Өлеңменен шырқадым.
Алатаудың беліне
Тастап кеттім бір сарын,
Қырғыз, қазақ еліне.
Қаздай қалқып, ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлышашақ
Пірім еді бас ұрған.
Айтқандары нұсқа еді,
Сөзі жаралған асылдан!
Айтар сөзім қысқа еді,
Тоқтатайын осыған.

БӨЛЕКТІҢ ҚЫЗЫ МЕН ЖАМБЫЛ

Қызы:

Көк шолақпен тепектеп,
Торы шолақты жетектеп,
Жанай берме көшімді,
Түйелерім шошиды.

Жамбыл:

Әсем басқан күла атын,
Өзінді де ұннаттым.
Жақындағым келеді,
Жақсы көрген, жұратым.

Кызы:

Қашан күдә болып ең Балғалымен,
Күн өткізген түрің бар сандалумен...
Балғалының батасы бүйірмайды,
Қол қусырып келсең де мал-жаныңмен.

Жамбыл:

Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ,
Жекжатымен ел өсіп жасандамақ.
Ел аруағын сыйламас есер қыздар,
Женіл сөйлеп орынсыз шошандамақ.

Жолаушылап келемін, өзім жүдеп,
Киім тозған, сәнім жоқ, жолға түнеп.
Жылы көріп жүзінді жақындаپ ем,
Қомытсынып сейледің үдеп-үдеп.

Кызы:

Жолаушы адам, білемін, жүдеп келер,
Еру елден бірдене тілеп келер.
Көш қасынан қалмайсың қосанжарлап,
Аулақ жүрсөн, жарқыным, кім өкпелер!

Жамбыл:

Оның рас, жолаушы жүдеп келер,
Жүдесем де мен емес қыз өткерер.
Көкшолақпен көшінде бір жүрмесем,
Балғалыда Бөлектің қызы өкпелер.

Кыз:

Құла қасқа – бәсірем²¹ көшке мінген,
Құлақ жымса атыңды сескендірген.
Қапелімде қаларсың күлкі болып,
Кетсең деймін жарқыным көш шенінен.

Жамбыл:

Не қылсаң да кетпеймін мен қасынан,
Сүйкімді боп баrasың алғашқыдан.
Ат тістесе атымды куанамын,
Тәнірімнің ісі деп жармастырган.

САРЫ АҚЫНМЕН ҚАҒЫСУ

Сары:

Уа, шырақтар, мен едім
Сары Үйсіннің Сарысы.
Сарыбайды сыйлаған,
Екейдің жас, кәрісі.
Жолы болар жігіттің,
Оңға басар әр ісі.
Тұбі жаман дерттің,
Ем болмайды дәрісі.
Уа, Сарыбай, айтып бер,
Осы сөздің не болмак,
Ойлағанға мәнісі?

Аздан соң:

Екейдегі Сарыбай,
Бойға қораш, ойға бай!
Әлгі сөздің мәнісін,
Отырмысың ойламай?

Жамбыл:

Сарекемді састьрып,
Сүйекемнен сүрінген

²¹ Бәсірем – өзіне меншікті төл аты.

Сізге жауап берейін,
Жақтырсаңыз, бүгін мен.
Ақындарды жеңгенде,
Ісіңіз онға жұғірген.
Сүйекемді көргенде,
Жүргегініз түнілген.
Соның емін таба алмай,
Ой алысқа үнілген.
Женілгенді намыс қып,
Аш беліңіз бүгілген.
Сүйекем жоқ бұл жерде,
Дәрі берер тілінен.
Сол емес пе шешуі,
Өзіңізге-ақ жүгінем.

МАЙҚӨТПЕН ДИДАРЛАСУ

Жамбыл:

Үлкенсаздың басында,
Кішісаздың қасында,
Сарыекемнің асында,
Қамбардың қара қасқа атындей,
Мен саламын желіске.
Құйрығымды түйген соң,
Қанатымды сұзген соң,
Жел аударған қаңбақтай,
Келді сөйлер кезіме.
Үлкен аға, кіші іні,
Сөйлеп бір енді берейін.
Қас жүйрікті айтамын,
Шапқан сайын үдеген,
Қас сұңқарды айтамын,
Алыстан тоят тілеген.

Майкөт:

Сапар тартып келіп ем,
Сарыбайдың асына.
Отыз кісі елімнен,
Еріп еді қасыма.
Шырқайын деп шығып ем,
Майтөбенің басына.
Жаңғырықсын дауысым,
Алатаудың тасына.
Естуші едім дабысын,
Жамбыл бар деп осында.
Ақын болса келмейді
Неге менің қасыма?
Неге сәлем бермейді
Мендей кәрі досына?

Жамбыл:

Сәлем уағалайкүм, Майкөт аға!
Есітіп дауысынды келдім жаңа.
Алдынан ұлкендердің өтпейін деп,
Аялдан әдеп еттім біраз ғана.

Сіз бе еді ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.
Саңқылдан, сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.

Келіпсіз біздің елге әдейі іздең,
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед.
Сүйрендеп алдыңызда сөз сөйлемей,
Етейін деп ойладым әдеп-ізет.

Сөйлеген аға тұрып ініден без,
Ежелден елде сондай бар еді сөз.
Аралау ағайынды бір ぶл емес,
Әлі де сізбен талай болармыз кез.

Майкөт:

Бәрекелді, Жамбылым,
Сөз жүйесін келтірдің,
Аңғарыңды таныдым.
Көтеріліп желпіндім,
Аталы сөз мәні мол,
Жылағымды келтірдің.
Тал бойында бар екен
Алыс шабар серпінің.
Ұлы жұзді аралап,
Елдің жайын көп білдім.
Жасы үлкенді ағалап,
Мен де қызмет көп қылдым.
Тауып айтқан сөзіне,
Селт еттім де серпілдім.
Мейірім тұсті өзіңе,
Бата берсем деп тұрмын.

Жамбыл:

Әумиін, батаңызға көтердім қол,
Етейін сізге қызмет мен осы жол.
Той қылып тобымызда отырыңыз,
Менің де, Майкөт аға, тілегім сол.

Майкөт:

Жан-жағыма қарайын,
Жағалай көз салайын.
Аман-есен жүрмісің,
Алыс жатқан ағайын.
Алдарыңа келгенде,
Әнгे шырқап салайын.
Ұзақ күнгө самғасам,
Саңқылдасын сарайым.
Қаздандастып саусакты,
Қос ішекті қағайын.
Алатаудың төсінде,
Аршындал бір шабайын.

Айта жүрсін сөзімді,
Әңгіме ғып маңайым.

Аман-есен жүрмісің,
Шапырашты, Екейім.
Ауылыңды ду етіп,
Өн таратып кетейін.
Сәудегерден бөз қалар,
Ақындардан сөз қалар –
Айта жүрер артымда,
Сөзімді аяп нетейін!

ЖАМБЫЛДЫҢ ШЫБЫЛ ШАЛІГА АЙТҚАНЫ

Шыбыл шал:

Екейде елу бақсы, сексен ақын,
Жаратып мінеді екен, ертеп атын.
Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жын қаққандай кешке жақын.

Сен бе едің Жамбыл ақын сонын бірі,
Домбыра қолындағы дию-пері.
Жоқ екен үкісі мен сылдырмағы,
Көрейін, қандай өзі, берші бері!

Жамбыл:

Ей, не дейсін, Шыбылым,
Кеуденде жоқ шыбының.
Құмға біткен селеудей,
Селдір екен шығуың.
Әр рудың жүрмісің
Төлегелі шығынын.
Шілше тозып кетіпсің,
Шашылып жүр сынығың.
Бір басыңа жетерлік
Былышың мен шылышың.

Жұнісбайға жүгінем,
Сөзді салсын сарапқа.
Шыбыл Шыбыл болғалы,
Бір кәдеге жарап па?
Төрт асылдың баласы²²
Төрт құлақты кемедей.
Ортасында Шыбыл жүр,
Өрт өшірген немедей.
Қайтейін деп осыны
Кетер едім елемей,
Елемеске болмады,
Жабысқан соң кенедей!

ЖАМБЫЛ МЕН БӨЛТІРІК

Жамбыл:

Келіп ем Туғаным деп Қызылбөрік²³
Кеткелі өлеңіме қылып жерік.
Қаңғырып қайтайын деп келгенім жоқ,
Қып-қызыл билерінің жүзін көріп.

Бермендің қалы кілем, бұлғын ішік,
Тамағым салқын тиіп қалыпты ісіп.
Бақайдың²⁴ берекелі Дәркембайы,
Көрген жоқ бұрын саған ісім түсіп.

Біздің ел Алатаудың бауырында,
Сіздің ел Асы жайлай сауырында.
Атаңың Қыдыр шалған қонысында,
Жақсы ма жолыққаным ауыруға?

²² Төрт асылдың баласы – Асылдан тараған Теке, Төлеміс, Құрман, Орымбет деген елдер. Бұлар кісілікті болғанда, Шыбыл руы соның әрқайсысының арасында шашырап жүреді екен.

²³ Қызыл бөрік – Албан ішіндегі ру аты.

²⁴ Бақай – ру аты.

Дәркембай, дәрісін тап, жібер емдеп,
Қалыптың көңіл сынып, қатты деңдеп.
Алыстағы ағайыннан не алды екен деп,
Жүрмесін жетегіме жұрт телмендеп.
Уа, Бөлтірік, Бөлтірік!
Сөз мәуіртін келтіріп,
Бір сөйлесең, нетеді?
Сүйегімді жасыгтың,
Кетейін бе өлтіріп!
Қалай жасып қайтайын,
Осы өнірде сен тұрып.
Ақын атың бар еді,
Сейлесенші серпіліп,
Жасыл жайлай, ақ орда
Қалсын біраз желлініп.
Неге отырсың ұн демей,
Дәркембайдың алдында
Дәтің бармай іркіліп?

Бөлтірік:

Ой, Жамбыл-ай, Жамбыл-ай,
Қашан құлақ салды бай!
Сөз асылын тани ма,
Өзі ақынша қаңғымай?
Енші беріп, үй тіксе,
Әлі келмей жатқан жоқ.
Екей елі бұл өрдің
Келіп дәмін татқан жоқ.
Мата бір топ Жамбылға,
Мал таусылып жатқан жоқ.
Думан қылды аулында,
Сөзін бұлдарап сатқан жоқ.
Өлең беріп жорға алса,
Жамбылдан бір сөз қалса,
Тарамай ма мақтан бол.
Ер көңілін таппасақ,

Үстіне ішік жаппасақ,
Қызылбөрік, Бақайды
Өр мінезді бұл Жамбыл
Жұртқа жаман атайды!

ҚҰЛМАМБЕТ АҚЫН МЕН ЖАМБЫЛ АҚЫННЫҢ АЙТЫСҚАНЫ

(Сәкен Сейфуллин жариялаган нұсқа)

Кұлмамбет:

Құлмамбет менің атым – Құланаян,
Менің Құлан екенім тәнірге аян.
Албан, Дулат жиылып бата берсе,
Кеңес айтып жырлайын етіп баян.
Құланаян Құлмамбет – менің атым,
Сайрайды кеудемдегі жазған хатым.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Құлақ салып, ұға бер, жамиғатым.
Руым – Құланаян, мен – Құлмамбет,
Сейлесsem, көнілімнен тарқайды дерт.
Әрі-бері бұл жазған зуылдасын,
Сөзімді ұға бергін отырған жұрт.
Қара құннің баласы Ысты пакыр,
Кім өлсе, соған түсер заманақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса, ол неме қайда жатыр?!

Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен,
Ертеңгі күн Шаужайдан алар ақыр.
Сейтбагтал ер Әлінің соғысындай,
Не болса да болып қалсын, жылдам шақыр!
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Ақын болса қайда отыр ол немесі?!

Болар-болмас немесін ардақтайды.
Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?

Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарап ма екен салдыруға?
Тең жорға төрт аягым бірдей шалыс,
Менімен жарап ма екен салдыруға?
Топтан озған о-дағы жүйрік болса,
Кесікбай, шапшаңырақ шақыр мұнда.

Жамбылды Құдайберген алып келді,
Жиылған халайықтың бері көрді.
Жамбылды ол Құлмамбет көргеннен соң,
Жамбылға сүйкенісіп сөйлемді енді.
— Шапырашты, сөйлесең жаманың жоқ,
«Шу» десен, берің жүйрік, шабаның жоқ.
Тантайлаған қырғызды бөкселеген,
Баяғыдай гулеген заманың жоқ.
Кіріп келіп есіктен үндемейсің,
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ.
Үндемей кіріп келдің тайпак қара,
Өзің қандай, мен қандай, байқап қара.
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Не басына құн туды, дозақ қара?!
Ей, байқұс, үндемейсің, дергің бар ма?
Үндемеске қылған бір сертің бар ма?
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Ұстасар меніменен кертің бар ма?
Мен айтсам, айтам қалың байлығымды,
Дулаттан жиылып жүрсің шайлығынды.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Бұзбайды жандаралдар жарлығымды.
Ашулансаң аспанды тастап жібер,
Сен де аянбай қымылда барлығынды...

Жамбыл:

Қызғанша айқай шығып, едім салғыр,
Сөйлейсің эр немені, тілің шалғыр.
Келген жерден сөйлейсің тұра тістеп,
Қалайша шайқақтайсың тәңір алғыр?!

Шырқасам болушы едім ақтандар мен,
Жаратты аспан, көкті дәнекермен.
Мылтықтай түтеп тұрған мен бір пестон,
Асықсан ажалыңа келші бермен!
«Шу» десе, жүйрік озар мың сан қолдан,
Демей көр, ескі аруақ, алып қолдан.
Қарасай, дем бере гөр, менің бабам,
Сілтейін будақтатып оң мен солдан.
Құлмамбет, сен жақсы да, мен жаман ба?
Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба?
Қарасайлап қосылсам бүйрекінен,
Ақырында кетерсің бас аманға!
Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай,
Барымташи мал алмас анықтамай.
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,
Делбе кезік кісідей шалықтамай!
Ерлігім ерлігіңе дәп келеді,
Байлығыңа байлығым еп келеді.
Тантайлаған қыргыздай бөкселедім,
Кісіні дым білмейтін тапқандай-ақ,
Есіріп көрген жерден ентеледің!...

Құлмамбет:

Осыны көтке түртті ғой Құдай тағала,
Жапанда жалғыз қурай болмас пана!
Ерлік пenen байлықтан сөз қозғасам,
Көткеншектеп қашарсың, байқұс бала.
Ерсарының жылқысын қаптатсам мен,
Басылып қалар еді бір отаның.
Қалайша болып отырсың қыр мойын,
Аз кідірсең болады сенің тойың!
Жалпы Дулат бұл жақта жата тұрсын,
Бабаның қаптатайын қалың қойын.
Тұра тұр, тағы айтайын көптігімді,
Көптікті айтсам үземін шеттігінді.
Шапырашты күйінменен байлық айтып,
Айыл жіппен тартып кел көттігінді...

Жамбыл:

Мен барайын төмөнгі
Асыл менен Шыбылға.
Мықты болсан, Құлмамбет,
Күрескеннен жығылма!
Бұл жақтағы Дулатты
Тастай бере асығып,
Бабаға барып тығылма...
Балаң қайың бу қылып,
Әруаққа ұрынба...
Еш нәрсе қанша айтқанмен айта алмайсын,
Бұлтарып мен тұрғанда кете алмайсың.
Құдайменде, Құттықсейіт жылқысының
Шетіне он күн жүрсөң жете алмайсың.
Жүрісті атқа мен сені мінгізейін,
Аралатып сені мен жүргізейін,
Құдайменде, Құттықсейіт жылқысының
Шетінен сені апарып кіргізейін.

Құлмамбет:

О, жазған, Албан бай маб Дулат бай ма?
Бабаны айттый тұрсын, деп Дулат жайға.
Сенің байың жұқа бай, байғұс екен,
Қазыналы ойлағын Дулаттай ма?
Жеті мың қой қорада шулап жатыр,
Бес мың құлын желіде шулап жатыр.
Он түйеге көшкенде жамбы артады,
Әбекемнің тіккені жібек шатыр.
Бұл жерден сені жеңбей кетемін бе?
Ақшага толтырармын етегінді.
Албан жағы тоқтасын мұныменен,
Қасқараудан салайын Өтегенді.
Баласы Өтегеннің Нұрақан бай,
Білемің мың жылқы жатыр Қанай.
Сатыпалды, Естемес, Ламак, Самақ,
Бәрін бірдей айтамын біржолата-ай.

Шенет қалды тағы да бүл жағында,
Жаратқан оны да артық патша Құдай.

Жамбыл:

Олай десен барайын күнбатыста Сыпатайға,
Айтпай оны кетпеймін тегі жайға.
Жылқысының есебін адам білмес,
Мәлім шығар жалғыз-ақ бір Құдайға.
Жылқысының бергі шеті
Карақыстак, Қастекте.
Жылқышым ермес көкке,
Мен сейлесем, қаларсың
Ашылмас тұман ескекке.
Жылқысының бергі шеті – Ұшбұлақ,
Арғы шеті – Қозыбасы, Қордай-ды.
Оған тіл тигізген оңбайды,
Егіз екі болмайды.
Арғы шеті Ыргайты мен Теректе,
Жылқышылар мінеді көк серекке.
Тоқсан екі шолақты жиғанменен,
Көрмедім ондай байды төніректе...

Құлмамбет:

Барайын Қасқарауда Бектен байға!
Тарпаң мен Тоқсейіттей байың қайда?!

Сары алалы көк жылқы өзінде бар,
Кожамберді атасы Телітайда.
Сұлтан жатыр Шоқпардың Қайқысында,
Жазған-ау, өлер жерің өзің ойла.
Барайын Жолсейітте Шоранбайға,
Шоманақ пен Шәкейдей байың қайда?!

Шапырашты басыңмен байлық айтып,
Сен кезікпей жатырсың ұрар сайға.
Қалай-қалай сөйлейсің, байқұс шолақ,
Сары майдан дәметкен кеуден қайда?!

|

Жамбыл:

Сыпратайдың артында Қақаман бар,
Қақаманның артында тақаган бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің?
Тоқсан тұлып, алтын бөз жасаған бар.
Жеті мың қой бар дейді Қыықбайда,
Қаптап, қыбырлап жатады тұйық сайда.
Қаратай Қарынбаймен тағы да бар,
Үш мың жылқы бар дейді Телітайды.
Айтайын Төбетті мен, Тәңірі сүйген,
Оларға да қызырдың көзі тиген.
Бәрі де өңкей бекзат, өңкей сыпа,
Жүйрік мініп, басына кәмшат киген.
Сенін тағы дәметкен кеуден қайда?
Алматыда барамын Медеу байға,
Сондай байың бар ма еді бар елінде?
Алматыдай шәріне,
Он бес мың теңге төктіріп,
Кек күмбез үйді салдырған,
Қарасаң көзді талдырған.
Арғы шетін айтайын,
Қызылжар мен Семейден.
Мына шетін айтайын,
Тәшкен менен Нәмәнген,
Әндіжан мен Марғұлан.
Ақша деген неменді
Көн қапқа салып алдырған,
Қай сөзім бар қаңғырған?!.

Күлмамбет:

Ертеде өтіп кеткен Ыбырайым,
«Шу» десе, кек бестідей зымырайын.
Есқожаға тығылған жаман екен,
Бір саларға елінде жоқ па байын?

Жамбыл:

Екейде шыққан озып Байсалбай-ды,
Жылқысы өңкей жорға тайпалмайды.
Жылқысы мен койының есебі жоқ,
Он сегіз мың түйе бар Байсалбайда.
Жылқысының басына кедей барса,
Ат мінгізбей, тон жаппай қайтармайды.
Байғабат, Байсеркенің ақшасы суды бөгер,
Олардағы алдына жан салмайды.
Жұз бұзаулы сиыр бар Оспан байда,
Жеті мың қой қорада шулап жатыр,
Бес мың құлын желіде тулап жатыр,
Асылбегім алдына жан салмайды.
Апиыншы Албанды сонша мақтап,
Немене деп Құлмамбет сайтандайды.

Құлмамбет:

Айтасың, Шапырашты, ерлігінді,
Шыр аймалап соқтырдым белдігімді.
Сертеңдеген Саурығың жаудан өлген,
Көзіме де ілмеймін ендігінді...

Жамбыл:

Рас-ақ, батыр Саурық жаудан өлген,
Шашит болып, тілегін Алла берген.
Қажылық қып кетті ме Максұт аған,
Ағайынмен ұрысып, даудан өлген?!
Шапырашты, Дулаттың бәрі күә,
Шытыр жеген егіздей аунап өлген,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген.
Тұлен тұртіп отыр ма, таз Құлмамбет?
Алақандай басыңың бір қылы жоқ!
Қай жерінмен боласың мәз Құлмамбет?
Албандар Құлмамбетті мақтаған соң,
Арқадан ауып келген ақтабансың.
Таз Албанның баласы десен-дағы,
Алты кісі жан беріп ақтап алсын!..

ЖАМБЫЛ МЕН ҚҰЛМАМБЕТ

Құлмамбет:

Құлмамбет менің атым құлан аян,
Менің Құлан екенім тәңірге аян.
Албан, Дулат жиылып бата берсе,
Кеңес айтып жырлайын етіп баян.
Қара күннің баласы Ысты пакыр,
Кім өлсе соған түсер заманақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса ол неме қайда жатыр?
Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен,
Ертенгі күн шаужайдан алар ақыр.
Сейітбаттал, ер Әлінің соғысындей,
Не болса да болып қалсын, жылдам шақыр!
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Ерекек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса қайдада отыр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.

Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарап ма екен шалдыруға?
Тен жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен жарап ма екен салдыруға?
Топтан озған о-дағы жүйрік болса,
Кешікпей шапшаңырақ шақыр мұнда!

Жамбылды Құдайберген алып келді,
Жиылған халайықтың бәрі көрді.
Жамбылды ол Құлмамбет көргеннен соң,
Жамбылға сүйкеніспі, сөйледі енді.
Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау,
Арам тер талай ақын болды бұлау.

Жамбылға сонда тұрып былай деді,
Басқасы болмаған соң аяқ ылау:

– Болғанда жол ағадан, тон жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан.
Бас қосып бағландармен қалмақ үшін,
Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан.
Аузында сәлемің мен аманың жоқ,
Үлгісіз көргенім жоқ сендей надан.
Жүрмегін омақасын орға түсіп,
Өмірі кішілікке баспай қадам.

Өлеңші өршеленген толып отыр,
Бірі көшіп, біреуі қонып отыр.
Мысалы дүниенің сол секілді,
Бәрі де көрмегендей болып отыр.
Өлеңші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төңіркетей.
Тоғыз тұрмақ ақының он бір болса,
Немене бәрінді де басып өтпей.
Қамалып қам теріге²⁵ бүрмеленбе,
Қысты құн қар астында калған шөптей
Мені шын жеңемін деп желікпей-ақ,
Қойындар abiырды шашпай, төкпей.

Апырмай, Құлмамбеттің келді кезі,
Қалай теріс болады айтқан сөзі.
Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
Шапырашты дегенің немене өзі?!

Шапырашты дегенің некесі жоқ,
Бай болады, диқаншы, тамағы ток,
Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
Дегенің Үштанбалы керегі жоқ.

²⁵ Қам – (арабша) – хам – жас, бұл жерде шикі тері мағынасында.

Албан аға болғанда Дулат іні,
Сөзінде Құлмамбеттің бар ма міні.
Албан, Дулат бәрі кеп айғай салса,
Шапыраштының не болар көрген күні.
Домалақтың төрт ұлы есен болса,
Сірә, женбей қоймаспын бүгін сені.

Жөнделіп жүйткүші ем жөнсіз жерден,
Мен жауға алдырмаушы ем элсіз жерден.
Мылтыққа түтеп тұрған қарсы шауып,
Асықсан ажалыңа келші бермен!
Болғанда мен ақсұнқар, сен бір тауық,
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық.
Болмаса аты шыққан Сүйінбайын,
Басқасын қою керек жылы жауып.
Ажал тұртіп жүрмесін андамастан,
Оқтаулы ақ пернеге қарсы шауып.

Жамбыл-ау, Албан да ағаң, Дулат та ағаң,
Не қылса да артық дүр сенен бағам.
Қасқарau Нұрақанның жылқысын мен қаптатсам,
Қырылар, Шапырашты, бұзау, танаң.

Бұлбұл қабақ бастанған Екейім-ай,
Жұлып алып басынды кетейін бе-ай!
Не деп айтқалы отырсың бұл өленді,
Түбіне таза тақыр жетейін бе-ай!

О, Жамбыл, бүгін болар ұрын тойың,
Ертеңгі күн болады дәл шын тойың.
Тобықтай түзу жерден жол таппайсың,
Бабаның мен қаптатсам қалың қойын.

Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Сенің байың шолақ бай, Дулаттай ма?
Қалың жатқан келейін Майлышайға,

Мұнан соң мен барамын Бектембайға,
Тарпаң мен Тоқсейіттей бегін қайда?
Жұз мың тенге сандықта шіріп жатыр,
Баласы Ниязбектің Сәрсенбайды.
Дәметкен сары майдан кеуден қайда,
Жамбылым, енді келдің ұrap сайға.
Ойың бар айтыспаққа меніменен,
Түбінде кімге зиян, кімге пайда.
Баласы Өтегеннің Нурақан бай,
Хан Шөйбек қарауың көрде жатыр былай.
Көбікбай, Қарабаймен алыс жатыр,
Сатыбалды, Қанайды қайтесің-ай.
Және бар Тілеуқабыл, Үсенбайым,
Сөйлейді шаршы топта бұлбұлдайын,
Алма тартқан кісіге ат береді,
А, Жамбыл, білуші ме ең мұның жайын?!

Тағы бар Жайылмыста молла Сәтім,
Бақ пен қызыр іздеп кеп жалғасатын.
Дәулеті Сегізбектің серке болды,
Салмағы қорғасындай қол басатын.
Бай болған Ормақайға қызыр дарып,
Смайыл келген еді қажы барып.
Солардың үлгі көрген ұрпағы еді,
Соғайын ер Мәңкені ауызга алып.

Алысбай, Мәлік пенен тағы да бар,
Қалай айтсам сыйғандай шағы да бар.
Үйдірыс, қос тотым мен ер Шұманақ,
Кеңпейіл, кетпес дәулет бағы да бар.

Аманжол Қасқарауда, бек Ногайбай,
Тұп-түгел мал мен бастың бәрі де сай.
Ерте жатып, кеш тұрған өңшең сабаз,
Ішкені шай бұлардың, жегені май.

Атасы қызыр шалған Малдыбайдан,
Пірім медет тіледім Әжібайдан.
Күйкі тұғыр секілді бір немені алып келдің,
Әйтеуір біреуімізден төгілді айран.

Шапырашты сөйлесең жаманың жоқ,
Шүү десен, бәрің жүйрік шабаның жоқ...
Кіріп келіп есіктен үн демейсің,
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ.

Үн демей кіріп келдің тайпақ қара,
Өзін қандай, мен қандай байқап қара.
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Не басына күн туды дүзі қара.

Ей, Жамбыл, үн демейсің дертің бар ма,
Үн демеске қылған бір сертің бар ма?
Шапқанмен к... мәлім Шапырашты,
Ұстасар меніменен кертің²⁶ бар ма?

Мен айтсам айтам қалың байлығымды,
Дулаттан жиып жүрсің шайлығынды.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Бұзбайды жандарал да жарлығымды.
Ашулансаң аспанды тастап жібер, –
Сен де аянбай қымылда барлығынды!

Жамбыл:

Қызғанша айғай шығып, едім салғыр,
Сөйлесең әр немені тілің шалғыр.
Келген жерден сөйлейсің тура тістеп,
Қалайша шайқақтайсың, тәнір алғыр!

Сөйлесем өлеңімді түптеп бермен,
Құйылар сөз нөсері көктен, жерден;

²⁶ Керт – әл, қуат мәғынасында.

Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон,
Асықсан ажалыңа келші бермен.

Шұу десе, жүйрік озар мынау жолдан,
Демей көр, ескі аруақ, алып қолдан.
Қарасай, дем бере гөр, менің бабам,
Сөйлейін будақтатып оң мен солдан.

Құлмамбет, сен жақсы да, мен жаман ба,
Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба?
Қарасайлап²⁷ қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің бас аманга!

Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай,
Құлмамбет сөз сөйлейсің анықтамай.
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,
Делбе кезек кісідегі шалықтамай!

Ерлігім ерлігіңе дәп келеді,
Байлығыңа байлығым еп келеді.
Кісіні дым білмейтін тапқандай-ак,
Есіріп көрген жерден ентеледің.

А, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет,
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді.
Қызырып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Құлден ауру жұғады.
Қараңғы тұман түнмен кет!
Тұн де қайтып келеді,
Асқарлы таумен кет!
Тауды да халық мекендер,

²⁷ Қарасай – Шапыраштылардың ұраны

Кесірің жұғар, Құлмамбет,
Кү пәлекет әрмен кет!
Таз Құлмамбет сен болсан,
Мен де алдына тартайын
Мақтан қылар жайымды,
Арқаларсың уайымды,
Ел байлығын қаптатсам,
Болатын әлі-ақ тойың бар.
Жылқысының бір шеті
Алматының өзенінде,
Бір шеті Қарақыстак²⁸,
Кәстектің кемерінде,
Несі болмас Құданың берерінде.
Бұған қайтып жетерсін,
Жалған сөйлеп не керек,
Айтайын сөздің төтесін.
Жылқысының шетінен,
Жарамды атпен сабаулап,
Он күнде әрең өтесін.

Құлмамбет:

Осыны тулен тұтті ғой, Құдай Тағала,
Жапанда жалғыз курай болмас пана!
Беглік пенен байлықтан сөз қозғасам,
Көткеншектеп қашарсың байғұс бала.

Қалайша болып отырсың ырғай мойын,
Аз кідірсең болады сенің тойың.
Жалпы Дулат бұл жақта жата тұрсын,
Бабаның мен қаптатсам қалың қойын.

Тұра тұр, тағы айтайын көптігімді,
Көптіктен айтсам, үземін шеттігінді.
Шапырашты күйінмен байлық айтып,
Өрлікпенен көрсетпе өттігінді!

²⁸ Қарақыстак – Сүйінбайдың туған жері, Алматы облысы.

Жамбыл:

Мен барайын төменгі
Асыл менен Шыбылға.
Мықты болсаң, Құлмамбет,
Күрескеннен жығылма!
Бұж жақтағы Дулатты
Тастай бере асығып,
Бабаға барып тығылма!..
Бабаң қойын бу қылып,
Аруаққа ұрынба!

Ешнәрсе, қанша айтқанмен, ете алмайсың,
Бұлтарып мен тұрганда кете алмайсың.
Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарынбайдай сарандар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт!

Құлмамбет:

О, жазған, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Бабаны айттым, тұрсын деп Дулат жайға,
Сенің елің адамы байғұс екен,
Қазыналы ойлаған Дулаттай ма?

Жеті мың қой қорада шулап жатыр,
Бес мың құлышын желіде тулап жатыр.
Он түйеге көшкенде жамбы артады,
Абекемнің тіккені жібек шатыр.

Бұл жерден сені жеңбей кетемін бе,
Ақшага толтырармын етегінді.
Албан жағы тоқтасын мұныменен,
Қасқараудан салайын Өтегенді.
Баласы Өтегеннің Нұрақан бай,
Білемісің, мың жылқылы жатыр қандай.
Сатыбалды, Естемес, Алмақ, Салмақ,
Бәрін бірдей айтамын біржолата-ай.

Шенет қалды тағы да бұл жағында,
Жаратқан оны да артық патша Құдай.

Жамбыл:

Керек болса ақшаны
Көн қапқа салып алдырған,
Ел көшкенде қазынасын
Алпыс нарға арттырған.
Асыл кілем жаптырған,
Жібектен арқан тарттырған,
Әлемді алып байлығы,
Әсемдігін арттырған.
Олай болса өктемдеп,
Алатауды бәктерлеп,
Бұдан да сырғып өтейін.
Қалай айтсаң олай айт,
Құлмамбет, саған төтейін.
Бұдан шығып аяндап
Кәстекке барып жетейін.
Ол Кәстекті жерлеген,
Ағысы судай өрлеген,
Сұраншы, Саурық батырым,
Шеніне дұшпан келмеген.
Ақ кіреуке жамылып,
Ат кетпеген кермеден.
Садағын белге байланып,
Жауға қылыш сермеген.
Қамын ойлап халқынын,
Тар кезенді бермеген.
Тоятын тілеп алыстан,
Тұғырда тұрып жем жеген!

Барайын енді аяндап Сыпатайға,
Айтпай оны кетпеймін тегі жайға;
Ұлы жүздін тірегі батырым ғой,
Бір болмаған ығай мен сығайыңа.

Қайыры қарашиға сондай жақсы,
Қандырар сусындастып қант пен шайға.

Байлық, бақыт тек оның ерлігінде
Ерлікпен ел намысын берді кімге?!
Өңкей сасық байларың сен мактаған
Қолдарынан түк келмей жүр өмірде.

Кімін бар Сыпатайдай төніректе,
Арғымақ мінгізеді ат керекке.
Түгендеп бір жұмада бола алмайды,
Көсілтіп қамшы басып көксерекке.
Ерлігі мен жомарттығы жаннан асқан,
Пайдасы тиіп жатыр күнде көпке.

Кім мақтамас қайрымды ер Сыпатайды,
Дәүлетімен ораған Алатауды.
Қанша халық аралап жүрсем-дағы,
Жалғанда көргенім жоқ ондай жанды.
Бұл сөзді мұнда тастайын,
Сабыр қылышпаспайын,
Теріскей тұрсын жайына,
Күнгей жақтан бастайын.
Ол күнгейді жерлеген,
Желмая мініп, желменен,
Өрге салсан өрлемеген,
Жер жәннәтін жерлемеген,
Байтелі, Қаумен, Дәүлетті,
Жәпек²⁹ пенен төртеуі –
Бәрі ерлер әулетті.
Өнері асып әр жаннан,
Түзеген көшін сәулетті.
Асықпай тында, Құлмамбет,
Беремін кезек нәубетті³⁰
Онан бері асайын.

²⁹ Байтелі, Қаумен, Дәүлет, Жәпек – Ұлы жүздің ру аттары.

³⁰ Нәубет – (арабша) – кезек, мұрша мағынасында.

Теріскейге қадам басайын.
Жоғарғы шеті Мырзабек,
Бәрі де өңшең қара көк.
Арғы атасы Қашке – қарадан хан болған,
Қылған ісі Әбілпейіске таң болған.
Арақты ер болып,
Алқабылмен ел болып,
Сондай-сондай жан болған.
Теменгі шеттен айтайын:
Әлі менен Нұрабай –
Ер Қашкенің тұқымы.
Атасы жауга аттанып,
Жауды көрсе шагтанаңып,
Ат құйрығын бұлады,
Елінің басын құрады.
Онан былай өтейін,
Көзінді сенің көр қылып,
Келденендең кетейін.
Ертерек жүріп ентелеп,
Серектасқа жетейін.
Серектасты жерлеген,
Байлығы тасып, көлдеген,
Қылыбай ұлы Қожамбет
Көк берендей тұтеген,
Көкірегіне Құдайым
Тоқымай нұрды бітеген.
Айға білеп ауызын,
Аспанға қолын сілтеген.
Көтерілсе талайым,
Тұстік жерге тоқтамай,
Орынсыз мылтық оқтамай,
Өтеген, Қазыбекке³¹ барайын.
Сол жерде жатып, өтендереп,
Атамыз қылған мекен деп,
Ыбырайымның алты ұлы,

³¹ Өтеген, Қазбек – Алматының солтүстік батысындағы тау аттары, батырлардың атымен аталған.

Алтауы да арыстан.
Дұспанын табанына жанышқан.
Қазақтын қамқор ерлері,
Қарулымен қағысқан,
Азулымен алысқан.
Уа, Құлмамбет, сөз тыңда,
Байларым деп салмақтап,
Не қыласың құр мақтап
Өңкей ақымақ есекті.
Елдің сиқын кетірген,
Кәсіп қып өтірік-есекті.
Мен сөйлесем қаларсың
Ашылmas тұман ескекке.
Баймын деп сендей тасыман,
Кедеймін деп жасыман!
Берекелі елді айтам.
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөз асырман!

Құлмамбет:

Барайын Қасқарауда Бекет байға,
Тарпаң мен Тоқсейіттей байың қайда?
Сары алалы, көк жылқы өзінде бар
Кожамберді атасы Телдітайды.

Сұлтан жатыр Шокпардың³² қайқысында,
Жазған ау, өлер жерің өзің ойла.
Барайын Жолсейітте Шоранбайға,
Шоманақ пен Шәкейдегі байың қайда?

Шапырашты басыңмен байлық айтып,
Сен кезікпей жатырсың құлар сайға.
Қалай-қалай сөйлейсің байғұс шолак,
Сары майдан дәметкен кеуден қайда?
Өлеңді бір соғайын түйдегімен,
Әжібайлап тиейін бүйрекіңнен.

³² Шокпар – Шу өзенінің шығысындағы жер аты.

Не деп айтқалы отырсың бұл өлеңді, –
Сен тұрмак үміт көрмен үйдегіннен.

Шапырашты, мақтанба, к... белгілі,
Әркім-ақ тұрған шығар бесп-белгілі.
Құладынды қайырып қуға салсақ,
Тышқан алған көруші ек бөктергіні.

Салғалы отырсың ба көптігінді,
Тіпті керек қылмаймын септігінді,
Айыл жіптеп тартып кел шеттігінді,
Ерегіссең үземін көвшігінді.

Жамбыл:

Сыпатаидың артында Қақаман бар,
Қақаманның артында тақамам бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің,
Тоқсан тұлып, алтын боз жасаған бар.

Екейден мен айтайын Байсалбайды,
Тең жорға төрт аяғым, тайпалмайды.
Аңырып әніме андар қалатұғын,
Өлеңді бүйтіп жыршы айта алмайтын.
Апиыншы Албанды сонша мақтап,
Құлмамбет неменеден сайтандайды!

Біздің елдің адамы өнері асқан,
Өнерімен талайдың көnlін басқан.
Жерді көрген, ел көрген, қала барған,
Бір кем емес байынан асып-тасқан.
Алматының шәһәрінде
«Кек күмбез» үйіді салдырған.
Қарасаң көзді талдырған.
Арғы шетін айтайын:
Қызылжар мен Семейден.
Мына шетін айтайын:
Ташкент пенен Наманган,

Әндіжан мен Марғұлан.
Ақша деген неменді
Капқа салып алдырған.
Жігіттер бар жетілген,

Орыс, қазақ ұжым боп³³
Тізе қосып бекінген.
Бұларды айтсам мақтанып,
Жерім бар ма шалдырған.

Құлмамбет:

Ертеде өтіп кеткен Ыбырайым,
Шүү десе көк бестідей зымырайын.
Есқожаға тығылған жаман екен,
Бір сапарға елінде жоқ па байың?

Айтасың, Шапырашты, ерлігінді,
Шыр айналып соқтырдым белдігімді.
Секендерген серкенің ажалы деп,
Ақыры Саурық, Сұраншың жаудан өлген,
Көзіме де ілмеймін ендігінді.
Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы
Ерліктен тапқан олжа, пайдан-дағы.
Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп
Шайқалды Сарыбайдың саймандары.

Саймансыз Сайрамдағы сарттан өлген,
Шоқпарлы сарбаздан жәбір көрген.
Ерлікте батырлық пен нең бар жазған,
Быт-шыт қып денелерін жерге көмген.
Жамбасы Сарыбайдың сонда шыққан,
Дәлелді сөзім осы естіп ұққан,
Иман айтып, жаназа шығармастан,
Апарып екі бүктелеп жерге тыққан.
Алдынан айғақ болып шығады-ау деп,
Жүрмесен құрбелектеп қорқып сұқтан.

³³ Ұжым – бірлік, ынтымақ мағынасында.

Жамбыл:

Жақсылық-жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан көрген бізді сескенеді.

Жалғыз-ақ сен болмасаң, таз Құлмамбет,
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді.
Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген.
Халық үшін шәйіт болып жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазак құрметтеп соңына ерген.
Қажылық қып кетті ме Мақсұт ағаң?
Ағайынмен ұрысып даудан өлген.

Шапырашты, Дулаттың бәрі күә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.
Мақтаған байларыңың онғаны жоқ,
Теніректің төрт бүрышын жалмап өлген.

Түлен түртіп отыр ма, таз Құлмамбет,
Керіқұл мен Сақаудан аз Құлмамбет.
Алақандай басыңың бір қылыш жоқ,
Боласың неменеге мәз, Құлмамбет.

Құлмамбет, мен білемін, түбің Уак,
Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбап.
Басыңды осы арада кесіп алсам,
Кісі жоқ қылмысыңдан алар ақтап.

Үстіңе жайдың оғын жайларатмын,
Екі қолыңды артыңа байларатмын.
Арамызда кісі өлтірген қашқын жүр деп,
Жүртіңа здавайттап³⁴ айдатармын.

³⁴ Здавать (орынша – сдавать) – беру, тапсыру мағынасында.

Құлмамбет, ақын Шаншар, Суандалдың³⁵
Нашар едін, бұл күнде жуандандын.
Сенің де мақтанатын жайың да жоқ,
Куарып үш бешпентпен кутандадын.

Құлмамбет, Суандалдың Албан менен,
Албандай бай болмадың алғанменен.
Байғұс-ау, қай жеріңмен мақтанасың,
Есің жоқ шашың жүрттә қалғанменен.

Арқадан ауып келген ақтабансың,
Елді алдаң «ақынмың» деп мақтанғансың.
Таз Албанның баласы Құлмамбет деп,
Дүйсенбай, Сэт, Мәңке жанын беріп ақтап алсын.

Жамбылдың жеңіп бәйге алған жері,
Жеңіліп Құлмамбеттің қалған жері.
Ішегі Құлмамбеттің үзіліп қап,
Осы екен бір азғантай арман жері.

ҚҰЛМАМБЕТ ПЕН ЖАМБЫЛ АҚЫННЫҢ АЙТЫСҚАНЫ

(Үмбетәлі Кәрібаев жеткізген нұсқа)

Құлмамбет менің атым Құланаян,
Менің Құлан екенім тәнірге аян.
Албан, Дулат жиылып бата берсе,
Кеңес айтып жырлайын етіп баян.

Құланаян Құлмамбет – менің атым,
Сайрайды кеудемдегі жазған хатым.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Құлақ салып ұға бер, жамиғатым.

³⁵ бұрын тубін Шаншар еді, енді Албан-Суан болдың дегені.

Рұым Құланаян, мен Құлмамбет,
Сейлесем көнілімнен тарқайды дерт.
Әрі-бері бұл жазған дуылдастын –
Сөзімді ұға бергін, отырған жұрт.
Кара күннің баласы Ысты пакыр,
Кім өлсе, соған түсер заманақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса ол неме, қайда жатыр?!

Бұгінгі күн елеусіз қалғанымен,
Ертеңгі күн шаужайдан алар ақыр.
Сейтбаттал, ер Әлінің соғысындей,
Не де болса да болып қалсын, жылдам шақыр!

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса, қайда отыр ол немесі,
Болар-болмас немесін ардақтайды.

Кұдайберген, кісі жібер Жамбылына,
Жамбылды болмады ма алдыруға?
Жамбыл деп осы арада жан мақтайды,
Сол неме жарап ма екен пар қылуға?

Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарап ма екен шалдыруға?
Тең жорға тәрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен болар ма екен салдыруға?
Топтан озған о-дағы жүйрік болса,
Кешікпей шапшаңырақ шақыр мұнда!
Жамбылды Кұдайберген алып келді,
Жиылған халайықтың бәрі көрді.
Жамбылды ол Құлмамбет көргеннен соң,
Жамбылға сүйкенісіп сөйледі енді.
Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау,
Арам тер талай ақын болды бұлау.
Жамбылға сонда тұрып былай деді,
Басқасы болмаған соң аяқ ылау.

Болғанда жол ағадан, тон жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан.
Бас қосып бағландармен қалмақ үшін
Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан.
Аузында сәлемің мен аманың жоқ,
Үлгісіз көргенім жоқ сендей надан.
Жүрмегін омақаса орға түсіп,
Өмірі кіслікке баспай қадам.

Өлеңші иттен де көп, боктан да көп,
Әйтеуір айтады ғой бірдеме деп.
Қайтқан құстай жиналып қалған екен,
Біразырақ сөйлесін Құлмамбет кеп.

Өлеңші өршеленген толып отыр,
Бірі көшіп, біреуі қонып отыр.
Мысалы дүниенің сол секілді,
Бәрі де көрмегендей болып отыр.
Өлеңші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төңіректей.
Тоғыз тұрмақ, ақының он бір болса,
Немене, бәрінді де басып өтпей.
Жамбыл, қам теріге бүркеленбе,
Қысты құн қар астында қалған шөптей.
Меніменен женем деп, желікпей-ақ
Қойындар, абиырды шашпай, төкпей.
Апырмай, Құлмамбеттің келді кезі,
Қалай теріс болады айтқан сөзі.
Албан, Дулат бәрі кеп атқа қонса,
Ысты, Ошақты, Шапырашты дегенің немене өзі?!

Шапырашты дегеннің некесі жоқ,
Бай болады диқаншы тамағы ток,
Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
Дегеннің Үш таңбалы керегі жоқ.
Шапырашты, сөйлесең жаманың жоқ,
Шүү десен, бәрің жүйрік, шабаның жоқ.

«Жантайлаған» қырғызды бөкселеген,
Баяғыдай гулеген заманың жоқ.
Кіріп келіп есіктен, үндемейсің,
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ.

Үндемей кіріп келдің, тайпақ қара,
Өзің қандай, мен қандай, байқап қара.
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Не басыңа күн туды дұзі қара.

Ей, байғұс, үндемейсің дертің бар ма,
Үндемеске қылған бір сертің бар ма?
Шапқанмен к...ің белгілі Шапырашты,
Ұстасар меніменен к...ің бар ма?
Мен айтсам, айтам қалың байлышымды,
Дулаттан жиып жүрсің шайлығынды.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Бұзбайды жандарал да жарлығымды.
Ашулансаң, аспаныңды тастап жібер,
Сен де аянбай қымылда барлығынды.

Албан аға болғанда Дулат – іні,
Сөзінде Құлмамбеттің бар ма міні.
Албан, Дулат бәрі кеп айғай салса,
Ысты, Ошакты, Шапырашты не болар көрген күні?!

Домалақтың төрт ұлы есен болса,
Мәрту ішсең де қоймаспын бүгін сені.
Жөнделіп жүйткісем жөнсіз жерден,
Мен жауға алдырмаушы ем елсіз жерден.

Мылтыққа түтеп тұрған қарсы шауып,
Асықсан ажалыңа, келші бермен!
Болғанда мен ақсұңқар, сен – бір тауық,
Сен этеш айғайлағыш ауық-ауық.

Болмаса аты шыққан Сүйінбайың,
Басқасын қою керек жылы жауып.
Ажал тұртіп жүрмесін аңламастан,
Оқтаулы ақберенге қарсы шауып.

А, Жамбыл, Албан да аған, Дулат та аған,
Не қылса да артық тұр менің бағам.
Қасқарау Нұрқанның жылқысын мен қаптатсам,
Қырылар, Шапыраштым, бұзау-танан.

Мылтыққа салып қойған мен бір пестон,
Асықсан ажалыңа, келиші, балам.
Бұлбұл қонақ бастанған Екейім-ай,
Жұлып алып басыңды кетейін бе-ай!
Не деп айтқалы отырысқаң бұл өлеңді,
Түбіне таза тақыр жетейін бе-ай!

О, Жамбыл, бүгін болар ұрын тойын,
Ертенгі күн болады дәл шын тойың.
Тобықтай түзу жерден жол таппайсың,
Бабаның мен қаптатсам қалың қойын.

Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Сенің байың шолақ бай, Дулаттай ма?
Ауылы Албан солғын, Дулат жай ма?
Басқа сөз жайын қоя тұрып,

Қалың жатқан келейін Малыбайға,
Мұнан соң мен барайын Бектембайға,
Тарпаң мен Тоқсейіттей байың қайда?
Жұз мың теңге сандығында шіріп жатыр
Баласы Ниязбектің Сәрсенбайды.

Дәметкен сары майдан қеуден қайда,
Жамбылым, енді келдің ұrap сайға.

Ойын бар айтиспаққа меніменен,
Тұбінде кімге зиян, кімге пайда?!

Баласы Өтегеннің Нұрақан бай,
Хан Шойбек Қараңгірде жатыр былай.
Көбікбай Қарабай мен алыс жатыр,
Сатыбалды, Қанайды қайтесін-ай.

Және бар Тілеуқабыл, Үсенбайым,
Сөйлейді шаршы топта бұлбұлдайын,
Алма тартқан кісіге ат береді,
А, Жамбыл, білуші ме ең мұның жайын?!

Тағы бар Жайылмыста Молдаш, Сәтім,
Бақ пен қызыр ізден кеп жалғасатын.
Дәүлеті Сегізбектің серке болды,
Салмағы қорғасындай қол басатын.

Бай болған Ормақайға қызыр дарып,
Ысмайыл келген еді қажы барып.
Солардың үлгі көрген ұрлағы еді,
Согайын ер Мәнкені ауызға алып.

Алысбай, Мәлік пенен тағы да бар,
Қалай айтсам, сыйғандай шағы да бар.
Ыңдырыс, Құстоты мен ер Шұманақ,
Кенпейіл, кетпес дәүлет бағы да бар.

Аманжол, Қасқарауда, бек Ноғайбай,
Түп-түгел мал мен бастың бері де сай.
Ерте жатып, кеш тұрған өңшең сабаз,
Ішкені шай бұлардың, жегені май.

Атасы қызыр шалған Малдыбайдан,
Пірім медет тіледім Әжібайдан.
Күйкі тұғыр сықылды бір немені алып келдің,
Әйтеуір біреуімізден төгілді айран.

Сонда Жамбыл сөйлейді:

Ал қадір, атыңыздан ақ ол қадір,
Бұл жерге келіп отыр Екей Жамбыл.
Кесілген аяғыңды бір жимайсың,
Не басына күн туды, тәңір алғыр!

Ал қадір, атыңыздан қадір дана,
Құлыша Алла деген болғын пана.
Кесілген аяғыңды бір жимайсың
Не басына күн туды, дұзі қара!

Құлмамбет, сөз сөйлейсің анықтамай,
Алды-артыңды сөйлейсің парықтамай.
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,
Делбе кезек кісідей шалқақтамай.
Үйстыда толып жатыр қой мен жылқы,
Қасабек Дәулетбақ пен қызыл тұлкі.
Бабаның қата қойын маған балап,
Досқа таба, дүшпанға болма күлкі.

Ал, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет!
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бүмен кет!
Онда да кесірің тиеді,
Қызырып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады.
Қаранғы тұман тұнмен кет!
Тұн де қайтып келеді,
Аскарлы таумен кет!
Тауды да халық мекендер.
Кесірің тиер, Құлмамбет,
Қу пәлекет, әрмен кет!
Таз Құлмамбет, сен салсан,

Мен де салам байымды,
Азын-аулақ шайымды.
Асықпасаң, Құлеке,
Табарсың әлі-ақ жайыңды.
Менің де Құттықсейіт байым бар,
Қайтетұғын сыйың бар.
Қалың байды қаптатсам,
Болатын әлі-ақ тойың бар.
Жылқысының бір шеті
Алматының өзенінде,
Бір шеті Қарақыстак,
Қастектің кемерінде,
Несі болмас Құданың бермесінде,
Бұған қайтып жетесің,
Жалған сөйлеп не керек,
Айтайын сөздің төтесін.
Жылқысының шетіне
Жарамды атпен сабаулап,
Он күнде әрең жетесің.
Оны саған салып не етейін,
Оны да тастап кетейін.
Алматыда аяндал
Медеу байға жетейін.
Пар келмес сенің байың Медеу байға,
Бұл Жамбыл Медеуді айтпай кетпес жайға.
Тоқсан екі шолақты жинағанмен,
Жазған-ая, бұған жетер байың қайда?
Қырық мың сомға жалдатып,
Калаша үй салдырған.
Асыл тастан үй қалап,
Кара көзді талдырған.
Ел көшкенде қазынасын,
Алпыс нарға арттырған.
Асыл кілем жаптырып,
Жібектен арқан тактырған,
Әлемді алып байлығы,

Эсемдігін артқызған.
Оны саған салып не етейін,
Мұны да тастап кетейін.
Алатауды бөктерлеп,
Бұны да сырғып өтейін.
Қалай айтсан, солай айт,
Құлмамбет, саған тәтейін.
Бұдан да шығып аяңдап
Қастекке барып жетейін.
Ырысы судай өрлеген
Сұраншы, Саурық батырым,
Шеніне дүшпан келмеген.
Ақ кіреуке жамылып,
Ат кетпеген кермеден.
Садағын белге байланып,
Жауға қылыш сермеген.
Қамын ойлап халқының,
Тар кезенді бермеген.
Тоятын тауып алыстан,
Тұғырда тұрып жем жеген!

Барайын енді аяңдап Сыпатаіға,
Бұл Жамбыл Сыпаны айтпай кетпес жайға.
Қайыры қарашаға сондай жақсы,
Қандыrap сусындастып, қант пен шайға.
Жылқысының бас жағын айтпаймын,
Қарақыстақ, Қастекте.
Аралауға амандалап,
Жылқышы мінер міскегіне.
Таз Құлмамбет, жолықтың,
Ашылмас тұман, өскінге.
Үргайты шеткі жері Ақтеректің,
Арғымақ мінгізеді ат керекке.
Түгендеп бір жұмада бола алмайды,
Көсілтіп қамшы басып көксерекке.

Өзінде 83 мың жылқысы бар,
Асыл тұқым жинаған әр түлік мал.
Жарлы емес еш нәрсеге балалары,
Жегені шекер мен бал, жая мен жал.
Тоқсан екі жылқышы аралайды,
Оларға тіл тигізген жарамайды.
Қанша халық арапап жұрсем-дағы,
Жалғанда көргенім жоқ мұндай байды.
Мына шетін айтайын:
Қозыбасы, Қордай-ды,
Оған тіл тигізген оңбайды.
Қасиеті сонша мол,
Егіз де екі болмайды.
Жүгі қалып жұртында,
Керегесін көк ішінде қомдайды.
Аузы асқа жарымай,
Сейтіп, Құдай жәндейді.
Көсегесі көгеріп,
Көгал жерге қонбайды.
Бұл сөзімді мұнда тастайын,
Сабыр қылып тастайын.
Теріскей тұрсын жайына,
Күнгей жақтан бастайын.
Ол күнгейді жерлеген,
Желмая мініп желменен,
Тұрікпен мен Тұктіқұрт,
Сол кісіден тараған.
Байтелі, Қаумен, Дәулетті,
Жәпек пенен төртеуі –
Бәрі бірақ әулетті.
Үш жұз, бес жұз жылқы айдал,
Тұзеген көшін сәулетті.
Асықпай тында, Құлмамбет,
Берейін кезек нәубетті.
Онан бері асайын,
Теріскейге қадам басайын.

Жоғарғы шеті Мырзабек,
Бар еді өңкей қара-көк.
Арғы атасы Қашке хан болған,
Қылған ісі Құлпейіске таң болған.
Аруақты бек болып,
Ауданымен көп болып,
Сондай-сондай жан болған.
Төменгі шеттен айтайын:
Әлі менен Нұрабай
Хан Қашке тұқымы.
Атасы жауға аттанып,
Ат күйрығын бұлады.
Онаң былай өтейін,
Көзінді сенің көр қылып,
Көлденендең кетейін.
Ертелеп жүріп ентелеп,
Серектасқа жетейін.
Серектасты жерлеген,
Байлығы тасып көлдеген,
Кильтайұлы Қожамбет,
Көк беренді түптеген,
Кекірегіне Құдайым,
Тоқымай нұрды біттеген.
Айға білеп аузыын,
Әр шыңға қолын сермеген.
Көтерілсе талайым,
Тұстік жерге тоқтамай,
Орынсыз мылтық оқтамай,
Өтеген, Қазыбекке барайын.
Сол жерде жатқан Өтен деп,
Атамыз қылған мекен деп,
Ыбырайымның алты ұлы,
Патшадайын өндеген.
Ең ұлкені Нұрқожа,
Онаң кейін Айтқожа,
Онаң кейін Байқожа,

Райыс, Дияс тағы бар,
Алланың берген бағы бар.
Ең кенжесі Аспарды,
Бұл Жамбыл қабандай қайкарды.
Шын пәлекет басталды,
Таз Құлмамбет сен болсан,
Көлемін көктің бөктеріп,
Тіресен, таста аспанды!

Құлмамбет

Жамбыл, отқа салар майың жоқ па,
Құдайға айтып сояр малың жоқ па?
Есқожаға сүйенген жорға екен,
Саларға өз елінде байың жоқ па?
Шүу десен, Шапырашты, шабаның жоқ,
Бәрін жүйрік гулеген, шабаның жоқ.
Қырғызды Қанай менен бөкселеген
Саурық, Сұраншының заманы жоқ.
Өленді бір согайын түйдегімен,
«Әжібайлап» тиейін бүйіріңнен.
Не деп айтқалы отырсың бұл өленді,
Сен тұрмақ, үміткермін үйдегіңнен.
Ойбай-ай, мына к... тұртты Құдай Тағала,
Ісіне құдіреттің не дүр шара.
Шапырашты басымен шалқақтайды,
Орыстың заманына не дүр шара.
Шапырашты мақтанба, к...ң белгілі,
Әркім-ақ тұрган шығар беп-белгілі.
Құла дүзде қайырып қуға салса,
Тышқан алған көруші ек бөктергіні.
Сен маған салғалы отырсың ба көптігінді,
Тіпті керек қылмаймын септігінді.
Айыл жіптен тартып кел шеттігінді,
Ерегіссем, үземін көпшігінді.
Салғалы отырсың ба ерлігінді,
Ерлігің мен қыласың беклігінді.
Ерлік пенен беклікте нең бар, сорлы,

Ерлік пенен беклігім сенен артық.
Селтендеген серкенің ажалы деп.
Ақыр тұбі Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
К...і де сүртпеймін ендігінді.

Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы,
Ерлікпенен тапқан олжа, пайдан-дағы.
Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп,
Жайғалды Сарыбайдың саймандары.
Саймансыз Сайрамдағы сарттан өлген,
Шоқпарлы сарбаздан жәбір көрген.
Ерлікте батырлық пен нең бар жазған,
Быт-шыт қып денелерін жерге көмген.
Жамбасы Сарыбайдың сонда шыққан,
Дәлелді сезім осы, естіп ұққан,
Иман айтып, жаназа шығармастан,
Апарып екі бүктең, жерге тыққан.
Алдынан айғақ болып шығады-ау деп,
Жүрмісің көлбелектеп, қорқып сұқтан.

Жамбыл:

Екейден мен айтайын Байсалбайды,
Тең жорға төрт аяғы тайпалмайды.
Аңырып әніме аңдар қалатұғын,
Өлеңді бүйтіл жыршы айта алмайтын.
Апиыншы Албанды сонша мақтап,
Құлмамбет немене деп сайтандайды.
Миллион сом сандықта шіріп жатыр,
Мың сегіз жұз түйе бар бай Шалбайда.
Пақыр мен желісіне мұскін барса,
Ат пен түйе мінгізбей қайтармайды.
Мың-мыңнан қойы қоздап, шулап жатыр,
Бес жұз құлышин желіде тулас жатыр.
Екі адамға бір желі орнатады,
Қонақ келсе, қой сойып, қол қусырып,
Күнде той тамашамен дулас жатыр.

Тағы бар бұ жағында Асылбегім,
Шынжырлы, шұбар балақ, қара көгім.
Байсерке, Байғабат пен ер Шотайды,
Айта берсем, таусымас оның кебін.
Жақсылық жамандықпен теншеледі,
Кім жүйрік, кім шабан екшеледі.
Сатайдың сақасы өрде жатыр,
Оны да көрген дұшпан сескенеді.
Жалғыз-ақ, сен болмасаң, таз Құлмамбет,
Жамбыл да сенен өзге ақынды еңселеді.
Оның рас, таз Құлмамбет, –
Сұраныш Саурықпенен жаудан өлген,
Құдайдан шейіт болып, қаза келген.
Осы сөз қырсық болар, қойсаңшы сен.
Қажылық қып кетіп пе еді Мақсұт ағаң,
Шытыр жеген түйедей көні кеүіп,
Бір сайда іріп-шіріп, аунап өлген,
Ұрысып ағайынмен даудан өлген.
Әртүрлі жамандықты естіп өлген,
Қорлықпен буындырып, күшпен өлген.
О немең өлгенде де жөндеп өлмей,
Аузына бірдемесін тістеп өлген.
Не деп айтқалы отырсың, таз Құлмамбет,
Керейқұл мен Сақаудан аз Құлмамбет.
Алақандай басында бір қылыш жоқ,
Боласың неменеге мәз, Құлмамбет.
Құлмамбет, мен білемін, түбің – Уак,
Арқадан кісі өлтіріп, келдің шұбап.

Басынды осы арада кесіп алсам,
Құнынды алар кісі жоқ, іздеп-сұрап.
Үстіңе жайдың оғын жайларатмын,
Екі қолынды артыңа байларатмын.
Без белет, кісі өлтірген қашқын жүр, – деп,
Жұртыңа здавайттап айдатармын.
Қызынды төрт ат, жұз теңгеге сатып жүрсің,
Қызыққа тамаша мен батып жүрсің.

Соттан сотқа басынды шатып жүрсің,
Сары иттей ине жеген катып жүрсің.

Құлмамбет, ақын Шаншар, Суандалдың,
Нашар едің, бұл күнде жуандалдың.
Сенің де мақтанатын жайың да жоқ,
Қуарып үш бешпепен қуандадың.

Құлмамбет, Суанды алдың Албан менен,
Албандай бай болмадың алғанменен.
Байғұс-ая, қай жеріңмен мақтанасың,
Есің жоқ, шешең жұртта қалғанменен.
Арқадан ауып келген ақтабансың,
Елді алдап, ақынмын деп мақтанасың.
«Таз Албанның баласы Құлмамбет» деп,
Дүйсенбай, Сәт, Мөңке жанын беріп ақтап алсын.
Жамбылдың жеңіп, бәйге алған жері,
Жеңіліп Құлмамбеттің қалған жері.
Ішегі Құлмамбеттің үзіліп қап,
Осы екен, бір азғантай арман жері.
Желөкпе Құдайберген тентек адам,
Женді деп біздің Жамбыл, не қылса да,
Ұрыс-керіс, шатақты салған жері.
Сонан соң бұл Жамбылдың данкы шыққан,
Болған соң абырайлы барған жері.

ЖАМБЫЛ МЕН САРБАСТЫҢ АЙТЫСЫ

Сарбас:

Мен келдім домбырамды қолыма ала,
Бір сөзді өзім тұрып айттым жана.
Мен келген соң бұл жерде неге тұрсын,
Қара сирак, қалбағай қара бала.

Ішінде Қасқараудың Сарбасың мен,
Шапырашты кенедей, Дулатым кен.

Домалақтай³⁶ енеңе тіл тигізсен,
Аруақ пен Құдайға жолықтың сен.

Қасқараудың ішінде атым Сарбас,
Жақсылап сөйле дейсің, алдияр бас.
Бұл жерден жарты ауыз сөз алдырмаймын,
Былжырамай, сен өзің, еліңе қаш!

Дулат деген ел едім,
Мені байқап қарасаң,
Орнап жатқан көл едім.
Шапырашты ел ме екен,
Ойқастау саған жөн бе екен.
Мен Майкеттін сегіз ұлының бірімін,
Мен сендейдің бәрін де,
Жаныштап жастап жүр едім.
Шақырган соң қауымым,
Бұл жиынға кеп едім.
Нагашым Жалайыр, ақын Қабан,
Осал жерден шықты демегін.
Қабанның арғы атасы Әлік, Аман,
Біреу жүйрік болғанда, біреу шабан.
Біреу жақсы болғанда, біреу жаман,
Қара баланы әдейі жалтақтатып,
Сақтап па едіндер, бектер, маған?
Сыртыңдан сені бағармын,
Қазықтай жерге қағармын.
Талай-талай мінің бар,
Іздеп жүріп табармын.
Көптігімді айтайын,
Жарықшақтың үш ұлы,
Дулат, Албан, Суанды,
Қоңырбөрік ішінде
Кездестірдің жуанды.
Ұзынағаштағы егінші

³⁶ Домалақ ене – Албан, Суан, Дулат елінің анасы аталауды, ол Байдабектің үшінші зайыбы. Шапырашты мен Дулат он бес атадан барып қосылады.

Бұл араға келгенге
Неменеге қуанды?
Шапырашты сенен Дулат көп едім,
Бәрі бай, бәрі мырза бек едім.
Тіленшінің құнындай
Берекесіз ел едің.
Үміт қылып келіпсің,
Мені алдыра пар демегін.
Төрт Дулаттың баласы,
Албан жатыр алыста,
Суан жатыр арыста,
Менімен түстің жарыска,
Өңкей бектер қарап тұр,
Бәрің бірдей қалысқа.
Озбаспенен жарыспа,
Күш жетпеспен алыспа!
Дулаттап ұран шақырсаң,
Ноғайбай мен Байбұлан
О да келер намысқа.
Құр бекерге жарбандап,
Болмас жерде жабыспа!
Елімнің шетін айтайын,
Жаркентті барып жерлеген,
Малы жерді кернеген.
Байлыш пенен көптікке
Ешкімге намыс бермеген.
Сарбас ақын бұл жерде,
Көл дүкендей орнаған.
Нағашы атам Мақтамазам әулие,
Қысылған жерде қолдаған.
Тіл тигізген онбаған.
Бейнет айдал келді ме,
Домалактай енeme,
Шапырашты осында.
Сарбас ақын қасында,
Аз елге сірә күн бар ма?

Бұл сөзімде мін бар ма,
Мен бір жүйрік бәйгілі,
Шапқанымда сын бар ма?!

Төрг Дулаттың баласы
Жер дүниеге сыймаған.
Айдал малын жинаған,
Ерегіскең дұшпанды
Еңкейтіп жүріп қинаған,
Есепсіз қылып мал берген,
Қисапсыз қылып жан берген.

Дулат деген еліңмін,
Асуы жоқ беліңмін.
Көптігіме қарасаң –
Тастаса ине жерге түспейді.
Бектігіме қарасаң –
Жаман тамақ ішпейді.

Кербездігі осынша –
Ат үстінен түспейді.
Ақылына қарасаң –
Қайратпенен істейді.
Көшсе түье тіздеген,
Дұшпанды көрсे қарысқан,
Алтыннан қылыш сілтеген.

Қалың Дулат ішінде,
Бай десен де менде көп,
Бек десен де менде көп,
Көп десен де менде көп,
Жер қайысқан мал да көп,
Ақыл айтар шал да көп.

Бестеректен шыққан Сәлімбай,
Бендеден тілін тартпаған.
Бетінен қаны тамылған,
Сөйлескен кісі жағынған,
Корыққан кісі бағынған.

Ерлігіне қарасаң –
Кіреуке сауыт жамылған.

Кербездігіне қарасаң –
Етек, жеңін қағынған.
Сагаты жеткен ер екен,
Көрген кісі сағынған.
Күнту деген елінен
Намаз деген ер шыққан.
Төмен жатып құмсаған,
Қырық жігітті жұмсаған.
Кан көрмесе қылышы,
Қылышы жаман сусаған.
Күнтудан шыққан ер Намаз,
Дүшпаниң қолын шегелеп,
Естіген кісі шошынған.
Талапкер болған жігіттер,
Кеткен емес қасынан.
Үшінші Ботбайға келейін,
Атасы болған Ботбайдан,
Жеті жылдай қыз қарап,
Сұлуды құшқан оқтайдан.
Бұл Дулатқа тіл тигізбе,
Дәмін татқан жұрт еді,
Мейіз-шекер тақтайдан!
Усенбай шықты жасынан
Майемердің қасынан.
Көрген кісі шошынған.
Бұлбұлдай тілі сайраған.
Елдің қамын ойлаған,
Анырақайды жерлеген.
Тілегі бар ма бермеген.
Қасқарауда Қарабай
Жасынан шыққан бөлініп,
Туған айдай көрініп,
Тартқан жайдай керіліп,
Майлыбайдың ұлы еді,
Кәрім шықты жасынан,
Кайратын жұрттан асырған.

Елін жауға бермеген,
Сөзін дауга бермеген.
Кісісі жоқ батырдың,
Сөзіне ешкім ермеген.
Батырлықпен ол кетті,
Шешендікпен ол кетті,
Ана пішкен тон кетті.
Жау ашпаған есігін,
Кеудесін тұнық жаратқан,
Шешен өзі кісі екен,
Жанды аузына қаратқан.
Кәрім батыр атанып,
Елдің шетін шетінетіп,
Ергіскен дүшпанға,
Даяр болып ер жетіп,
Кебекбай шықты жасынан.
Қызыл тілі сүрінбей,
Ер сасатын жерінде
Ақыл тапқан бүгілмей.
Ергіскен дүшпандар,
Кеткен емес кездессе,
Бір жанынан түңілмей.
Жан таң қалған сөзіне,
Кім шақ келген өзіне?!

Заманында болған жан,
Уақытымен болған жан,
Сейлеп кетсе сөзіне,
Келтірсе Құдай кезіне,
Дуа берді өзіне.
Жақсы көрген кісіге
Оң көзімен қараған.
Нәсілі нұрдан жаралған.
Үлкен съезд, топ болса,
Жан аузына қараған.
Жақсы көрген жігітті
Өз көңліне санаған,

Ерекісken дұшпанды
Көктырнадай талаған.
Тәуір болған жігіттер
Кебекене жараған.
Жылағанды күлдірген,
Әділдігін білдірген.
Әділдікке келгенде,
Қара қылды қақ тілген.
Біr Күдайды хақ білген,
Ақылы толып кіріскен,
Атты мінген жүрістен,
Сұлуды құшқан, сүйіскен.
Тамағына бал жеген, –
Шекер менен күріштен.
Топ ішіне барғанда,
Сөз бастаған дұрыстан.
Заманында ешкім аспаған,
Әділсіз сөзді айтпаған,
Айтқан сөзден қайтпаған.
Жамбыл сенің дәмене,
Айтысам деп келгенге
Жалпы Дулат құледі.
Шапырашты ел едің
Үш жұз үйге толмаған.
Қыдыр мен бақ ол баста
Саған тіпті қонбаған.
Егескендер менімен
Бармақтарын тістеген.
Теңім болса айтар ем,
Оңым келсе байқар ем,
Қара бала кенбесен.
Қысылады тақымың.
Жарылқамыс, Жанту ұлымын,
Басылады қарқының.
Ерекіспе менімен,
Езіледі алқымың.

Ерегіссең менімен,
Ісім түссін сенімен.
Тілімді алсаң қор болмай,
Жүре бергің жолынмен.
Енді не деп айтасың,
Алдырмаймын қайтесің?
Алатұғын жерінді айт,
Ішіндегі шерінді айт.
Кетпейтұғын жөнінді айт!
Женетұғын елінді айт!
Ат жүздіріп келемін
Айдын шалқар көліме.
Менің күлкім келеді
Шапырашты еліце.
Еліме енді қарасаң,
Адам ұлы батар ма!
Шабынып қылыш шабар ма,
Шамырқап мылтық атар ма!
Мұның бәрін естіп,
Тірі адам тыныш жатар ма?!

Мен жетпестен қоймаспын
Өзім айтқан сертіме.
Жүйрік пен жорға жетелеп,
Сөз сөйлеши төтелеп,
Көп Дулаттың ішінде
Мен туып ем өктеген.
Шапырашты сықылды
Қолы қысқа мен емес.
Қысқа жібі шолтандаң
Күрмеуіне жетпеген.
Бағып едің салықты,
Бір көрмедің жарықты.
Жүргіремін алысқа,
Жүйрік тартар дабысқа.
Терісінде шелі жоқ,
Керіліп жатқан елі жоқ,

Құр бекер не айтады,
Ештеменің жөні жоқ.
Кеңірдектен алайын,
Саған тісті салайын,
Айтып қара елінді,
Қай айтатын елін бар,
Қай сөйлейтін жөнің бар?
Айта алмасаң елінді,
Дыбысынды шығарма.
Кетпеймісің қасымнан,
Ерегіссең менімен.
Шапыраштым, абайла,
Женбей түрман қасынан!..

Жамбыл:

Алматы деген шәһерда,
Жұрт жиналып жатқанда,
Қыбырай, Қожамберлі болыстың,
Сәскеде жетіп үйіне,
Би, болыстар жиналып,
Қол, аузы етке майланып,
Табаққа қол қойғанда,
Домбырамды өнгере,
Кіріп келдім еркінде.
Ноғайбай мырза шіренген:
– Домбыра алған бұл кім? – деп
Теріс көзбел қарады.
Танып тұрып танымай,
Екі көзі жеп барады.
Осы неме екен деп,
Түрімді көріп Ноғайбай,
– Деді бекер шошыма!
Өнкей дәудің қасында
Сөйлемессің мұңаймай.
Сүйінбайың бір күнде
Былай өлең айтқан деп,
Бір ағашты құшақтап,

Отырды кеп шынтақтап.
– Жамбыл деген немеңіз
Екейдегі осы ма?
Ногайбайдың алдында
Сөз сөйлеші ашыла!
Орын тауып айтпасан,
Қамшы тиер басыңа!
Сағынып жүрген немедей,
Отырдың тақап қасыма.
Бір ауыз сауал сұрайын,
Айта алмасаң өлеңді,
Шықпыштайын басыңа.
Қожамберлі мактайды,
Бұл неліктен жақтайды.
Кейбіреу айтса өлеңді,
Бекер аузын боктайды.
Сүйінбайға іні деп,
Парасат қып мақтайды.
Сүйінбайдан басқа өлеңші
Сірә, маған жақпайды.
Домалақтан қозғашы,
Жарықшактан озбашы.
Бет алдыңа бақырып,
Таңдайыннан тозбашы.

II

Жамбылдың келді кезегі,
Мақтамазамқызы екен
Домалақтай енеміз.
Қасиетті енеден
Енді сөйлей келеміз.
Домалақтай енеміз
Үш қатынның бірі екен.
Сары бәйбіше мықты кеп,
Бай қарамай жүр екен.
Байлыш пен байдың жылқысы
Есебі жоқ көп екен.

Жұлым үйі бар екен,
Жұлым үйден саңылау көрінді...
Домалак енем қасында
Құшақтасып сүйісіп,
Әзілмен ойнап-күлісіп
Отыр екен бір қожа.
Жұзінен нұр тамғандай,
Мейірі жаннның қанғандай,
Сүйкімді бір жан екен.
Тұн қойнында оранып,
Бәйбішеден ұрланаңып,
Тұнеп жүрген шағында,
Жүкті болып қалады.
Айы жетіп тұрғанда,
Ел көшпекші болады.
Толғатады анамыз,
Ертең көшіп барамыз,
Деп жұртында тұнейді.
 Таң атады күн шығып,
Бесін уақыт болғанда,
Қырғыздан шыққан Аққошқар
Шаппақ болып келеді.
— Байдабектің мен бүгін
Көп жылқысын аламын.
Батаңды бер, Домалак,
Сенің батаңды аламын.
— Қалағаным берсеңіз,
Куаныш сенде болсын деп,
Тұп қызығы менде болсын деп,
Қол жайып батасын береді.
— Қандай бата мұның деп,
Аққошқар кетті аттанып.
— Барасың, барасың да аласың,
Куанышы сенде деп.
Таңға жуық болғанда,
Сан жылқыны шулатып,

Тай, құлынын тулатып,
Айдаң алып жөнелді.
Домалақ тысқа шығады,
Ақкошқар тағы келеді,
Қалағаның бар ма деп,
Келіп сөйлей береді.
— Көп жылқының ішінде
Тоқсан екі құлынды
Бір сары айғыр бар еді.
Енесінің шуынан
Басқаны тіпті көрмеген,
Шыбыннан басқа қонбаган,
Желден басқа мінбеген,
Мойнына құрық тимеген,
Соны ғана бергін деп,
Солай жауап қылады.
Асауды қалай ұстайсың
Жүген, құрық тимеген?
Ұстасам ұстап алайын,
Ұстамасам қалайын.
Құр, құр, құр жануар!
Құтың менде жануар,
Бері келші бізге деп,
Құдерінді ұзбе деп,
Қазығың қалды менде деп,
Айғыр сонда келеді,
Омырауын иіскең,
Алды айғырды жүгендереп,
Айдады жылқының өзгесін,
Ақкошқар батыр түгендереп.
Екі аякты тұсады,
Тырп етпеді жануар,
Жуас малға ұсады,
Тұс мезгілі болғанда,
Серіз ұл келді артынан,
Айғырды неғып байладын,

Топ жылқылар қайда деп,
Домалақтан сұрады.
Домалақ жайын айтыпты:
— Балалар, оған бармаңдар,
Тұп қазығы бізде деп,
Таңға жуық болғанда,
Жылқың қалар мұнда кеп.
Арттан қуып барсандар,
Мерт боларсың, балалар,
Шылбырына оралып,
Жалына анам айтады.
Бірақ тілін алмады,
Барамын деп болмады.
Сегізі бірден жөнелді,
Сағаға таман келеді.
Саға судан өтеді,
Сонда қырғыз қуады.
Бұқтырма қойып жүз кісі,
Бір тасаға тығады.
Алдына аңдып түсіріп,
Сегізін ұстап алады.
Сегізін бірдей бауыздап,
Жосадай қып салады.
Бәйдібек бай артынан
Бір тобымен келеді.
— Балаларың тіл алмай,
Осы жерден жөнелді.
Балаларың мерт болды,
Қайтпайтуғын серт болды,
Барып қара өлікті,
Жалған деме мұнымды.
Бәйдібек те жөнеді,
Қайта оралып келеді.
Балалар тегіс өліпті...
Деп жауабын береді.
Домалақ енем бас болып,

Сүйреткі сап айғырға,
— Өлгенге енді қайғырма, —
Деп жұбатып, әл беріп,
Дереу жинап өлікті,
Бір жерге әкеп көміпті.
Домалақтай енемнің,
Қасиеті көп еді.
Таңға жуық болғанда
Жылқы келер деп еді...
Тұн ортасы болғанда,
Құрайт салды Домалақ.
Сары айғырдың даусына
Тас жанғырды домалап.
Таң сарғайып келгенде,
Қалың жылқы шұрқырап,
Келеді шаңы бұрқырап.
Көшіп ауыл жөнелді,
Сегіз күндей көшеді,
Күні-тұні тынным жоқ
Тынның қылған күні жоқ.
Кіші жұз бен Орта жұз
Маңайына қонды кеп.
Домалақ сонда толғатты,
Сырық, бақан орнатты.
Бебеулетіп ананы,
Бала келді дұниеге.
Куанды ана масайрап,
Қолына алып баланы,
Бар денесін қарады.
Ерекек бала туыпты,
Бірақ басы жарапы,
Ана болды назалы.
Сары бәйбіше қылғанын
Сонда ақылменен табады.
Кіші жұз бен Орта жұз,
Бәйдібекті көшіріп

Аламыз деп ауылға,
Ат терлетіп келеді.
Кіші жүзде көпке аян
Бір оташы бар еді.
Кейде еміп, кейде ембей
Талып жатқан баланы,
Оташы кеп көреді.
Суық қолдың орны деп,
Көзінше айтып береді.
Жарық жерін басының
Ойып алыш оташы,
Тасбақаның сүйегін
Жамап соған егеді.
Бала оңалды үш айда,
«Жарық тәбе болды» деп,
Жарықшақ ат қойды көп...
Жарықшақтан туды үш ұл:
Бірі Дулат, бірі Албан,
Бірі Суан білсең бұл.
Бұрынғыдан есіткен
Ата жайы, ел сөзі.
Домалақтай ананың.
Бізге дастан әр кезі.
Ата жайын үқпастан,
Құр мақтанға жармасқан,
Сен Дулаттың бір езі.

III

Сарбас ақын меммін деп,
Нан пісіріп кеудене,
Неге мұнда келдің деп,
Ақиландың сен неге?
Аузы-басың қуарған,
Ұрты-басың суалған.
Қайда атаң мен түп бабаң
Тұлпар мініп, ту алған?!

Бір жақсылық көрмеген,
Артынан ешкім ермеген.
Мен Шапырашты ұлы едім
Алтыннан қылыш сермеген!
Көп Дулаттың баласы,
Рас сенен аз едім,
Аз да болса батыр ем.
Топты жерге барғанда,
Саулап тұрған сөз едім...
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп оқталған,
Көк берен болат кез едім.
Келді менің кезегім,
Келсе айтайын шешіліп,
Кезекті бермей манадан,
Өргенді менің өзегім.
Сақалыңмен жалпылдаپ
Тересің Жамбыл тезегін.
Шапырашты мен едім,
Қалың Дулат сен едің.
Аз да болсам әуелі
Ширегіме келмедің.
Бір қадалған жерімнен
Қан алмай кетер демегін.
Есқожа деген елімнен
Кім кетті екен ерлікпен,
Кім журген менің шенімнен.

Асыл, гауһар кеткен жоқ
Әсте менің жерімнен.
Саурық шыққан басынан,
Көк шыбықтай иіліп,
Ерлік қылған жасынан.
Әкең Саурық дегенде,
Күндік жерден дұшпанын
Дабылымен қашырған!

Ал, ал Саурық дегенде,
Қалтырамады қандай жау,
Қарсыласып келгеннің
Қайтқаны бар ма одан сау?!

Мінген атын жаратқан,
Жұртты өзіне қаратқан,
Қылыши қия шабылған,
Жүйрік аттың бәрі де
Пұшпағынан сабылған.

Найзасын тасқа түйрекен,
Мақтанбағын, Сарбасжан,
Қалың Дулат ішінде,
Дәу Сыпатай басында,
Андасы бар қасында,
Әлі төре жанында,
Қасқарауда Қарабай,
Бет-жүзіне қарамай,
Қасқарау Қырбас батырды
Шылбыр тағып мойнына,
Қан тамшылап қойнына,
Маңайна бара алмай,
Сонда Дулат қарғадай,
Шулап жылап күніренген.

Сонда батыр Сұраншы:
— Екі-ақ кісі қырамыз,
Барып ойран саламыз! –
Өзгені ертпей артынан,
Тек қасына серікке,
Сұраншы еді сүйрекен,
Атамқұлды-ақ шақырган.
Атамқұл келді қасына,
Қылыши бар бұлқынған.
Дүшпанды жерді көргенде,
Арыстандай жұлқынған!
Қалың Дулат көргенде,
Қорқып бұққан сиқынан.

Сұраншыдай батырдың,
Жан жүрмеген шенінен.
Алмастан соққан ақ қылыш
Еш кетпеген белінен.
Ашуданған кісіге
Қабағы жаман тұксиген.
Досы қатты сүйінген,
Дұшпаны жаман күйінген.
Сұраншыны көргенде,
Аузың ешкім ашпаған,
Аяғын қадам баспаған.
Қарсы келген кісіні
Сүйретіп жерге тастаған.
Сабырлықпен іс қылышп,
Көлденең жатқан мылтықтан
Жан сауғалап қашпаған.
Тілеуқабыл, Майемер
Саркемерде шабылған.
Қоқаның ханы Құдиярға,
Албан, Дулат жиылышп,
Көп болғанда не қылған?!

Үш бөлінді бұл Дулат,
Бір бөлігі Іле өтті,
Айсаның қарын өрледі...
Батыр деген Сыпатай
Жау қарасын көрмеді.
Сыпатайдай батырың
Қашқаннан соң өлгені!
Сарыбалақтың басында
Аңырақайдың қасында,
Қоянға ұсал ерлері,
Сол жерінен келмеді.
Тойшыбек пұшық тұксііп,
Қасқарау Кәріммен қас екен.
Қырғызда Жантай, Жанғараш
Кәрімменен дос екен.

Шап деген екен Кәрімді,
Досына енді болысып.
Сені шауып алар деп,
Хабар айтқан оған кеп.
Тұнделетіп сол Кәрім
Үш күн, үш түн жосылып
Көше берген төмендеп.
Ақтогайға құдиды
Тілеуқабыл, Майемер,
Іле бойын жағалап,
Бір түбекке тығылды.
Қоқан қолы қоқаңдал,
Сала берді дығырды.
Қыз бен жігіт тізіліп,
Су шетіне жығылды.
Жаудан ұшып зәресі,
Суға кетті сорлылар,
Берді құмға денені.
Қыз, келіншек дегенді
Мінгестіріп түйеге,
Жаулап алып жөнелді.
Мал-мұлікке таланған
Қоқан қолы кенелді.
Сонда к... ашылды,
Мал мен мұлқің шашылды.
Жауға біткен асыл ер
Найзасын тасқа таянды.
Қасқарауда Кәрібоз
Сұраншыға барады.
— Сенен қайрат болмаса,
Тағы да жау шабады.
Біздің Дулат көп жылап,
Сенен басқа пана жок,
Баруынды тұр сұрап.
Батыр деген Сыпаратай
Жалғыз басын жүр үрлап.

Сенен қайрат болмаса,
Ел намысын, ел кегін
Жоқтар кісі болмады.
Шағатайдай халықты
Жібермеді Тойшыбек,
Ойлағаны оның тек
Өз қамы фой, оңбады...
Жауды көрсө қуанған
Тұлпар мініп, ту алған
Дүшпанды жерді көргенде,
Миықтан күліп қуанған.
Сұраншыдай батырға,
Қасқарауда Кәрібоз,
Бәuke келіп жылаған...
«Жүр батыр» деп сұраган.
Жаулы жерде бақ берген,
Дүшпанға жетер жақ берген,
Тандайына сөз берген,
От ұшқынды көз берген,
Құтылар ма сенен жау,
Қан майданда кез келген
Қатын, бала кетті деп, –
Жарамдысын алды деп, –
Сенен қайрат болмаса,
Бердік жауға арды деп,
Айтқан сырын оңаша –
Көп Дулаттың баласы,
Көп болғанмен күші жоқ,
Қарсы келер кісі жоқ.
Көп Дулаттың ежелден
Шабылған елде ісі жоқ.
Сенен қайрат болмаса,
Дулаттың өні, түсі жоқ.
Құлағың сал сөзіме,
Баққа біткен батырсын,
Қырылып біз жатқанда,

Қайтіп шыдап жатырсың?
Найзанды тастан өткізген
Артық туған ұл едің;
Сенен қайрат болмаса,
Ажалымыз жетті деп,
Қызы, келіншек, қыруар мал,
Жау қолында кетті деп, –
Сенен рахым сұраймын,
Айттай қалай шыдаймын.
Қалың Дулат дегенмен,
Жауды көрсө жасыған.
Бақыт берген жігіт ең,
Данқың шыққан жасыңдан.
Қырық мың қолға қаймықпай
Қарсы шығар ешкім жоқ,
Атына мін, батырым,
Жәрдем берер бір Құдай.
Қырық мың қолға қарасан,
Ілден бері қаптаған,
Жас әйелді таптаған,
Қарсы келер кісі жоқ,
Ел қалмады шаптаған.
Желісін қызып жылқы алды,
Ойран қызып мүлік алды,
Сенен басқа бұл жерде,
Жауға шабар кім қалды?!

Қалың Дулат белгілі,
Ерлігінен саны көп,
Жауға шабар жаны жоқ,
Жаудан қорқып жосыды.
Анырақайда тағы боп,
Жылап, шулап біздің ел,
Деді саған хабар бер!
Мұны естіген батырдың
Түгі шықты сыртына.
Жаудың көріп қырғанын,

Жаны ашыды жұртына.
Қол ұстасып келгенде,
Қалың қазақ өз елім,
Ел намысын қорғамау –
Ер жігітке өзі өлім!
Ашуы кеп батырдың,
Даусы шығып ақырды,
Жолдастарын шақырды.
Қасына үш жұз қол ертіп,
Ақтүяққа мінеді,
Он мың қолға тиеді.
Үш күн, үш түн соғысып,
Жауды шөптей жапырды.
Қырып-жойып, қалғанын
Ел шетінен қашырды.
Жау шапқанда өз елін,
Жымып қашқан қояндай,
Дулаттың батыр дегенін,
Сол уақытта сақтаған,
Сұраншы біздің ер еді.
Кәне осындан ерді айтпай,
Жатқа намыс бермеген,
Құр созасың өнешті.
Байларын айтып елінің
Колынан түк келмеген,
Дулат деген ел екен,
Жадағай, жайдақ дер екен.
Шапырашты ел екен,
Батыр туған дер екен!
Ерегіскен дүшпанды
Найзаменен шанышқан.
Күні-түні тынбаған,
Дүшпеннан сағы сынбаған.
Шын ашуы келгенде,
Мұрты кетер тұксиіп,
Тақиясын шашы көтерген,

Намысымды әперген.
Жауды көрсө тап берген.
Маңдайыңа бақ берген,
Шешен қылыш жақ берген.
Өзіне еркін шақ берген,
Қырық жасқа келгенше,
Сөзін жаман демеген.
Ешбір төре еріксіз,
Шеніне оның келмеген.
Ерлік пенен намысқа
Ат сауырсын бермеген!
Жандаралдың алдында
Қаймықпай сөзін жөндеген.
Төре, қара жиылыш,
Құмтөбедей үйіліп,
Ешбір адам болмады,
Сұраншы білсін демеген!
Қайрап қойған ақ болат,
Серменде жау кесер,
Жаудан асып тау кесер,
Тастан өтер қылышы,
Қырық тоғызға келгенше,
Ерлігі оның өрлеген.

IV

Есқожа³⁷ деген елімнен,
Ерлер шыққан енірекен.
Кім жүрген менің шеніме?!
Саурық та менің батырым,
Он жеті жасқа келгенде,
Аттың қонды беліне,
Белгілі болды еліне.
Жетісуга қазақтың,
Көрген күні кем еді.
Жан-жағынан күнде жау,
Елге тыныштық бермеді.

³⁷ Екей, Есқожа – туыстас, тең аталар.

Бір жағынан қалмақтың,
Ұрылары талады.
Бір жағынан қырғыздың,
Орман ханы ойқастап,
Күнде мазаны алады.
Үшінші жақтан Қоқанның
Бегілер бегі қоқаңдап,
Әскерімен топырлап,
Ауыр салмақ салады.
Күнде тонау, шабыстан
Ел титиғы кұрыды.
Мал мен жаинан тұнілді,
Жер мен судан қуылды.
Ел басына күн туды,
Қатын-бала, жас-кәрі
Беті жаспен жуылды.
Міне, сондай заманда,
Екіталақ күн туып,
Ел қыспақта тұрғанда:\
Ел намысын жоқтаған
Батыр туған кім еді?!

Ел шетінен жау қуып,
Ерлікпен қайрат жұмсаған,
Батыр туған кім еді?!

Қалың жаудан қаптаған,
Қаймығып беті қайтпаған.
Ел тыныштығын сақтаған,
Халқы сүйіп мақтаған,
Ардагер батыр кім еді?!

Саурық еді арыстан,
Тұсыы оның Шапыраштыдан.
Дулатпын деп мақтанба,
Кеше елді жау шапқанда,
Сақтал қалған кім еді
Қырғын, талау, шабыстан?!

— Саурық еді ардагер,

Ел қорғасқан сондай ер.
Дулатпын деп көпсінбе,
Бай, бекпін деп тепсінбе!
Саурықтай болат батырдың
Алтын нұр толған ішіне.
Жаулы жерге барғанда,
Кіреді екен күшіне.
Мың қарғанын тұяғы
Бір тұйғынға өтпейді.
Ашуы келген жерінде
Бір ойран салмай кетпейді.
Тамам қарға жиылса,
Бір сұнқарға жетпейді!
Саурықтай ер батырым,
Мандайына бақ берген,
Дүшпанды көрсө өшігіп,
Талқандауға тап берген!
Амалменен ер Саурық
Шөгіп жатқан Орманды
Пенде қып алдына әкелген!
Көбелектей көп Дулат,
Көптігіңмен ісің жоқ,
Дүшпанға қылар күшің жоқ.
Мың болсан да бір ғана
Саурықтай берен кісің жоқ!
Жау жағына ел бермей,
Дау жағына сөз бермей,
Қай дүшпаның кетіл ед
Саурық ерге бой бермей?!

Сауыт-сайман сайланып,
Жалаң қылыш байланып,
Найзасын тасқа түйреткен
Саурыққа ерден кім жеткен?!

Ашулы жерді көздеген,
Жігіттің бәрін түзеген.
Саурықтай күшті батырға,

Дулат тұғіл қазақта,
Кім бар еді шақ келген?!
Шапырашты, ол рас,
Сенен тегінде аз едім.
Аз да болсам татымды,
Сенен Дулат баз³⁸ едім.
Даулы жерге барғанда,
Саулап жатқан сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Найзаның ұшын безедім.
Келді ме менің кезегім,
Кезегімді бір бермей,
Өртедің менің өзегім.
Шапырашты мен едім,
Елдің шетін қыстаған,
Көлденең найза ұстаған.
Дүшпанынан қашпаған,
Ақыл, қайрат іс қылып,
Кезенді жерде саспаған.
Ерегіскең дүшпанды
Тарттырған қара текедей
Шоқытып қана тастаған
Шапырашты мен едім.
Етімде бар тірлігім,
Бойымда бар бірлігім.
Ерегіспе менімен,
Қай жауыңдан қаймығып,
Жәкетай деп жалынып,
Қайда саған айтып ем?!

Ақ найзаның басына
Желекті ту байладым.
Қайнаған қалың жауынды,
Бір шыбықпен айдадым.
Уа, қауым жұрт, жиылған!
Ақылменен ойлаймын;
Ешкімнен сағым сынбады!

³⁸ Баз – (фарсыша – паз) – қаршыға текстес асыл едім деген мағынада.

Ерегісken дұшпанды
Тұбіне жетпей тынбадым.
Сен Қасқарау³⁹ осында
Қашан қара дауыл ең?
Малдыбай мен Қонысбайдың
Қашан тұған бауыры ең?
Сен Қордайдың астында
Көбік құрттап жатыр ең.
Қанша малың болса да,
Нағыз сірі тақым ең.
Үстің айғыз кір едің,
Сан тимеген сасықтың
Кеше ғана бірі едің,
Сен Қасқарау ішінде
Сұлтанкелді Бекенсің,
Атып салған текемсің.
Өзіңе өзің сұқтанып,
Өз түбіне жетерсің.
Өз малыңды міне алмай,
Өз асынды іше алмай,
Өсерсің, бәсе, өсерсің!
Шапыраштым ішінде
Тіленшімдей екенсің.
Аузы-басың бүрісіп,
Қол-аяғын құрысып,
Көрінгенмен ұрысып,
Долы қатын сияқты,
Құдайдың ұрганы екенсің.
Мен отырмын сөз сейлеп,
Нұрым қызыл шоқтай боп.
Жаныс, Сиқым, Ноғайбай,
Тағы да мырза Ботбай боп,
Екі бетте тамтық жок,
Бүршақ ұрған жайлауда
Былжырайсың шөптей боп.

³⁹ Қасқарау – Дулат руының бір атасы.

Ағыным ақбоз аттың арынындей,
Дауысым аққан судың сарынындей.
Екі бете тамтық жоқ Құдай үрган,
Қазып алған қурайдың орынындей.

Мен сөйлеймін адырдың ішіндей боп,
Улкен үйдің орынны төріндей боп,
Сен отырсың шал болып, шәкімдей боп,
Мен отырмын жас жігіт өрімдей боп.
Жан біткенді бойыңа қомсынбайсың,
Майлышбайдың баласы Кәрімдей боп.

Жұртқа аян менің дабысым,
Кеткен жоқ жанға намысым.
Би, болыстан кем емес,
Жәні келсе танысым.
Бәйге атынан кем емес,
Екпіндесе шабысым.
Мактана берме, сен Сарбас,
Ерегіспе Саурықпен
Байұзактай батырың,
Қоқандай ілескер Құсбегі⁴⁰
Тереке байлап атылған,
Бәлеге басы шатылған.
Сөз мәнісін қараши:
Кешегі дәү Сыпатай,
Ол Ботпайдың баласы.
Оны ілескер Құсбегі
Таңып алып арбаға,
Өлтірем деп әуре еткен –
Әлім десіп жазасы.
Сыпатаидың «жазығы» –
Қалмаққа қашып кетті деп
Дулаттың салған жаласы.
Сонда сенің Дулаттың
Саурыққа кеп жалынды.

⁴⁰ Илескер Құсбегі – Қоқанның әскер басы, бегі деген мағынада.

Сенен қайрат болмаса
Сыпатай батыр кетті деп,
Сыпатай бұған не етті деп,
Саурық батыр барыңыз,
Зарға құлақ салыңыз,
Деген сөзді естіп,
Саурық барды артынан.
Сыпатаиды босатып,
Алғыс алды халқынан.
Саурықтай шын батырым
Кезінді оттай жандырган.
Ерегіскең кісіні
Ес-түсынан тандырган.
Жігіт жиган өнерден,
Жалаңдатқан найза ұшын.
Қай дүшпанға ел-елде
Кетіп еді намысын?!

Жер жарады дабысын,
Саурықтан асып нең кетті,
Колыңдағы асылын,
Білмейсің ғой мәнісін!
Саурықтай біздің батырдан
Қозғайын, оның затынан.
Саурық барып жауды алса,
Киңолы шешіп дауды алса,
Ілесуші ең артынан.
Мойны озған ерлер ғой
Қатардағы халқынан.
Ол батырлар ұмтылса,
Етек-жеңін қымтанса,
Турамай, сірә, кетпейді,
Айбаты оның кем емес
Темірден соққан талқыдан.
Жауды көрсе тоқтатқан,
Дауды көрсе сөз қатқан.
Елге залал қылмаған,

Меймандарын сыйлаған,
Шашылғанын жинаған,
Қай ісі бар Саурықтың
Бұл халыққа сыймаған?!
Қасқараудың ішінде,
Малдыбай мен Қонысбай,
Сен қай уақта бір едің:
Сен қай уақта Дулаттың
Жығылғанын сүйедің?
Қой болғанда ұры едің,
Адамзаттың қоры едің,
Тұн жамылып жүр едің.
Жылқы болса торы едің,
Аузыннан қағынған,
Тұла бойың құрысқан,
Жеке басың тырысқан,
Жүрген жермен ұрысқан,
Бәлекетті бастаған,
Басыңа бәле жастаған,
Екі бете тамтық жок,
Кісі демей Қасқарау,
Сені жолға тастаған.
Аузы-басың шошаңдал,
Өсектен басқа айтпаған,
Бәлекеттен қайтпаған.
Ұялатын бетің жок,
Ұстасатын к... жок.
Өсек болды айтқаның,
Дардай кісі боп қалдың,
Жақсы емес пе шіркін-ая,
Жаман сөзден қайтқаның!
Басың жаман жалқау бас,
Бұл сөзді менің айтқаным.
Бойың сенің құрыс бол,
Жүрген жерің ұрыс бол,
Қатынша өсек айтқаның.

Ұялатын түсің жок,
Сүйенетін кісің жок.
Қырық-елуге кеп қапсың,
Адамшылық пішін жоқ.
Кіслік сенің арың жоқ,
Бұл ұяттан сақтанған.
Арынды байлап беліңе,
Етек-жесің жұлышып,
Қармағыма іліндін,
Аяғынан сүріндін,
Сөз қадырын білмейтін,
Сөзің жаман кісі екен.
Жатқандай ін түбінде
Көзің жаман кісі екен.
Аузынды сөзбен кілттеймін,
Енді өлеңді айтпағын.
Осы да жарап өзіңе,
Келдің қарпыр кезіме,
Жүйрік бауыр жазғандай,
Жоқ еді тізгін тартпағым.
Айттар сөзім көп еді,
Әдейі артық айтпадым.
Қызыл тілге келгенде,
Бекендейін желгенде,
Ашсаң енді аузынды –
Құрулыш түр қақпаным.

ЖАМБЫЛДЫҢ САРБАСПЕН АЙТЫСЫ

(С. Шарипов жазып алған нұсқа)

Сарыбас:

Бір сөзді өзім тұрып айттым жаңа,
Мен келген соң бұл жерде неге отырсын,
Қара қайрак сияқты қара бала.
Ішінде Қасқараудың Сарыбасың мен,

Шапырашты кенеңден Дулатым ден.
Домалақтай енең тіл тигізсөн,
Аруақ пен Құдайға жолықтың сен.
Қасқараудың ішінде атым Сарыбас,
Жақсылар ел ырысы алдияр бас.
Бұл жерден жарты ауыз сөз айта алмайсын,
Былжырамай сен өзің еліңе қайт.
Мен Дулат деген ел едім,
Мен өзіме қарап тұрсам,
Орнап жатқан көл едім.
Шапырашты ел ме екен?
Ойқастау саған жөн бе екен.
Мен Майқөттің сегіз ұлының бірімін,
Мен сендейдің бәрін де
Жаншып тастап жүр едім.
Шақыртқан соң мыналар,
Бұл жиынға кеп едім.
Нагашым Жалайыр ақын Қабан,
Осал жерден шықты демегін.
Қабанның арғы атасы Әлік Аман,
Біреу жүйрік болғанда, біреу шабан.
Біреу жақсы болғанда, біреу жаман.
Қара баланы бұл жерде жалтақтатып,
Әдейі сактап тұр ма едің,
Қадірлі бектер, маган.
Сыртыңдан бағармын,
Қазықтай жерге қағармын.
Талай-талаі мінің бар,
Іздеп жүріп табармын.
Көптігімді айтайын:
Жарықшақтың үш ұлы –
Дулат қандай?
Албан қандай?
Суан қандай?
Ішінде Қоңырбөрік,
Жуан қандай?

Ұзынағашта бидай бағып жатқан кедей,
Бұл жерге не қып келдін қуанғандай.
Шапырашты, сенен Дулат көп едім,
Бәрі бай, бәрі мырза бек едім.
Егіншінің қосындаі
Берекесіз ел едің.
Үміт қылыш келіпсің,
Мен алдырады демегін.
Төрт Дулаттың баласы,
Албан жатыр алыста,
Суан жатыр Арыста,
Менімен түстің жарысқа.
Өңкей бектер, қарап тұр,
Бәрің бірдей қалысқа.
Озбаспенен жарыспа,
Күш жеттепспен алыспа.
Дулаттап ұран шақырсам,
Ногайбай мен Байболат –
О да келер намысқа
Құр бекерге жарбандал,
Болмас жерде жабыспа.
Жете берген дабысқа,
Елімнің бұл жақтағы шетін айтайын:
Жаркентті барып жерлеген,
Малы жерді кернеген.
Байлық пен көптікке
Ешкімге намыс бермеген.
Сарыбас ақын бұл жерде
Бұл дүкендей орнаған.
Нағашы атам – Мақтамазам әулие
Қысылған жерде қолдаған.
Домалақтай енеме
Тіл тигізген оңбаған.
Басында бар мазары,
Аузында бар ғазалы.
Бөген менен Шаянда,

Басында бар назары.
Төсінде бар базары,
Толып жатыр олардың
Айтатұғын ғазалы.
Дулатты тағы қозгайын,
Өңшең туған тазаны.
Тіл тигізбе оларға,
Құдайға болма жазалы.
Домалақтай енемнің,
Қыбырай деген ел екен басында,
Шырақшы бар қасында.
Бейнет айдал келді ме,
Шапырашты осында.
Үміт қылыш түрмисың
Сарыбас ақын қасында.
Аз елде күн бар ма?
Бұл сөзімде мін бар ма?
Мен бір жүйрік бәйгелі,
Шапқанымда сын бар ма?
Сыртыңнан бағайын ба?
Жын-шайтандай
Сені мен қағайын ба?
Не келіп, не кетпейді ағайынға?
Домбыраңды алыш келіп жалбаңдайсың,
Ағашыңды к... қағайын ба?
Төрт Дулаттың баласы
Жер-дүниеге сыймаған,
Айдал малын жинаған,
Ерегіскең дүшпанды,
Еңкейтіп жүріп қинаған.
Қазығұртта Дулатқа
Құдай беріп нұр жауған.
Бақ пен дәүлет орнаған,
Алдырмаған дүшпанға.
Ырыс толған, бос жатқан,
Қырық шілтен бабам жәрдем боп,

Алдырмаған әр таңға.
Нағашымды сұрасан,
Мақтамазам әулие,
Жалынғанды аяған,
Жылағанды сүйеген,
Шошытпаған жүргін,
Алда берген тілегін.
Қадырлы өңкей бек қылып,
Қойғызған Құдай сүйегін.
Есепсіз қылып мал берген,
Қисапсыз қылып жан берген,
Дулат деген еліңмін,
Асуы жоқ беліңмін.
Көптігіме қарасан,
Тастаса ине жерге түспейді.
Бектігіме қарасан,
Жаман тاماқ ішпейді.
Кербездігі ұстаса,
Ат ұстінен түспейді.
Ақылына қарасан,
Қайратпенен істейді.
Көшіне түйе тіздеген,
Дұшпанды көрсе қарысқан,
Алтыннан қылыш сілтеген.
Ақылына қарасан,
Берендей боп тұтеген.
Қалың жатқан Дулатқа
Құдай нұрды бітеген.
Ең үлкенін қозғайын:
Төрт Дулаттың ұлының бірін,
Бет алдыма былжырап тозбайын.
Өзім Дулат ішінде,
Сол-ақ еліңнен
Қайтіп мен озбаймын.
Ең үлкені Сиқымнан,
Кім шығар менің ырқымнан?

Кім құтылар дейсіңіз
Дулат деген жұртымнан?
Әзгені айтайын:
Не демейді Дулат сыртымнан,
Қалың Дулат ішінде,
Бай десен де, менде көп,
Бек десен де, менде көп,
Көп десен де, менде көп,
Жер қайысқан мал да көп,
Ақыл айтар шал да көп.
Үзенгісін шіріткен,
Жорға менен жүйрікті қостаған,
Нелер жүйрік Дулатта
Бекерге аузын ашпаған,
Қонған қонақ үйіне
Ет жемесе, жатпаған.
Нелер бектер Дулатта
Жазды құні пісіріп қактаған,
Жорға мініп, жүйрікті қостаған.
Дулаттан шыққан
Төрт түсті ұл,
Қисық сөзді кім ұқпаған,
Әдепті сөзден қайтпаған,
Өзінің сөзін ептеген.
Мына жатқан кезінде
Дулатқа ешкім жетпеген.
Бақ пен қыдыр басынан,
Сабаса да кетпеген.
Шымыр деген елімнен
Таңсық қожа, Мәмбет пен
Байзақ шықты басынан,
Ақмолда шықты жасынан.
Алыс емес о-дағы,
Екеуі де немере.
Әйтімбет шықты қасынан,
Күнту, Жаңабай, Сәмбеттен,

Арғы атасы Қосымнан.
Қайып ерен қырық шілтен
Өтен қылған қасынан,
Бергі атасын айтайын:
Әулие түнеп, нұр қонған
Егескенін жылатқан.
Әймембет пен Нұрактан
Қырық қақпалы шәрідей,
Қол жеткен жерін сұратқан.
Қылғанының бәрін де
Бір Құдайы ұнатқан.
Бергі атасын айтайын:
Дәуіт, Әлі, Семізім,
Ақылға шалқар көлдей теңізім.
Теңізімнен бастасам,
Тояр сенің негізің,
Шықтай қалар лебізің,
Тонқаярсың тұғырым.
Байболатқа қарасам,
Жаннан артық сымбаты.
Бір ауыз сөзін мың теңгеге бермейді.
Соншалық оның қымбаты,
Күндышдан басқа кимейді,
Сұлудан басқаны сүймейді,
Бір кісіге ұрынып,
Ешкімге тимейді.
Әділіне қарасаң,
Аш-арықты жинайды.
Ақылына қарасаң,
Батасын алып, шапан жауып,
Үлкендерді сыйлайды.
Екі беттен қан тамған,
Таңдайынан бал тамған.
Он алты жасқа келгенде,
Байболат еке атанған,
Ер көнілі шаттанған,

Өңкей жақсыны жиып ап,
Боз бие сойып, бата алған.
Содан былай Байболат еке атанған.
Атасы болған Шымырдан,
Мінген аты бүгілген,
Жорғадан басқа мінбекен,
Асылдан басқа кимеген,
Залалы көпке тимеген,
Шашылған елін жинаған,
Қай сөзі бар Байболаттың
Бұл мұқамға сыймаған.
Ашылғанды қымтаған,
Жабылғанды шымқаған,
Жігіттерін жұмсаған,
Дастарханы жайылған,
Соған барап сусаған,
Дастарханы ешкімнің жетпеген.
Қайыңдан қатқан тездей боп
Алдынан қисық кетпеген,
Жаман істі етпеген,
Қырық шілтеннің үстінен
Анасы қос түсіпті.
Назар қылып өзіне,
Дуа қонды сөзіне.
Таңсық қожа, Мәмбеттің
Орыс пен орманға жеткен дабысы,
Қырғыз бен қазаққа еш кетпеген намысы.
Шымырдан шыққан Мәмбет би еді,
Құдайға жеткен наласы.
Мәмбетұлы Байзак
Жарасып жатқан көл еді,
Асқар үлкен бел еді.
Қатарынан мойны озып,
Дүниеден жөнеді.
Ақмолда Байзақтың ұлы еді.
Балқожа, Атымбет о-дағы

Байзактың ұлы еді.
Менімен айтысамын дегенге
Ел жабыла құледі.
Бестеректен Сәлімбай
Пенденден тілін тартпаған,
Бетінен қаны тамылған,
Сейлескен кісі сағынған,
Қорықкан кісі бағынған.
Ерлігіне қарасан,
Кіреуке сауыт жамылған.
Кербездігін қарасан,
Етек-женін қағынған.
Сағасы жеткен ер екен,
Көрген кісі сағынған.
Күнту деген елімнен
Намаз деген ер шыққан.
Төмен жатып құмсаған.
Қырық жігітті жұмсаған,
Қан көрмесе қылышы,
Қылышы жаман сусаған.
Күнтуден шыққан ер Намаз
Дүшпанның жолын тұсаған,
Естіген кісі шошынған.
Талапкер болған жігіттер
Кеткен емес қасынан.
Үшінші Ботбайға келейін:
Атасы болған Ботбайдан,
Жеті жылдай қыз қарап,
Сұлуды құшқан оқтайдан.
Бұл Дулатқа тіл тигізбе,
Дәм татқан жұрт едің
Бейіс шекер тақтайдан.
Төрт Дулаттың ұлына
Тигізбегін тілінді,
Күйізбегін өтінді.
Мен басында жұрт едім

Дәм татқан
Бейіс шекер тақтайдан,
Қисынымен айтсам да,
Қай жерімнен жақпаймын.
Құдай қостаған Айымбет,
Оның шеніне қандай жан келеді.
Ботбайдан шыққан Сыпаратай,
Тілеуберді, Сикымбай
Елдің шетін жерлеген,
Ат кетпеген кермеден,
Қисық істі жөндеген.
Сыпаратай батыр сөйлесе,
Қандай адам қөнбекен?
Қалған елді жеткізіп,
Жүйрігін бағып жүгірткен.
Ерегісken дұшпанды
Жаннан туңілткен.
Қылышын жүріп білеген,
Дұшпаннан тілек тілеген.
Оттан қылған жүргегін,
Құдайым берген тілегін,
Өткізген Құдай білегін.
Қайтармаған жанынан жүргегін.
Аса таяқ елінен,
Асыл жәукер түскен емес белінен.
Сексен беске келгенше,
Шенін дұшпан баспаған,
Аулын жау шаппаған.
Ерегісken дұшпанын
Жерден жаман қактаған.
Есен мен Жанқойлық,
Есенбай деген үшеуі,
Тілеуқабыл біреуі,
Мал мен басы көп беріп,
Құдайға қабыл тілеуі.
Үсенбай шықты жасынан,

Майемердің қасынан,
Көрген кісі шошынған,
Бұлбұлдай тілі сайраған,
Елдің қамын ойлаған,
Аңырақайды жерлеген,
Тілегі бар ма бермеген?
Тілеуқабыл бес ұлы,
Жазық жерге сыймаған.
Малы жерді кернеген,
Түйесін алып тіздеген,
Малы шенгел көздеғен,
Қайда дұшпан бар болса,
«Қайдасың?» – деп іздеген,
Қораға қойын иірген.
Ел-жұрттының бәріне,
Жарлық айтып бұйырған.
Дұшпанының бәрі де
Аяғын тартып тыйылған,
Тірсегінен қыылған.
Жанқайлыштыңтан шығыпты
Қозыке, Сіргелі, Төлеміс.
Төлемістен шықты Байқұлақ,
Дұшпаны өткен зар жылап.
Байқұлақтың баласы –
Батырбек пен Сәдібек
Неше түрлі мәні көп.
Сәдібектің баласы –
Ыңдырыс пен Құстұтін.
Батырбектің баласы –
Тәнеке о да шықты жасынан.
Ыңдырыс пен Құстұтін,
Тәнекемен үшеуі немере,
Алыс емес басынан.
Дұшпанды жеңіп қашырған,
Алматының бір шарын билеген,
Шешендерді сөйлетпей,

Аузын кемпіріспен түйреген.
Бақты берген басына,
Тақты берген астына.
Кәріп пenen жесірлер
Көп жиылған қасына.
Есенбайдың ұлы –
Біреуі Шағатай,
Өтен мен Жауыштан,
Шағатай шықан жасынан,
Қылыш өткен бектікті.
Атына шұғадан салған
Токым мен терлікті
Қылған екен ерлікті.
Үш ұлы бар екен,
Маман, Жолан, Дәнен.
Жолан деген кісінің
Қырық кіслік үй бар.
Ерегіскен дүшпанға
Неше алуан ісі бар.
Азуын айға білеген,
Бай теседей тісі бар.
Дәнен деген елінен
Сәмен батыр ол шықты.
Мың сан қолды қашырып,
Биік таудан асырып,
Қыргын-жойқын іс қылыш,
Пәрменесін күш қылыш,
Сәмен деген ұраны
Жерді жарып барады.
Сәмен деген ұранға,
Елдің бәрі қарады.
Ер Сиқымбай кешегі
Ол да Сәмен ұлы еді.
Күретай мен Шалабай
Жанашырдың бірі еді,
Ногай батыр ішінде,

Саламат, Малмақ ол еді.
Төсекте ұйықтап жатпаған,
Даулы жерді көргенде,
Бөгеліп сөзден қашпаған.
Ерлігі оның ұстаса,
Атқан оқтан қайтпаған.
Дүшпанды жерді көргенде,
Шошынбайды жүрегі,
Қабыл еді тілегі.
Кербездігі ұстаса,
Шыр айналдырған белдікті,
Қылыш өткен ерлікті.
Шығып жүрген құмардан,
Бәйтеректей шынардан,
Ерлік пенен бектікті,
Ат көрпе мен терлікті
Шағатай шығарған.
Усенбай деген бір ұлы
Додадан шыққан,
Дулат деген би шыққан,
Жаңылмаған сөзінен,
Пара берсе, жарым тиын алмаған,
Арамдықтан аузына
Ештеме де салмаған.
Ерегіскен дүшпанның
Көтінен қуып қалмаған.
Қаріп пенен қасердің
Қас пен қабағына қараган.
Колы жеткен жақсыны,
Өз көңіліне санаған.
Ерегіскен дүшпанды
Жаудан жаман талаған.
Бұйdas деген елімнен
Шортанбай шыққан байлыққа.
Шырмәмбет Қарнак,
Шықты билікке,

Мырзалық онан аспаған.
Ақыл менен кеңеске
Еш адамнан саспаған.
Мырзалық пен бектікке
Еш адам онан аспаған.
Ноғайбайдың аргы атасы,
Малдыйбай мен Қонысбай,
Қай сөзім қалды жуыспай.
Әкесі оның Дәүлетбақ,
Аруақ орнаған екен,
Қыдыр мен бақ.
Ноғайбай мінді алтын тақ,
Талмаған екен тіл мен жақ.
Жәрдем болған аруақ,
Өлгенше бақ кетпей,
Астынан тақ кетпей,
Халқынан шыққан жүйрік еді,
Сөйлесе, алдына ешкім салмаған.
Төрт Дулаттың ішінде
Ешкім озып, аузынан сөзін алмаған.
Қызыл тілі бәйгілі,
Сөзі болған әйгілі,
Ерегіскең дүшпаннның
Жүрегі болған қайғылы.
Қасқараудан шыққан Ер Жайнақ
Жасынан шығып жайнаған.
Ерлік қылып жасында,
Жанына қылыш байлаған.
Қарадан шыққан хан Жайнақ
Орта жасқа келгенде,
Болыс болып еліне,
Шаруаға сайланған.
Шаруаның ішінде
Қаріп пенен қасерге
Әділетін ойлаған.
Топ ішіне келгенде,

Бұлбұл құстай сайраған,
Әділдігін білдірген.
Қаріп пenen қасердің
Жылағанын күлдірген.
Жаман істі қылмаған,
Жамандыққа көңіл бұрмаған.
Кимді киген тазадан,
Ерегіскен дүшпанды
Құтқармаған жазадан,
Көп жасап қайтты дуниеден,
Досына әсте тимеген.
Қаріп пenen қасерді,
Бір өзіне жинаған.
Қасқарауда Қарабай,
Жасынан шыққан бөлініп,
Тұған айдай көрініп,
Тартқан жайдай керіліп,
Майлышбай деген ұл еді.
Керім шықты жасынан,
Қайратын халқынан асырған.
Елін жауға бермеген,
Сөзін дауға бермеген,
Кісісі жоқ батырдың
Сөзіне ермеген.
Батырлық пен өрлікті,
Шешендік пен ерлікті,
Жау ашпаған есігін,
Кеудесін тұнық жаратқан,
Шешен өзі кісі екен,
Жанды аузына қаратқан.
Керім батыр атанып,
Елдің шетін шеттеген.
Ерегіскен дүшпанға
Даяр болып ептеніп.
Кебекбай шықты жасынан,
Қызыл тілі сүрінбей.

Ер сасатын жерінде
Ақыл тапқан бөгелмей.
Ергіскен дұшпандар,
Кеткен емес бір жағынан түңілмей.
Кебекбайдың жан таң қалған сөзінс,
Кім шақ келген өзіне.
Заманында толған жан,
Уақытымен болған жан,
Сөйлеп кетсе сөзіне,
Келтірсе Құдай кезіне,
Дуа берді өзіне.
Жақсы көрген кісіге
Оң көзімен қараған,
Нәсілі нұрдан жараган.
Үлкен сияз топ болса,
Жан аузына қараған
Жақсы көрген жігітті
Өз көnlіне санаған.
Ергіскен дұшпанды
Көкпардай талаған.
Тәуір болған жігіттер
Кебекенді жанаған.
Жылағанды құлдірген,
Әділдігін білдірген.
Әділдігін қарасаң,
Қара қылды қақ тілген,
Бір Құдайды ақ білген.
Ақылы толып кіріскең,
Атты мінген жүрістен,
Сұлуды құшқан бейіштен.
Тамағына бал жеген,
Шекер, бал мен күріштен.
Топ ішіне барғанда,
Сөз бастаған дұрыстап,
Заманында ешкім аспаған.
Үлкен сияз топ болса,

Сөзді бастап қасқайған.
Заманында Кебекбайдан ешкім аспаған.
Әділді сөзді бастаған,
Айтқан сөзден қайтпаған.
Жандарал тұрса алдында,
Әділет сөзден қайтпаған.
Шойбек хан Қара үңгірді жерлеген,
Елдің шетін бермеген,
Кеудесін кекпен кернеген.
Шегебай, Шойбек атанаң,
Ешкімге намыс бермеген.
Шегебай, Шойбек екеуі,
Атасы болған Жаныстан,
Асып шыққан алыстан.
Ерегікен дүшпанмен,
Жолбарыстай алысқан.
Жаныстан үш ұл туған,
Жарылқамыс, Жанту, Жантаңнан.
Ол Жантудың баласы,
Жайылмыс, Байыс, Жанбай, Нұкіс,
Қыбырай, Өтеміс,
Балшегір, Құлболды –
Әрқайсысы туыпты арыс-арыс.
Жайылмыстың ішінен,
Бәсенқұл шықты басында.
Бәсенқұлдан жеті ұл туы,
Жетеуі де жұлқынып шықты жасынан.
Шойбек шықты хан болып,
Әлшекей шықты нән болып,
Ниязбек шықты жүлқынып,
Жекелей шықты түрініп.
Жұсіпбек шықты қарасан,
Оймақтай аузы бүріліп,
Жауы қалды сүрініп.
Ерегікен дүшпандар,
Жалғыз жаннан түңіліп.

Асып келді алыстан,
Атасы болған Жаныстан,
Жаныстан шыққан,
Төле бидің аруағы
Жер мен көкке жайылған.
Ол төрениң аруағы
Ұлы жүзді билеген.
Ерегісken дұшпанды
Қайыстан жаман илеген.
Қатарынан бойы озған,
Ақылдыдан ойы озған,
Аузына дуа бек қонып,
Бұл керемет оздырған,
Шешендерді қойғызған,
Қарны ашқанды тойғызған,
Әділдігін білдірген,
Ерегісken дұшпанның
Жүргін тілдірген.
Әділдігін содан біл,
Жылағанды күлдірген,
Атасы болған Жартыдан,
Сүйегі болған алтыннан.
Боянбай, Туганбай
Шықты жасынан.
Отыз ұлды Кененбай шықты,
Кішіліктен жарапған
Екеуінің қасынан,
Өсіп-өнген жасынан.
Отыз ұлды Кененбай болып,
Саржан мен Саймасай –
Екеуі шықты болыс боп,
Ол деген үлкен қоныс боп,
Шашасы жерге тимеді,
Мандайы күнге қуймеді.
Өлгенше мандайына
Таңдақ тимеді.

Қыры сынбай жүреді,
Саймасай мен Саржан
Базылдың ұлы еді.
Бұлардың қадірін
Дуан болып біледі.
Әлдекен деген байы бар,
Малы жерге сыймады.
Алтын мен күмістің
Үйінде есебі жоқ.
Атасы Жаныс болған соң,
Онан бай өткен кесек жоқ.
Еспенбет, Жанақ ол екен.
Онан туған Ормақай
Оның туған ұлы екен.
Оның ұлы Смайыл
Болыс болған басында,
Болыс болып жүріпті
Қылшылдаған жасында.
Сонда Мәңке баласы
Хатшысы болған қасында,
Жол таныды жасында.
Сөзі кірді пошымға.
Тұз татып тұсында,
Жүйрік болып дуанға,
Жақсы деп ауызға ілінді
Кішкенеден жасында.
Ұсынған жерде дау тапты,
Қысылған жерде сөз тапты,
Сөз сейледі кідірмей,
Дүниеден қайтты қайран ер,
Қызыл тілі сүрінбей.
Ақылы жеткен шешен еді,
Іс бастаған көсем еді,
Жасында кетті жалғанға.
Тәңір ісіне шара жоқ,
Осынша Құдай салғанға.

Саймасай мен Майлыбек
Тасболаттың ұлы еді,
Айтулы бектің бірі еді.
Жұрт таппаған амалды
Алпысбай табар басында,
Жаудан қорыққан жан
Оның бір келер қасына.
Мизам жайына келгенде,
Алпысбайдан бір пенде өтпеген.
Ал, амалына келгенде,
Тірі пенде жетпеген.
Жаудан қорыққан пенделер
Қасынан кетпеген.
Қара дауға келгенде,
Ұрысқа кісі бермеген.
Мизамына сүйеніп,
Өлшеп шықты құш бермей.
Алысқанын жығады,
Табанға түскен дүшпаны,
Тірі жаны шықпады,
Алысқанын жығады,
Болысып жүрген адамы
Қанат байлаپ,
Аспанға ұшқаны.
Мысақан Алпысбайдың ұлы еді,
Ерегіскең дүшпанға
Қайтпас қара піл еді.
Жамбыл, сенің айтysайын дегеніңе
Жалпы Дулат күледі.
Шапырашты, ел едің
Үш жұз үйге толмаған.
Қыдыр мен бақ ол басында
Сенің басына қонбаған.
Дулат деген ел едім,
Тастаса үстіне ине түспеген.
Менімен ерегіскең кіслер

Бармағын аузына салып тістеген.
Теңім болса айтар едім тепсініп.
Оңым болса айтар едім өксініп.
Бұл жақтағы Албан болса,
Ол жақтағы Суан болса,
Қайтер едің Сарыбасың,
Атын алып құған болса.
Қайтемін атын алып, қуалап,
Атын тартып, шапанын жауып,
Жолында түрған болса.
Неге кетпей отыр қара бала.
Сарыбасың сойлей берсін,
Таусылмас сөзі дана.
Шапырашты, Дулаттан
Төрт ат алдым.
Тіленші пүшүк шалдан
Бөрте ат алдым.
Ояздан келдім де,
Белет алдым.
Онан былай қайқайып,
Өрге салдым.
Білсең – қызайың,
Білмесең Құдайың,
Деп отырған елге бардым.
Тоғыз күн сол арада өлең айтып,
Төрт ат, бірталай
Есепсіз шапан алдым.
Онан ат тізгінін бұрып,
Бері салдым.
Тезек деген төреңе өлең айтып,
Сары ат алдым.
Аузында түк тісі жок
Кәрі ат алдым.
Балғалы Бөлектің бабайына өлең айтып,
Онан да мінілмеген құр ат алдым.
Базылдың Саржанына өлең айтып,

Арқасы жауыр бір ат алдым.
Қасқарау Ботбайдың
Немересіне өлең айтып,
Екі мүйізі тіп-тік
Құнан өгіз алдым.
Ботбай Сыпатайдың
Айғожасына өлең айтып,
Жирен тәбел ат бастап,
Бір тоғыз алдым.
Жақсылар жиналып жатыр деген соң,
Бұл жерге мен іздеп келе қалдым.
Отырсың бұл жерде қара бала,
Неден үміт қыласың.
Аямының сені бейшара,
Әліне қарап сөйле Екей ғана,
Шаншып сөйлеп отырсың
... Шекей ғана Дулатты,
Дулатты Дулат қылып
Жаратқан Алла Тағала.
Сыпыра бір ай жүйіткіп,
Шетінен өте алмайсың.
Қарғығанмен еш жаққа
Жол тауып кете алмайсың.
Дулаттың бір шетіне
Көз жетпейді,
Тәңірім сүймес пендесін екі етпейді.
Қарасаң бірі жуан, бірі дара ағаш,
Кұрық жалғап үмтыйсан бой жетпейді.
Қалың Дулат ішінде мен түрғанда,
Еш пенденің сөзі өтпейді.
Дулатты Дулат қылған мына Құдай,
Дулаттың төрт тірегін білесің бе-ай.
Дулаттың білуші ме ең төрт тірегін,
Ешбір адам баспаған көкірегін.
Мен бір жүйрік,
Шүү дегенде жаңнан озған.

Келіншектей майысқан
Сен бір жазған.
Күні-түні айтысқанмен,
Ешкімнен басылмайды көкірегім.
Қазығұрттың баурында қалың Дулат,
Шапырашты, не таптың текке шулап.
Байлық пенен көптікті мен сөйлесем,
Ет-жүрегім тұрады тайдай тулап.
Қасқараудың ішінде Сарыбас атым,
Хан-қараға көп өткен сыйапатым.
Бектікті, батырлықты мен сөйлесем,
Көткенишектеп шықпағай азаматым.
Бұлбұл құстай сайраған менің тілім,
Бұлбұл құстай шығады менің үнім.
Қалың Дулат топырладап атқа мінсе,
Шапырашты, немене көрген күнін.
Сөйлетпегін тілінді,
Үндепегін үнінді.
Шығарар болсаң үнінді,
Тарылтармын күнінді,
Қағармын жынынды.
Шақырып алып бұл жерге,
Сақтадың ба мұнынды
Үштаңбалы дейтуғын,
Жазған сенің елінді.
Сенің үшін бұл жерге
Байладым бекем белімді.
Ерексер менімен,
Баспассың шенімді.
Жантелі бай, Нұрақан
Отпен тартқан желімді,
Мен бір жүйрік сенімді.
Ол сықылды бай бар ма,
Сорлы, сенің елінде.
Шапырашты халық едің,
Тенгірмеймін бойыма.

Не бар сенің ойында.
Ол басында білуші ем,
Жазған сенің жайынды.
Үш арыс Жаныста
Бүгежек Оймауыт,
О да жатыр алыста.
Шамаң жетсе, бәйгенді ал,
Меніменен жарыс та.
Егер шамаң келмесе,
Үндемей отыр қалыста.
Бәйгені озған алар
Я, қалған алар.
Мен сөйлесем,
Ішін оттай жанар.
Дыбысынды шығармай,
Үйден шыққан сұмырай,
Көрместей көңілің қалар.
Қыбырайдан шыққан Тілешбай,
Оны айтсам болады көңілің жай.
Тілештің ұлы Жомарт-ай,
Арылмаған байлығы,
Байлықпен өткен жарлығы.
Шойқараның ішінде
Байбосынның Қоңыrbай,
Мырзалық онан өтпейді,
Жалғаса да жетпейді.
Бектігімен өлсे де,
Бектік бойдан кетпейді.
Қарны ашқанға қой сойып,
Аямаған тамағын.
Күніне жұз кісі қонса да,
Бір жаппаған қабағын.
Ат жокқа ат берген,
Асы жокқа ас берген,
Жалаңашқа киім боп,
Байлаусызға бір түйін боп,

Ел болса жиын боп,
Шойқараның баласы –
Далбай, Дәстен, Қоспақ,
Бірдеме қылар оспақ.
Шынымен сөйлесем,
Отыра алмассың қасыма-ак.
Атасы оның Шығысбай,
Тұғызған артық бір Құдай.
Тұлпар мініп, ту ұстал,
Шыққан екен тайынбай.
Өсіп-өнгенін сұрасаң,
Ол батырың осылай.
Қыбырай Сарыбас – батырим
Есіkbай мен Оразбай,
О да менің жақыным.
Қожамберлі бардың,
Кім табады ақылын.
Қара бала, кеп-ей отырсың,
Қысылады тақымың.
Жарылқамыс Жанту ұлымын,
Қосылған ыстық-суығым.
Ерегіспе менімен,
О да менің жуығым.
Ерегіссен менімен,
Ісім түссін сенімен.
Тілімді алсаң қор болмай,
Жүре бергін жөніңмен
Сен бұрынғының жолымен,
Енді не деп айтасың?
Алдырмаймын, қайтесің?
Алатұғын жерінді айт,
Ішіндеңі шерінді айт,
Кетпейтұғын жөнінді айт,
Жететұғын елінді айт.
Неше дуан жерді алған,
Тәшкеннен бері жерді алған,

Албан, Суан о-дағы –
Жарықшақтың баласы,
Ұлы жүздің қаласы.
Нанбасан әуелі
Албан, Дулат ел қылған,
Асқар таудай бел қылған,
Текесті барып жерлеген,
Малы жерді кернеген,
Абақ би мен Жайнақты,
Атасын сен қараши,
Алдына салып айдапты.
Шешендігін айтайын:
Бұлбұлдай кісі сайрапты.
Батырлығын айтайын:
Қылышын тасқа қайрапты.
Қолы-күшін айтайын:
Әркімнің жайын ойлапты.
Мінген аты көк бөрте,
О да осал кісі емес.
Жайнақтың ұлы Жансерік –
Абақ бидің Ниязбек кенжесі,
Кұдайдың сүйген пендесі.
Қырық атанға алтын жамбы артады.
Өзім көргенім жоқ,
Көрген кісі:
Тұндікке бес мың жылқысы
Бар деп айтады.
Сорлы Шапырашты
Бұған несін айтады?
Күш жетпесспен алысып,
Арбандаі беріп қайтеді,
Жансерке мен Байсерке
Ер Жайнақтың ұлы еді.
Қадірін, сыйын қазақ біледі.
Арғы атасы сайын бөлек
Кұдайназар дер еді.

Оның бәрін қозғасам,
Шапыраштыға тиеді.
Айттың ұлы дер еді,
Айттан шыққан Абақ би
Қызыр назар қылған жер еді.
Құнды бұлды дауласа,
Абақ биге баралық дер еді.
Үйіне келіп екеуі
Екеуміз де сырларын,
Қош болдық дер еді.
Құрман деген елінен
Бұсырман деген бай шыққан.
Бұсырманның баласы –
Тазабек деген ер шыққан.
Орыс пенен орманнан
Әсте беті қайтпаған.
Қаймығып тілін тартпаған,
Еш адамнан қорықпаған,
Тазабек батыр атанды.
Тізесі жауға көп өткен,
Мейірімі елге көп жеткен,
Жүргі қайтпас ер екен
Қырғыздан да қайтпаған,
Орыстан да қайтпаған,
Жалған сөзді айтпаған,
Шошынбаған жүргі,
Қайтпаған бір Алладан тілегі,
Сондай болған сүрені.
Орыспен ұрысып,
Отыз орысты өлтіріп,
Кемеліне келтіріп,
Шалтабай мен екеуі
Қашып барған Құлжага.
Дүниесін шаштырмай,
Ақырына келгенде,
Қайтып келді жұртына,

Үйреніскең ұлтына,
Қар жаудырып қабакқа,
Мұз қондырып мұртына,
Өзі тірі күнінде
Кім батып еді сыртына.
Атамқұл мен Қожамқұл
Қызылбөріктің ұлы еді.
Қызылбөріктің ішінде
Керейқұл, Сақау дер еді.
Керейқұл, Сақау ішінде
Мақсұт жаннан асқан ер еді.
Тамам Албан жиылса,
Мақсұт білсін дер еді.
Мақсұт шықты басынан,
Жиырмадағы жасынан,
Қайратын халықтан асырған.
Ерегіскең дүшпандар
Аяғына басылған.
Қай қылышын ерлердің
Сарыбас ақын жасырған.
Шормақ шықты
Қоңырбөрік деген елінен.
Суаннан шыққан Қожбамбет,
Суан деген ел еді,
Ол Суанның сегіз ұлы бар еді.
Төрт Ақшаның баласы
Төрт құлақты кемедей.
Төртбауырдың баласы
Темірден соққан шегедей
Суаннан шыққан Қожбамбет
Бойы биік төбедей
Кебежедей қарыны,
Арғымақ аттай арыны,
Жер жарады дабылы.
Тілі бұлбұл шешені,
Жол бермейтін көсемі.

Ерегісken дүшпанның
Тұнығын енді шайқаған,
Жақсы-жаман бәрін де,
Әділетпен байқаған.
Ерегісken жерінде
Айдаһардай ыскырган.
Артық жеген кісінің
Артығын алып құстырган.
Әділетін бұрмаған
Әділетті кісі екен,
Күн шығарып тұрмаған.
Қызылбөрік Дәркембай
Бай, би болып жүрген жасында
Жақсымен басын қосып,
Бір жүрген қасында.
Құдайын енді ойлады
Қырық, елуге келгенде,
Пітір деп Құдайын таныған,
Мекеге барды асығып,
Түйеге мініп асылып,
Кебежеге теңделіп,
Күнасінен пәк болып,
Жаңа туған баладай
Кіршік жүзі оңалып,
Мекені барып айналып,
Жазында барып Мекеге,
Күзінде қайтты жайланағып.
Үйге келіп, далага шықпады,
Құран мен тасбиғы қолында,
Қыдыр шырақ аузында.
Қолында бар тасбиғы,
Бұтында бар дәреті,
Аузында бар шарияты,
Басында бар дәuletі,
Сондай болған сәулеті,
Өзі Албанның әuletі.

Көкірек деген халықтан
Байназар мен Жайлаубек
Бұларменен алысқан.
Сайлауда Байболатпен
Үздіксіз алысқан.
Болыстықтан түсірген,
Улкендігінен кішірейткен.
Онан басқаға жаратпай тастаған.
Тастағанын ұлық қостаған,
Қанат қосып екеуі,
Болымсыз сөзді айтпаған.
Екеуі бірдей бас қосып,
Бет алған жерден қайтпаған,
Жарамсыз істі қылмаған.
Қылатұғын ісіне,
Қылмай көңілі тынбаған.
Еш пендеден
Екеуінің сағы сынбаған.
Қылған ісін тындырған.
Ерекікен жауын сындырған.
Мизамнан басқа айтпаған,
Айтқан сөзден қайтпаған,
Мизамын тауып сөйлесе,
Жуанды жіңішкерткен,
Жіңішкені үзілткен.
Көзіне жасын тізілткен.
Кім басады шеніме.
Ат тоздырып келемін
Айдын шалқар көліме.
Менің құлкім келеді
Шапырашты сенің еліне.
Еліме енді қарасан,
Адам ұлы батар ма?
Шабынып қылыш шабар ма?
Шабырқанып мылтық асар ма?
Мұның берін есітіп,

Жаны бар кісі тыныш жатар ма?
Қыдырлы мен қызулы
Аты Дулат халқында,
Ілесемісің нарқыма.
Шапырашты басыңмен
Өзің қарашы артына.
Тамам Дулат біріксе,
Қоямын ба еркіне.
Әлі кетпей отырсың,
Мен жетпей қоймаймын
Өзім айтқан сертіме.
Мен өскенмін
Құла менен жиренді жетелеп,
Сөз сөйлеймін төтелеп.
Көп Дулаттың ішінде
Кермеден аты кетпеген
Байлық, көптік онан өтпеген.
Шапырашты жазған-ай,
Қысқа жібің құрмеуге жетпеген.
Шапырашты түстен кетпеген.
Бағып едің салықты,
Тұсірмедің жарықты.
Жүгіремін алысқа,
Әрен тартар дабысқа,
Жарықшақтың үш ұлы
Шыдамаған алысып.
Атынды тартқын да,
Жөнегін дабысқа.
Қараймын мәніске,
Есімі белгілі жақсылар
Қараган бұл іске.
Бұл жерден не деп қайтады,
Жапырақтай Албан мен Дулатқа
Неменесін айтады?
Терісінде шелі жоқ,
Керіліп жатқан елі жоқ,

Құр бекер нені айтады,
Ештеменің жөні жоқ.
Кеңірдектен алайын,
Саған тісті салайын.
Айтып қара елінді,
Айта алмасаң елінді,
Өкшеңді көтеріп,
Таппаймысың жөнінді.
Қай айтатын елің бар,
Қай сөйлейтін жөнің бар,
Үш атаның баласы,
Үш-ақ жүз үйің бар,
Қай келетін қүйің бар.
Кетпеймісің бұл жерден,
Басында сенің
Қай жөнді миың бар.
Қалың Дулат ішінде,
Қыдырлы мен қызулы менде бар.
Шоқай киген шалғышы
Түсте жатқан сенде бар.
Меніменен айтысар,
Айта алмасаң елінді,
Қай жерінде жөнді бар.
Дыбысынды шығармай,
Кетпеймісің қасымнан.
Ерегіссең менімен,
Тұман болып кетпеймін
Шапырашты басыннан.

Сарыбас сөзін бітіргенде жиналып отырған қазақтын жақсылары отырып Жамбылға: «Сен айтысынды бастамастан бұрын Домалақ деген әйелден Жарықшақтың тууы, оның Жарықшақ атанған себебі, онан Албан, Суан, Дулаттың тарауын сен алдымен айтып бер», – деп әмір қылады.

Жамбылдың айтқаны:

Сұрауларына жауап беріп, онымен бірге жалғастыра айтысын бастағаны:

Алматы деген шәріде
Жұрт жиналып жатқанда,
Қыбырай, Қожамберлі болыс
Жамбыл үйге кел деп айтқанда,
Сәскеде келдім үйіне.
Тамам жақсы ат байлаپ,
Отырыздар жайланаң,
Қол ауызы етке майланаң,
Табаққа қол қойғанда,
Сыпыра жақсы шайланаң,
Тамақ ішіп, етін жеп,
Майға ауызы майланаң,
Домбырамды өңгере
Кіріп келдім еркінде.
Кіріп келдім үйіне
Шәй ішіп отырған кезінде,
Ногайбай мырза шіренген.
Домбырамды қойдым да,
Шәйді бірге ішкенім.
Әдей деген старшын
Түрекел орын берген.
Отыра қалдым орныма.
Домбыра алған бұл кім деп,
Ногайбай мырза
Теріс көзбен қарады.
Танып тұрып танымай,
Екі көзі жеп барады,
Осы неме екен бе деп,
Сөйлемеді шаншымай,
Қызынды ұрайын екі бай,
Жұр ме едің қаңғып жарымай.
Бірге отырған жолдасы,
Қасындағы Қасабек.

Бір жолдасы Дәuletбак,
Бөлтіріктің баласы.
Тұрімді көріп Ноғайбай,
Отырганның біреуі
Дәуітәлі ұлы Байболат
Деді бекер шошыма.
Бір жолдасы көкіректе Байназар
Өңкей дәудің қасында,
Қожамберлі болыс үйінде,
Қыбырай, Мамай қу бар,
Отырдым да іштім шәй.
Қырына алды Ноғайбай,
Өңкей дәудің қасында
Сөйлемессін мұнаймай.
Сүйімбайым баяғыда
Былай өлең айтад деп,
Бір ағашты құшақтап,
Кеп отырдың сипактап.
Жамбыл деген неменіз
Екейдегі осы ма?
Ноғайбайдың алдында
Сөз сөйлеші ашыла.
Орнын тауып айтпасан,
Қамшы тиер басыңа.
Сағынып жүрген немедей
Отырдың тақап қасыма-ай.
Бір ауыз сауал сұрайын
Айта алмасаң өлеңді,
Ұрайын ба басыңа.
Домалак, Жарықшақтан бастап,
Бір ауыз айтши, көрейін.
Өлеңді қозғашы
Домалак, Жарықшақтан.
Бір ауыз өлең озбашы,
Бет алдыңа терме айттып,
Таңдайыңнан тозбашы.

Қожамберлі сені мақтайды,
Бұл маған неліктен
Жақын келіп жақтайды.
Кейбіреу өлең айтысса,
Бекер аузын боктайды.
Сүйімбайдың інісі деп,
Парасат қылып мақтайды.
Сүйімбайдан басқа өлеңші,
Сірә, маған жақпайды.
Домалақтан қозғашы,
Жарықшақтан озбашы.
Бет алдына бақырып,
Таңдайыңдан тозбашы.
Жамбылдың келді кезегі.
Мақтамазам қызы екен
Домалақтай енеміз.
Қасиетті енемізден
Енді сөйлем келеміз.
Домалақтай енеміз
Үш катынның бірі екен,
Сары бәйбіше мықты екен.
Көнілді бай қарамай жүр екен.
Байлық пен байдың жылқысы
Есебі жоқ көп екен.
Жылқыдан келсе бір күні,
Ұлken ақ жолым үйі бар екен,
Жолым үйден саңылау көрінді.
Домалақ енем қасында,
Бас жағында басында,
Құшақтасып сүйісіп,
Екі қожа шам жағып,
Әзілмен ойнап күлісіп,
Ат басындағы Құранды,
Отыр екен бір қожа,
Қатар оқып отырған.
Жүзінен нұр тамғандай,

Қасиетін біледі,
Мейірімі жанның қанғандай.
Сары бәйбішeden жасырынып,
Сүйкімді бір жан екен,
Астына бейшара тұседі.
Тұн қойнында оранып,
Бәйбішeden ұрланып,
Тұнеп жүрген шағында
Жүкті болып қалады.
Айы жетіп тұрғанда,
Ел көшпекші болады.
Толғатады анамыз,
Ертең көшіп барамыз.
Ішім ауырып отыр деп,
Анамыз жұртына тунейді,
Ертең көшіп барам деп.
Таң да атады күн шығып,
Жұрт көшпей қалады.
Бесін уақыт болғанда,
Қырғыздан шыққан Ақкошқар
Шаппақ болып келеді.
Мен бүтін Бәйдібектің
Көп жылқысын аламын.
Батаңды бер Домалак,
Сенің батаңды аламын.
Қалағанымды бересің бе?
Мен батамды берейін бе?
Куанышы сенде болсын.
Қол жайып батасын береді.
Қандай бата мұның деп,
Ақкошқар кетті аттанып.
Барасың, барасың да аласың.
Куанышы сенде, – деп.
Таңға жуық болғанда,
Сан жылқыны шулатып,
Тай-құлышын тулатып,

Айдап енді келеді.
Домалақ тысқа шығады,
Аққошқар қасына келеді.
Қалағаның бар ма? – деп,
Келіп сөйлей береді.
Көп жылқының ішінде
Тоқсан екі құлышы бар
Бір сары айғыр бар еді,
Енесінің шуынан
Басқаны тіпті көрмеген,
Шыбыннан басқа қонбаған,
Желден басқа мінбекен,
Мойнына құрық тимеген.
Соны енді бергін, – деп,
Солай жауап қылады.
Асауды қалай ұстап аласың
Жүген, құрық тимеген?
Ұстасам ұстап аламын,
Ұстамасам қалайын.
Құрайт, жануар,
Құтың менде, жануар,
Бері келгін бізге, – деп,
Құдерінді үзбе, – деп,
Қазығың қалды менде деп,
Еңбегің кетті сенде деп,
Құрайттады Домалақ –
Ісімді, Құдай, жөнде, – деп.
Айғыр сонда келеді,
Омырауын иіскей береді.
Басына жүген жүгендер.
Айдады жылқының өзгесін,
Аққошқар түгендер.
Екі аяқты тұсады,
Тырп етпеді жануар,
Жуас малға ұсады.
Тұс мезгілі болғанда,

Сегіз ұл келді артынан.
Айғырды не ғып байладың,
Топ жылқың қайда, – деп,
Домалақтан сұрады.
Домалақ жайын айтып тұрады:
— Балалар, оған бармандар,
Түпкі қазығы бізде, – деп,
Танға жуық болғанда,
Жылқың келер мұнда, – деп,
Бар ақылын айтады.
Артынан қуып барсандар,
Олар бізді қайтеді.
Мерт боларсың, балалар.
Шылбырына оралып,
Жалынып анам айтады.
Оның тілін алмады –
Барамын! – деп, болмады,
Сегізі бірдей жөнеді.
Сагара таман келеді,
Сага судан өтеді.
Сонда қырғыз қуады,
Жұз кісі бұқтырма қойып,
Бір таса сайфа кетеді.
Алабына тұсіріп,
Сегізін ұстап алады.
Сегізін бірдей бауыздап,
Атын жиып алады.
Бәйдібек бай артынан
Бір тобымен келеді.
— Балаларың тіл алмай,
Осы жерден жөнеді.
Балаларың мерт болды,
Қайтпайтыны серт болды.
Барып қара ұлынды,
Жалған, – деме мұнымды.
Бәйдібектер кетеді,

Қайта оралып келеді.
— Балалар тегіс өліпті, – деп,
Қайта келіп, сөйлейді.
Домалақ енем бас болып,
Жегіп арба айғырға:
— Өлгенге енді қайғырма.
Екеуі келіп жөнеді,
Өлікті салып арбага,
Серіз ұлмен келеді.
Тез баламды көмгін, – деп,
Кіші жуз, орта жүзге,
Кідірмей көшкін, – деп,
Бәйдібек тоқтар емес мазалап.
Домалақтай енемнің,
Қасиеті көп еді.
Таңға жуық болғанда,
Жылқың келер, – деп еді.
Ел ұйықтап жатқанда,
Тұн ортасы болғанда,
Құрайт салды Домалақ.
Сары айғырдың дауысына
Тау жаңғырығып, тас құлап,
Құлақтан өтіп барады.
Таң сарғайып келгенде,
Қалың жылқы шуылдан,
Бәрі жосып келеді.
Көшті дағы жөнеді,
Серіз құндей көшеді,
Құні-тұні тыным жок,
Тыным қылған құні жок.
Кіші жуз бен орта жуз
Тақап барып қонады.
Кіші жүзбен орта жүзде
Бас қосқан жиын бар еді.
Барамын мен соған, – деп,
Домалаққа көзің қырын салғын, – деп,

Қалқа етіп отыр осыны, – деп,
Айтты дағы жөнеді.
Домалақ қатты толғатты,
Сырық бақан орнатты.
Тарт баламды, дегенде,
Тіреп тартып түсірді
Жұктің сыртына,
Бір пышақ арнап қойып ем.
Бала келді дүніяға,
Алып кел деп енді
Куанды ана ыңырана,
Соған беріп жолымды.
Ол жаққа кеткенде,
Қолына алып баланы,
Қолын салды балаға.
Бар денесін көреді.
Шошағы қолға түседі.
Еркек екен мұның, – деп,
Еркек бала екенін,
Бірақ басы жаралы,
Еңбекке сұқ қолын сұғып алады,
Бала талмаусырап қалады.
Ана болды назалы,
Сары бәйбішeden болғанын
Зеріп сондағана біледі.
Кіші жүз бен орта жүз
Бәйдібекті көшіріп келеміз, – деп,
Салып ауылға келеді.
Кіші жүзде бір оташы бар еді.
Кейде еміп, кейде ембей
Талып жатқан баланы көреді.
Суық қолдың орны, – деп,
Көзінше айтып береді.
Жарылған жерін басының
Ойып алып тастайды.
Тасбақаның сүйегімен

Еңбегін ендіреді,
Жарасын жамап емдеді.
Үш айда бала жазылды,
Үш айда бітіп жарасы,
Құдайдың құдіретіне қараши.
Төбесі жарық болды, – деп,
Жарықшақ деп атады.
Жарықшақтан туды үш ұл.
Бірі – Дулат, бірі – Албан, бірі – Суан
Бәйдібекте көп Дулат
Болды жуан.
Жуандықтың белгісі сол емес пе,
Әрқайсысы болып кетіп
Әрбір Дулат.
Бұрынғыдан естіген,
Құлақ қанып түсіне,
Ата жайы, ел сөзі.
Домалақтай ананың
Жайы мәлім бізге осы.
Ата жайын ұқпастан,
Құр мақтанға жармасқан,
Сен Дулаттың бір езі.
Сарыбас ақын менмін! – деп,
Қылма жуан, жалақ ерін,
Шұбар бет,
Аузың жаман.
Жаман сөйлеп отырсың
Неге маган.
Майкөттің сегіз ұлының бірі едің,
Оңбаған дағдың жаман.
Аузы басың қуарған,
Аузы басың суалған,
Қайда сенің ата-бабаң,
Тұлпар мініп ту алған.
Бір жақсылық көрмеген,
Артынан ешкім ермеген.

Мен де Шапыраштының ұлы едім,
Алтыннан қылыш сермеген.
Көп Дулаттың баласы,
Расынан-ақ сенен аз едім.
Аз да болсам, батыр ем.
Топты жерге барғанда,
Саулап тұрған сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп пестонды,
Көк беренді кезендім.
Келді менің кезегім,
Келсе менің кезегім.
Кезегімді бір бермей,
Өртенді менің өзегім.
Сақалыңмен жалпылдал,
Тересің Жамбыл тезегін.
Сырттан жүріп жорыпсың,
Бай қайырын саған байлайын, – деп,
Жақсыларды қорисың.
Шапырашты мен едім,
Қалың Дулат сен едің.
Аз да болсам әуелі
Ширегіме келмейсің.
Дардай кісі жалпылдал,
Сөйтіп боқты жемегін.
Қалап келген жерімнен
Алмай кетеді, – демегін.
Сақалыңмен жалпылдал,
Күндіз үрген иттей бол,
Үлкен басынды кішірейтіп,
Не ғып қалдың иттей бол.
Бәленшеге жабысып,
Қанын сорған биттей бол.
Есқожа деген елімнен
Ерлік пен бектікке
Кім жүрген менің шеніме?

Асыл жауғар кеткен жок,
Сірә, менің белімнен.
Саурық шыққан басынан,
Көк шыбықтай иіліп,
Ерлік қылған жасынан.
Өкең Саурық! – дегенде,
Дүшпаның күндік жерден
Дабылымен қашырған.
Ал, Саурық! – дегенде,
Қырғыздың жылағаны жұбанған.
Қалтырамады қандай жау?
Ерегіскең дүшпаның,
Қарсыласып келгеннің
Төбесін ойған.
Қайтқаны бар ма есен-сая?
Қырғызға тыныштық салмаған,
Жауы бар ма алмаған?
Жұмасында ел шауып,
Қырғыз жаман зарлаған.
Мінген атын жаратқан,
Жұртты аузына қаратқан.
Қылыши қия шабылған,
Жұйрік аттың бәрі де
Пұшпағынан сабылған,
Найзасын қанға түйрекен.
Мақтанбағын, Сарыбасжан,
Қалын Дулат ішінде,
Дәу Сыпратай басында,
Андасы бар қасында,
Әлі төресі жанында,
Қасқарауда Қарабай,
Бет-жузіне қарамай,
Қасқарау Қырбас батырды
Сұраншы шылбыр тағып мойнына,
Қан тамшылап қойнына,
Бірталай жерге сүйреткен.

Сұраншы өлтірді деп,
Дулатың сонда шулаған.
Сонда қалай қорықты
Сұраншыдай батырдан.
Сонда Сұраншы:
Екі-ақ кісімен қырамын.
Неге қарап тұрамын?
Әуез, Атамқұл,
Сен бері кел, – деп,
Өз қасына шақырған.
Қылышы бар бұлқынған,
Дүшпанды жерді көргенде,
Айдаңардай жұлқынған.
Қалың Дулат көргенде,
Қорықпай ма деп сиқынан.
Сұраншыдай батырдың,
Жан келмеген шеніне.
Алмастан соққан ақ қылышы
Еш кетпеген белінен.
Ашуланған кісіге
Қабағын жаман түйінген.
Досы қатты сүйінген,
Дүшпаны жаман қүйінген.
Сұраншыны көргенде,
Аузын ешкім ашпаған,
Аяғын бейпіл баспаған.
Қарсы келген кісіні,
Сүйретіп тастаған.
Сабырлықпен саспаған,
Көлденең атқан мылтықтан
Жанын сақтал қорғалап,
Әсте бір қашпаған.
Тілеуқабыл, Майемер
Сарыкемерде шабылған.
Қоқаның ханы Құдиярға,
Қырғыз бенен сартқа

Албан, Дулат көп болғанда,
Ал, сонда неғылған?
Үш бөлінді бұл Дулат,
Бір бөлігі Іленің ар жағында,
Айсаның қарын өрледі.
Батыр деген Сыпатай
Жау қарасын көрмеді.
Сыпатаидай батырың
Түнде үркіп жөнелді.
Сарыбұлақтың қасында,
Аңырақайдың тасында,
Соған басы тығылды,
Тығылған жерден келмеді.
Тойшыбек пұшық
Қасқарау Кәріммен қас еken.
Қырғызда Жанғараш, Жантай
Кәріммен дос еken.
Шал, – деген еken Кәрімді,
Досына енді болысып,
Сені шауып алад, – деп,
Шабуылмен күнде хабар береді.
Түнделетіп кеп көшіп,
Үш күн, үш түн үркіпті.
Кәрім кетті төмендеп,
Ақтоғайдан барып шықты,
Қарт бурадай шөмендеп.
Тілеуқабыл, Майемер,
Сарыкемерде шабылды.
Тілеуқабыл, Майемердің туысы
Іленің түбегіне тығылды.
Құтырган Қоқан қолы
Бұларды қоршап алады.
Қызың жігіт тізіліп,
Су ішіне жығылды,
Жүрегі жаудан шағылып.
Суға аққан сорлылар

Тірі болсын не ғылыш.
Қыз, келіншек жаарын
Екіден түйеге міңгізіп,
Алыш жаулар жөнелді.
Патсайы, баршаға
Қоқан қолы кенелді,
Желдей гулеп жөнелді.
Ел мақтаған мақтаншағым,
Сонда көтің ашылды.
Мал мен мұлкің, казынан,
Айдалаға шашылды.
Шапқан атын бөгеді,
Қызыл қарға ат тұяғы боялды.
Жауға кеткен асыл ер
Найзасын тасқа таянды.
Арыстан тұған ерлерден
Құдай несін аяды.
Қасқарау Кәрібоз, Бәуке
Сұраншыға шауып барады.
Сенен қайрат болмаса,
Қалғанымызды жау шабады.
Біздің Дулат көп жылап,
Сенен басқа батыр таппады.
Батыр деген Сыпатай
Аңырақайдан шықлады.
Ботбайдың шыққан батыры,
Байтагы оның төмен боп,
Арғы жақтан келмеді.
Сенен қайрат болмаса,
Іздер кісі болмады.
Шағатайдай халықты
Жібермеді Тойшыбек.
Барайын десе барма, – деп.
Өңкей батыр бәрі де,
Алышта жатып білмеді.
Жауды көрсе қуанған,

Тұлпар мініп ту алған,
Сұраншы, Саурық! – дегенде,
Қырғыз деген халықтың
Жылаған баласы жұбанған.
Дұшпанды жерді көргенде,
Мұртынан күліп қуанған.
Қасқарау Кәрібоз, Бауке кеп,
Атын тартып, жылаған.
Жүрген батыр ұнаған,
Жаулы жерде бақ берген,
Дұшпанға жетер шақ берген,
Таңдайына сөз берген,
Асыл гауһар қылып,
От үшқынды көз берген.
Қай дұшпан сенен сау кетер
Қарсыласып кез келген.
Қатын, бала кетті, – деп,
Жарамдысын алад, – деп,
Жарамсызы қалад, – деп.
Сенен қайрат болмаса,
Керегеміз кетті, – деп,
Топ Дулаттың баласы,
Көптігімен ісі жоқ,
Қарсы келер кісі жоқ.
Көп Дулаттың баласының
Жылаған мен шабылғанда ісі жоқ.
Қатын-бала зар жылап,
Күні-туні шуылдалап,
Ет жүргегі суылдалап,
Қыз, қатынды қалың жау
Алып жөнелді дуылдалап.
Бізде лажымыз құрықды,
Батырға келдік шаққалы.
Қырық мың қол келіп қаптады.
Сенен қайрат болмаса,
Дулаттан кісі баспады.

Жылап тұрмын өзіце,
Жас таусылып, қан келіп,
Қалған жанға сенейін,
Жауап қылғын сөзіме.
Ырысқа шыққан батырсын,
Қырылып, шабылып жатқанда,
Қайтып шыдап жатырсын.
Найзанды тастан өткізген,
Шын туған ұл ең,
Қалауынды Құдай жеткізген.
Сенен қайрат болмаса,
Ажалымыз жетті, – деп,
Қызы-келіншек жарамды,
Жау қолында кетті, – деп,
Атым тартып жылаймын,
Сенен ракым сұраймын.
Талабың судай тасыған,
Қалың Дулат дегенмен,
Жауды көрсе жасыған.
Бақыт берген жігіт ең
Әуелде Құдай басынан.
Қырық мың қолға жан баспай,
Шапқан батыр аруаққа-ай.
Басқа шағар кісім жоқ,
Шабатұғын жан-жаққа-ай.
Атына мін, батыр-ай,
Жәрдем берер бір Құдай.
Шулап жатыр ел-жүртүң,
Шаптаймысың намысқа,
Шулап жатқан аруаққа-ай.
Қырық мың қолға қарасаң,
Ілден бері қаптаған,
Жас әйелді таптаған.
Қарсы келер кісі жоқ,
Ел қалмады шаппаған.
Желісін үзіп, жылқы алды,

Ырысын үзіп, мұлік алды,
Сенен басқа бұл жерде,
Жауға шабар кім қалды.
Тек дейтүғын кісі жоқ,
Еш адамның ісі жоқ.
Біздің Дулат ішінде
Артынан барап кісі жоқ,
Беліміз біздің үзілді.
Сені көріп шаптым да,
Кеңілім менің бұзылды.
Тал шыбықтай бұралып,
Сұлу қатын, сұлу қыз
Көзіне жас тізілді.
Қалың Дулат ішінде,
Ерлігінен саны көп,
Жауға шабар жаны жоқ,
Қарағаштай Дулагты,
Аңырақайға иірді.
Біздің елдің адамы,
Сұраншыға шапқын, – деп,
Бәрі бірдей бұйырды.
Мұны естіген батырдың
Түгі шықты сыртына.
Жаудың көріп қырғынын,
Жаны ашыды жұртына.
Ел жиылып келгенде,
Қалың қазақ өз елім,
Ел намысын қорғамау,
Ер жігітке бір өлім.
Қайраты тасып батырдың,
Жауға қарай ақырды,
Жолбарыстарын шақырды.
Қасына үш жұз қол еріп,
Ақтүяққа мінеді,
Он мың қолға тиеді.
Үш күн, үш тұн соғысып,

Енді бізден ес кетті.
Мал мен жанды жиып ап,
Қоқан, манап солдатын
Сыптырып қырып салады.
Елдей көшіп әкетті,
Жылқы мен қойдың бәрін де
Жаулар жиып айдады.
Алдыңа келіп Бауекен,
Жау қорлығын айтады.
Жаулы жерді көргенде,
Қылышын тасқа қайрады.
Артатұғын жүк қалмай,
Жиып алып, айдады.
Ауылында түк қалмай,
Адамында сұр қалмай,
Әйелінде нұр қалмай,
Көлденең жауға ұрынды.
Жас баланың бәрі де
Жолда жатып қырылды.
Жауды көрсе бақ берген,
Дүшпанды көрсе тап берген,
Құдай артық жаратқан,
Ол басынан түрінді.
Қылышың тасқа шабылды,
Шағар кісі табылды.
Арыстан еді жүрегің,
Дүшпан еді тілегің,
Кетпесін жауда бұл кегің.
Жауды сүймей жапырды,
Қырып жойып қамалға
Ел шетінен қашырды.
Сөйтіп біздің Сұраншы
Дулатты да қорғаған,
Тығылғанда қояндай
Дулаттың батыр дегені.
Сол Дулатты сақтаған,

Сұраншы біздің ер еді.
Кәне осындаған ерді айт
Ел намысын қорғаған,
Жатқа намыс бермеген.
Құр сөзбенен өңештеп,
Жамандарын айтып еліңін,
Қолынан боқ келмеген.
Жігітің сай болмаған,
Дүшпанды алып,
Көңілің жай болған.
Жылап келдім өзіңе,
Келгірді Құдай кезіне.
Мен де сенің тұғаның,
Алтын туым құлады.
Алдыңа келіп бейшара,
Жайын айтып жылады.
Шапса таста кетілген,
Ақтүяқ аттың тұяғы.
Мініп жүрген Ақтүяқ,
Бұл дүниенің пырағы.
Сұраншы, сен емес пе ең
Бұл қазақтың шырағы.
Шырағымды жандырып,
Жау қолынан алып бер
Жесір менен жебірді.
Жесір, жебірді алып кетті дуылдап,
Қыз, қатын қалды шуылдап,
Ет-жүрегі суылдап,
Тұла бойы дуылдап,
Сенен басқа кісі жоқ.
Арғымақ аты бүгілді,
Қалың Дулат бейшара
Дүниеден түнілді,
Тасқотаннан бері қарай
Ақ шатыр мен көк шатыр
Күртіні жағалай тігілді.

Кетті бу болып,
Жүрген жері шу болып,
Алғандары түйе боп,
Сойғандары бие боп,
Қазақтан алған малына
Қырғыз бен сарт ие боп,
Қонып алыш жағалап,
Күрті келіп өрледі.
Топырақтай ауыр қол,
Жаннан қорқар ер ме еді.
Онысы келді өзіне,
Құлақ сал, батыр, сөзіме.
Ендігісін өзің ұқсат,
Барап-бармас өзінде
Сұраншы сонда ақырды.
Андас, Нарбота, бері кел деп шақырды.
Тұмабай, Шанқан, қайдасың?
Шақырды өңкей батырды.
Дәүқара мен Шымырбай,
Шапшанырақ келгін, – деп.
Тұғі шығып бетінен,
Сұраншы батыр отырды.
Үш жұз кісі жиылсын,
Шағып келді маған, – деп,
Мен барайын оған деп,
Үш жұз кісі жиылдып,
Күртіні тәмен қыдырып,
Аттың енді тоқымын
Шырганақ тікке сыйдырып,
Шомбалғанға қарап бұрылды.
Шомбалғанға шығып тұрып,
Жау қарасын көреді.
Үш жұз кісі сырлып,
Шоқтай болып тұрады.
Қорқақтың түсі қашады,
Сабырсыз жаман сасады.

Не ғыламыз бұған? – деп,
Жер қайысқан қол екен,
Топырактай мол екен
Нарбота салып уайым,
Андас айтты қайғыны.
Не ғыламыз бұған, – деп,
Құмырсқадай кісі екен,
Кейінге қайтсақ қайтеді.
Шошынды біздің кісіміз,
Бұған қайтып келер күшіміз.
Уайым салып болмады, –
Қайталақ, – деп зарлады.
Сонда Сұраншы ашуланды жұртына,
Тұгі шығып сыртына.
Аузы-басы көпіріп,
Тілі сыймады ұртына.
Тұнде жатсам түсімде,
Шырт үйқының ішінде,
Оң жамбасымнан жатыр ем,
Сәтті құннің сәтіне,
Карасайлап ағызып,
Түсіппін мұның көтіне.
Осы қолды қашырып,
Қордайдан қуып асырып,
Қызыл қанға батырып,
Қырғын-жойқын іс қылып,
Қанына жерді сасытып
Түсімде мен жүріппін.
Қайтшы, қане, көрейін, – деп,
Қылышын алды сурырып.
Тырманасын қуырып,
Талапкердің бәрі де
Бұл араға келмей ме?
Бүйткен істі көрмей ме?
Мұның қатынның ісі емес пе?
Ұялмай қайтып барасын,

Ел қарасын қалай көресің.
Ауылдағы ақсақал:
Не ғылыш келдің? – дегенде,
Не бетінді айтасың?
Жаудан қорқып қайтқанша,
Қалың жаудан тайсалмай,
Жаралы болсаң болмай ма?
Ажал келсе, үйде де кісі өлмей ме?
Бұл ісінді жау да көрмей ме?
Жауға бүйтіп сыр берсөң,
Дүшпанымыз құлмей ме?
Айтшы, кәне, көрейін,
Қолында сенің өлейін,
Қылышпенен шапқылап,
Әуелі сендердің
Қызығынды көрейін.
Жібермеді біреуін,
Бәрін-дағы иірді.
Сұраншы сонда
Батырлықпен бүйірды,
Қыбыланың қызыл желі,
Соққан екен самалы,
Андастың тапқан амалы:
Кешке жуық болғанда,
Екі жүз жерден от жақты,
Амалды Андас сол тапты.
Сарт ұлығына барғын, – деп,
Отар деген біреуді
Қолға қарай шаптырды.
Сұраншы батыр
Көп қолмен келді, – деп,
Епетейсіз молы-ай, – деп,
Мені жіберді білгіз, – деп.
Сұраншы қолы көп келді,
Қисық емес, еп келді.
Мың солдат келді,

Алматы деген шәріден
Бес жүз казак-орыс келді.
Қылыш, мылтық, зеңбірек,
Батырлары өте көбірек.
Жену үшін бұларды
Айла мен күш көп керек.
Мың солдат барыпты,
Қордайдың асуын алышты.
Бес жүз-казак орысы,
Сұраншының қасында қалышты.
Бес жүз казак-орысы
Сұраншының қасында.
Қылыш, мылтық, зеңбірек,
Орнап жатыр басында.
Сүт пісірім уақытта,
Келмек болды осында.
Маган хабар бергін, – деп,
Жіберіп еді өзімнен.
Қабыл көрсөң сөзімді,
Тез дайындал, төзімді,
Не дейсің патшағар,
Шақырып алды қасына,
Қанжарын алды қолына,
Бояймын деп туымды,
Қанжар шанышп басына,
Айтқанына нанбады.
Ақ қара бас туына,
Көлденең ұстап,
Хабаршыны бауыздап,
Қанымен туын қандады.
Айқай шықты өр жақтан,
Айқайды байқаса,
Құлағын салса қылжақтап,
Ет асылып, шай қайнап,
Айқай-ұйқай қым-куыт,
Қаптап келед қалың топ,

Қарасайлап, айқайлап.
Асулы ет – асулы,
Сойылған мал – союлы,
Дүниесі шашулы,
Шабылған ел ашулы,
Қырғыз бен сарт қолы
Қос-қолаңын таstadtы,
Быт-шыт болып қашқаны.
Қашқан жаудың бәрі де
Жалпақтасқа жабылды.
Жүйрік аттың бәрі де
Қатты шауып сабылды.
Үш бөлініп бүл қырғыз,
Қырғыз қашты бір бөлек,
Сарт қашты екі бөлек,
Сұраншы тұсті көтіне.
Кім қарайды сол кезде
Сұраншының бетіне.
Тұяғынан тік басып
Келген екен Ақтұяқ
Шабатұғын кезіне.
Өтегеннің аузында,
Аққорадан барды да,
Қолдың алдын өрге қайырды,
Қайырғаны зайыр-ды.
Шулатып алып баратын
Қыз бен қатынды,
Өтегеннің аузында,
Сұраншыдай батыры
Сол жерде айырды.
Қашқан жаудың бәрі де
Өтегенді өрледі.
Дулатың бектері
Жау қарасын көрmedі.
Оңды-солды Сұраншыдай батырың
Қылышын сермедин,

Жауға намыс бермеді.
Үш күндей ұрысты,
Сұраныша бір адам
Қарай алмай бетіне.
Айқай салып Сұранышы,
Түсіп берді көтіне,
Омар батпан шейіттің
Соғысынан кем емес
Сұранышының соғысы.
Ат бауырынан қан ақты,
Жауды аузына қаратты.
Жантаны қалып тұргандай
Іздеген жауға қиямет көрсетті.
Сұранышының өзіне,
Жан көрінбес көзіне.
Әзірет шерінің
Ұрысындай ұрысы.
Шапса қанға төгілді
Қолындағы қылышы.
Қылышынан қан кетті.
Үш күн ұрыс бол,
Өтегеннің жағасы
Көрінбейді өліктен.
Қылышы қанға бөгеліп,
Ер Сұраныш ұмтылды,
Етек-женін қымтынды.
Өтегеннің басында,
Ауыз суырдың қасында
Қырғыздың қаны шашылды,
Абыры ашылды.
Ақтүяқ атқа қарасаң,
Өрге-қырға шабылды.
Шын ермек табылды.
Боқты өзенге жеткенше,
Ақтүяқ ат талмады.
Қордайдың асуынан асқанша,

Алдына қара салмады.
Қарасайлап ақырып,
Жау көтінен қалмады.
Толып жатқан кісіден
Жетпіс-ақ кісі құтылды,
Қылыши қанға тұтылды.
Астындағы Ақтүяқ
Шапқан сайын жұтынды,
Сауыры сонда терледі.
Сұраншыдай батырың
Жаудан қайтар ер ме еді.
Ақтүяқ ат созылды,
Шапқан сайын озынды,
Тұяғынан шаң шықты,
Шапқан жерден қан шықты.
Қырық мың қолды
Ақырып жүріп жайлады.
Уш жүз жігіт қасында,
Толып жатқан ауыр қолды
Алдына салып айдады.
Андас пенен Нарбота
Бұлбұл құстай сайдады.
Қашқан қырғыз, сартынды
Әй-шайына қоймады.
Сыртынан көрген кіслер
Омар батпан шейіттің соғысынан
Кем емес, – деп ойлады.
Қылышиң тасқа жаныды.
Сұраншы екенін
Сарттың begi де таныды.
Қордайдан қайтып аспады,
Аяғын қия баспады.
Сонша қырғын ішінде
Сабырлықпен саспады.
Қазақ ұлы бәрі де
Батырға аузын ашпады.

Қарсы келген кісіні
Сүйретіп атқа таstadtы.
Қызылды көп-көп жылқыны
Сұраншы алып, айырған.
Қыз, келіншек, қатынды
Айгайлад жаудан қайырған.
Салыста найзасы
Қара тасқа өтеді.
Астына мінген Ақтүяқ
Төрт аяқты жылқыға,
Куса барып жетеді.
Толып жатқан ауыр қол
Тепсініп келген жерінде,
Аламын деп келген елінен,
Қырғын болып таусылып,
Қор болып жеріне кетеді.
Мінген аты дүлдүл боп,
Андас шешен бұлбұл боп,
Жалғыз Құдай тілеу боп,
Нарботасы сүйеу боп,
Дәуқара мен Шымыrbай,
Шарманның бірі еді.
О-дағы қосылып,
Ат жалына түнесті.
Ботбайдан шыққан Сыпataй,
Үндемей жүр Сұраншы.
Дулатқа деп сөйледі,
Қырылған сарт пен қырғыздың,
Қирап жатыр жолында.
Талапкер болған ер жігіт
Сұраншының соңында.
Астына мінген Ақтүяқ
Шабатұғын қоңында.
Сұраншының оңынан туған жүлдизы,
Қырылмаған құндызы,
Айгайдан өзі қалмаған,

Қуалаған дүшпанды
Ұзатпастан қармаған.
Шапырашты мен Дулатты,
Сұраншының қолына бер, – деп,
Жақсыларың зарлаған.
Жауға алдырмас,
Дауға елді қалдырмас.
Ақтүяқ ат астында,
Он күн шапса болдырмас.
Сұраншыны барлаған,
Аруақ пен қыдыр
Басына келіп орнаған.
Дулат деген ел екен,
Жадағай жайдак ел екен.
Шапырашты деген ел екен,
Батыр туған ер екен.
Тілеуқабыл Майемердің бәйбішесі
Шапыраштының келіндеріне
Тұқым алындар, – деген екен.
Құран оқып сарнаған,
Ерекісен дүшпанды,
Найзаменен қармаған,
Күні-түні тынбаған,
Дүшпеннан сағы сынбаған,
Тамақ жеген алуа мен шекерден,
Шын ашуы келгенде,
Мұрты кетер тікшиіп,
Тақиясын шашы көтерген,
Намысынды әперген.
Жауды көрсе тап берген,
Мандайына бақ берген,
Шешен қылып жақ берген,
Өзіңе еркін шақ берген,
Таусылмайтын бақ берген,
Қырық жасқа келгенше,
Сөзің жаман, – демеген.

Ешбір тере еркін батып
Шеніне онын келмеген.
Ерлік пенен намысқа
Ат сауырын бермеген.
Губернатор, жандарал алдында
Қаймықпай сөзді жөндеген.
Тере, қара жиылып,
Құмтөбеде үйіліп,
Ешбір адам болмады,
Сұраншы білсін, – демеген.
Жанып қойған ақ болат
Серменде жау кесер,
Жаудан асып, тау кесер,
Тастан өтер қылышы.
Қырық тоғызға келгенше,
Ерлігі оның ерлекен.
Сұраншының есімін
Есқожа деген елімнен
Ерлер шығарып еңіреген,
Жүргемен менің шенімнен.
Саурықтай батыр
Он жеті жасқа келгенде,
Аттың мінді беліне,
Белгілі болды еліне.
Қаратал мен Көксудан
Ел бері ауғанда,
Желтоқсан айы болғанда,
Ботбайдан шыққан Сыпатай,
Тасыбек пен Диқанбай
Қаскеленді өрлей қоныпты.
Сонда Саурық батырың
Жиырманың ішінде,
Жетісуда қазақтың
Күлген күні кем еді,
Жан-жағынан күнде жау,
Елге тыныштық бермеді.

Бір жағынан қалмақтың
Ұрылары талады.
Бір жағынан қырғыздың
Орман ханы анталап,
Күнде мазаны алады.
Жылқыны тауға салыпты,
Елу жігіт қасында,
Бақ-дәuletі басында,
Қаскеленін асуын
Таза бағып алыпты.
Өңкей батыр жиылып,
Диқанбайдың үйінде
Ұлы кеңес құрыпты.
Бізде ішім азық жоқ,
Қонуға жазық жоқ,
Азықтан басқа
Бізде жазық жоқ.
Орманға тартуды
Біз берсек,
Тоғыз кісі жіберсек,
Бізге қоныс ол берсе,
Кеңшілікпен жол берсе,
Аяғын құрғақ арал қып,
Басын берсе.
Қара қоңыр көбікті қып,
Үш жуз ат тарту біз берсек,
Тоғыз кісі жіберсек,
О да берер жауабын,
Азығы жоқ бейшара
Демей ме: алалығына сауабын
Сабан, шөpte, биеде құлын қалмады,
Айғырда жал болмады.
Осы істі қылмай болмайды.
Әлі төре жіберсін
Садықан деген баласын.
Төренің баласын бас қылып,

Тоғыз кісі баrasын.
Іс мәнісіне қарасын.
Диқанбай ұлы Тасыбек,
Біріне сен баарсын.
Шапырашты Сэт барсын,
Қасқарау Кебекбай ол барсын,
Бөлтірік үлкені Сандыбай,
Біреуіне ол барсын.
Жаныстағы Жетібектен
Олардың да бірі барсын.
Қырғыз мәндеші бардың
Жақпай деген баласы,
Жетібекте, Жаныста
Шөнейдің қызын алған күйеуі,
Балғожа, Медеу, Байзақ,
Оның барсын біреуі.
Шамырдың барсын біреуі.
Артық Аташ текеде,
Соның барсын біреуі.

Сонда Диқанбай сөйледі:
– Ой, сендер ол әңгімені
Қылыш отырсың,
Біз ол жерге көшіп барған сон,
Қырғызға тыныштық салмайды.
Біздің қара мойынның көзі
Иесін тауып жоғалмай,
Шапыраштының ку баласы да
Екеуі бірдей жоғалмай,
Жау көтінен қалмайды.
Онсыз бізге тыныштық болмайды.
Қыс ішінде бөлініп,
Мәнісіміз болмайды.
Жақтырмаймын мұнынды,
Тиын көрмес құнынды.
Қыс ішінде бөлініп,

Кетірмегін сыныңды, –
Деп отырған уақытта,
Сыпатай, Саурық
Жылқыдан келмей кешікті,
Есіктің алдына
Келіп тұрған екен екеуі.
Әлгі сөзді есітті,
Есік ашты бір жігіт.
Сыпатай кіріп келеді,
Саурық бірге кіреді.
Шыулдаған көп адам,
Үндеместен қалады.

— Ел ішінде, жау бетте
Шекті қорғап жатырмыз.
Әңгімелеріңді айтындар.
Шулап тұрып, жым болып,
Жігерлерің құм болып,
Неге үндемей қалдындар.
Осылай Саурық айтады,
Сыпатай, Саурық
Қайсының қызыңды (....),
Боктап-боқтап жерледі.
Ешбір адам үндемей,
Қайырып жауап бермеді.
Шай құйып тұрған Тасыбек
Сел-сел болып терледі.
— Енді, Саурық, қайтесіз, –
Ақыл салып өзіне,
Тасыбек қарап тұрып терледі,
Саурықтың айтқан сөзіне.
Сол кезде Саурықтың,
Жан көрінбес көзіне.
Өзіне ақыл салған соң,
– Біткен ісім жетті, – деп,
Тағы бізден көрерсің.
Орман сендерді менсініп,

Оңды жауап бермейді,
Кісі орнына көрмейді.
Баарында баарсың,
Қайтарында қор болып,
Жан-жағыңа қаарсың.
Жаяу шалмен ойнама.
Жаяу шалмен ойнасан,
Өлмеймін деп ойлама.
Жөнді жауап бермейді,
Сені кісі орнына көрмейді.
Ол еркек туып,
Біз анадан ұрғашы
Болып туыппыз ба анадан.
Қанша алуан көп шығар
Қырғыз, қазақ арадан.
Құдайымызға жылалық,
Ұйқыдан сақтанып,
Өзінді өзің қор тұтпа,
Тұралық та мақтанып.
Тоғыз кісі жөнеді,
Хан орманға келеді.
Салынған қонақ үйі бар,
Мейманхана үйге түседі.
Салынып қойған боза бар,
Кешке дейін ішеді.
Тұскеннен соң аттарын
Тегіс алыш жөнеді.
Күніне бір қойдың етін береді.
Тоғыз күн жатады,
Екі көзін сатады.
Әлі Орманды көрген жок,
Не жүрісің деген жок.
Тоғыз күн болғанда,
Орман батыр келед, – деп,
Көлденең көрпе құшақтап,
Бір жігіт келеді.

Орман батыр үйге кіреді.
Жеткені қолын, жетпегені етегін
Жабыла барып ұстады.
Орман барып отырды,
Әйдік ұлken кісі екен,
Шоқыдай болып отырды.
Қаражак, Қауғыл қасында,
Екі тізесін үқалап,
Шартасынан жүгініп.
Қандай қылып бастар, – деп,
Жаннан отыр түңіліп.
Қаражак, Қауғыл зарлады:
– Ай көшті, алтын жүзді,
Шырын сөзді,
Гауһар жүзді,
Орман батырың жол болсын депті.
Не ғылыш жүрсіндер?
Кеп-кеңестерінді кәне бізге айтындар.
Тоғыз күн болды,
Қамалып мұнда жатырсындар.
Кімнің ұлысындар?
Қандай бізде жұмысың бар?
Жұмысың болса айтындар.
Жұмыстарың бітсе, кайтындар.
Сонда Әліке тұрып сөйлейді:
– Біз Қараталдан, Көксулы жерден ауып келдік.
Батырға сәлем береміз, – деп, шауып келдік.
Орман батырымыз, ауыз жылтытамыз деп келдік.
Алыс жүрдік,
Жуық жүрдік,
Ыстық жүрдік,
Суық жүрдік,
Жаздың қадірін енді білдік.
Мұсылманның баласымыз,
Ерулеп, ерін бұзып, ел шауып,
Жылқыны таудан ары қуып,

Біресе бері қуып,
Орман батырға
Жұз жылдықалы келдік жуық.
Бізде мал қыстайтын кең қоныс жоқ.
Жайлайтын жайланаң егін мен өріс жоқ.
Сабан, шәпке
Келіп жатырмыз.
Айғырда жал қалмады,
Биеде құлын қалмады,
Қойда құйрық қалмады,
Жан сақтар жер болмады,
Жейтін азық болмады.
Батырға үш жұз ат тартуды
Әкеп біз берсек,
Батыр бізге қоныс берсе,
Басын қара қоңыр көбікті қылып,
Аяғын Құрғақ аралы қылып,
Батырмен қатар жатсақ.
Ойсыз ұл,
Мисыз құл
Ел ішінде бола ма?
Қыргыздан біреу,
Қазақтан біреуді сайлап,
Теріс-тентек болса тыбып,
Дау-жанжалды бітісіп,
Ел арасында тұрса қайтеді.
Анау Садықан Әлі төренің баласы.
Мынау Тасыбек Диқанбайдың баласы.
Мынау Әліке Мырзабек, Кәшкенің ұлы.
Мынау Қасқарau Кебекбай деген жігіт.
Мынау отырған Ысты Сандыбай
Бөлтірік батырдың баласы.
Анау – Теке Шоқан батыр,
Мынау – шымыр Байзақ батыр ауылының жігіті,
Осы кәдімгі Әшекей Бауkenнің ауылының жігіті.
Мынау – Сиқым Шомай.

Орман отырып сөйлейді,
Орманның айтатын кебі бар.
Былтыр жылқысын Қарабалтаға қыстатса,
Жылқысын көктем уақытында
Үйіне қарай айдағанда,
Тар өзенге түскенде,
Не бай, не манап жүгенін қолына алып,
Алдынан шығады да
– Ей, батыр, бір аттың майын бер, – дейді.
Иә, өздеріңнің жылқыларын қайда?
– Саурық әкетті, – дейді.
Қай өзенге барсам да,
Саурық әкетті, – дейді.
Бергі өзенге түсем,
Ботбай Сыпataй әкетті дейді.
– Менің Орман батырлығым құрысын,
Елімнің үш бөлігінің бірі
Тіпті өліп қалған екен ғой.
Сен Дулат деген ел едің,
Құдайға жақын жан едің.
Аздал күнәсі бар екен,
Сыпataй батырдың күнәсін
Дулаттың аруағына кештім.
Саурықтың күнәсін кешпеймін,
Елімді тіпті үгітіп тастаған екен.
Саурықтың қанын ұрттамай,
Не өз қанымды ұрттамай,
Сірә да тынбаймын.
Баланды тыныш ұйықтатпаймын,
Іленің бер жағына да қоймаймын.
Тоғыз жігіт қайтады.
Саурық тұрды,
Сол асудың басында,
Елу жігіт қасында.
– Не ғып кешіктіндер?
Тоғыз күн жатып осында.

Орман батырдың
Келді ме сөзі қошымға.
Тоғыз күн жатып оралмай,
Не болды осынша
Жақсылық ниет бар ма.
Жақсы сөзі жоқ болса,
Айтатұғын ұсыныс бар ма.
Қаражак, Қауқыл сарнады
Жанын ешкім қоймаймын.
Түйені берсе: елемен,
Түк өнеді деп ойлаймын.
Азық, қоныс бермек түгіл,
Іленің ар жағына қоймаймын.
Тыныш ұйықтатпаспын баланды,
Көкіректен шығарамын санаңды.
Кете бер, қазақ, кете бер,
Көрсетпе маған қараңды.
Қазақтың атын әкеп бер,
Бұл арадан жөнелсін.
Жей бер, қазақ, қамынды,
Сөндірермін шамынды.
Атын алып келеді,
Жаны тірі көнеді,
Атына мініп жөнеді.
Жылқыдағы Саурыққа келеді,
Орманның айтқан ол сөзін
Тегіс айтып береді.
Көкірегіне Саурықтың жік шықты,
Екі беттен түк шықты.
Қырғыз еркек, біз қатын туыппыз ба? деп,
Саурықтың келді ашуы.
Ізденіп жүрген бұл жаудан
Батырдың болмас қашуы.
Қара мұртты сылармыз,
Мәніне қарап тұрармыз,
Бір Құдайға жылармыз.

Тасыбек айтты бір сөзді,
Төрт жұз өтізбен
Темен кетті астыққа,
Саурыққа ақыл салады.
Саурық батыр ілездे
Үш жұз жігіт жиып алады,
Қаскеленген асып барады.
Ойдан келетін ерлерді
Қайырып тосып алады,
Терме тасқа салады.
Ауылға айдал жіберді.
Көк бөрте ат астында,
Саурық тосып қалады,
Тоғыз жігіт кеткен сон,
Саурықтың амалы қатты қу еді,
Саурық бірдеме қылар, – деп,
Үмбеталы, Шарғын –
Екі баласын бас қылып,
Қаражак, Қауғыл ішінде,
Біреуін аман әкелді.
Орман батыр жіберген,
Үш жұз кісіні.
Сендер енді жүре бер.
Жол аузына кіре бер
Екі жұз үй салықшы,
Ішіп-ішіп бозасын,
Сонда жатып қалыпты.
Тұс ауған шақ уақытта
Айдал кеткен өгіздің
Ізімен келіпті.
Астығымен төрт жұз өгізді
Қаскеленге қарай
Айдал алып кетіпті.
Саурық жолды тосып қалыпты.
Терме таста еңкейіп,
Қарт бурадай шөңкейіп.

Ылдыымен ат қойып,
Келетін көп адамды көріпті.
Көрінбестен тұрындар,
Аттың мойнын бұрындар.
Жармысы өтсін кісінің.
Құдай кезегін берсе,
Бұл бір тегін олжа, – деп,
Тәуекел ғып тұрындар.
Жиырма-отыз кісі
Тәмен өткенде,
Саурық онды алды,
Жанындағы мылтыққа қол салды.
Қыргызға шыққан қарсыға
Әкең Саурық менмін, – деп,
Үш атады мылтықты,
Жоғарғыны жоғары,
Тәменгіні тәмен,
Екі бөлініп қашады.
Жоғары қашқан кісінің,
Саурық түсті көтіне,
Кім қарайды бетіне.
Мылтықты келіп атқанда,
Тұтінге қосты тұтінді.
– Әкең Саурық! – дегенде,
Қыргызда ес қалмады.
Қыргызға түсті салмағы.
Естімеген қырғыз қалмады.
Күн батарға келгенде,
Үмбеталы атын тастап,
Басшыға шығып барады.
Хан Орманнан тумай кет,
Аяғына оқ тиген қарғадай
Қайда қашып барасың.
Орманның ұлы сен болсан,
Қашкениң ұлы мен болсам,
Тереземіз тең болса,

Қылышпен, найзамен
Шабыса кетсең болмай ма?
Шынайы батыр сен болсан,
Найза, мылтық қолында,
Шабыса кетсең болмай ма?
Шабысуға дәрмен келмесе,
Атынды тартып бұл жерде,
Табыса кетсең болмай ма?
Балуан болсаң бұл жерде,
Алыса кетсең болмай ма?
Қорыққаннан аяғын оқ ұзген
Ақсақ қарғадай
Тасқа қашып барасын.
Құтылмайсың менен, – деп,
Айрылмаймын сенен, – деп,
Мылтықты басынан асыра
Екі атып жіберді.
Үмбеталы келді қасына,
Аманбысын Саурық, – деп,
Қол қусырып ол келді,
Құлдық ұрып қасына.
Енді атына мінгіз, – деп,
Ауылға енді апар деп,
Үмбеталы, Шарғынның,
Екеуін де әкетті.
Әне бір кезенге
Мен шығып қайтайын.
Жүре бер, батыр, журе бер.
Шауып шықты кезенге,
Анау бара жатқан,
Каражақ, Қауқыл, – деп,
Көзін салды өзенге.
Токта, Қауқыл, тоқта деп,
Мылтығын басынан асыра атып жіберді.
Тұра қалды ол Қауқыл,
Саурық барды қасына.

Қауқылмысың? – дегенде,
Саурық, балам, сенбісің? – деп тұрды.
Қасына енді кеп тұрды.
Не деп ұрыстың ағаға,
Жапанда құла далада.
Ашып қара көзінді,
Есті менің сөзімді.
Сақалыңды сылып алайын ба.
Ағаларға не дедін,
Қане сенің қайратың,
Көрсетші менің өзіме,
Сүгайын ба найза көзіне.
Әкемдей үлкен кісі едін,
Айтып тұрмын бұл сөзді,
Өзің айтқан сөзіңе.
Орманға мен не жаздым?
Ұрттағандай қанымды,
Шығарғандай жанымды.
Бәленше шапты болғанда,
Сегізбектің тоғызы бірдей түсті
Қасқарау Керім қолына.
Өлтіргелі жатқанда,
Отаным үшін шіркіннің
Қанын біз аламыз ба?
Атын, тонын маған берсін.
Саурық кісі шаптырды,
Сұрағанға серік бермеді.
«Қырамын мұның бәрін деп,
Кетіремін арын», – деп,
Керім батыр бермеді.
Саурық мінді атына,
Көңілі келді шатына.
Елу жігіт ерді
Саурықтың қасына.
Саурықты көрген соң,
Керім байпаңдай береді.

Ұялды ма, қорықты ма?
Тоғызын ат-тонымен шығарып,
Саурыққа әкеп береді.
Саурық алып тоғызын,
Аман-есен қайырып жіберді.
Жазығым қайсы Орманға.
Орман мені өлтіремін депті,
Ол кай жерінен арманда.
Қаражақ, Қауқыл, сен,
Айтамысың Орманға.
Айтайын, балам, Орманға.
Егер айтсаң, қайтасын.
Айтпасам, Құдайдан қайтсын.
– Бар, Орманға айтқын, – деп,
Коя берді Орманға.
Қауқыл тұнде барады,
Орманға барып жылайды,
Көздің жасын бұлайды.
Жылағанын Қауқылдың
Орман батыр сұрайды.
Осылай деді Саурық
Деп жылай береді.
Ауып келген екен
Саурықтың қонысы,
Расы еді сонысы.
Ата жерінен сын кетті,
Мықты жерге күш кетті.
Амалы қатты бала екен,
Ыңғайсыз жерде іс етті,
Амалсыз бізге істетті.
Ертең отыз кісі баралық,
Құдай басқа салған соң,
Аузына қаралық.
Тамырласып, достасып,
Адамымызды алалық.
Ертең отыз кісі атқа мінеді,

Қаражак, Қауқыл ішінде,
Отыз кісі барады.
Саурық тұрған жылқының ішінде,
Елу жігіт қасында,
Бақ дәүлеті басында,
Жау келер ме мұның қасына.
Жүйрік ат, ер жігіт бәрі сай,
Тұрған еді кару-жарақ асына.
Керме тастан
Қатар-катар көп адам,
Төмен келіп төгіліп,
Ат қолтығы сөгіліп,
Бір топ кісі артынан.
Саурықтың көзі бар
Жаннан асқан қырағы.
Бір топ кісі ішінде
Орман батыр келеді.
Көз жететін жер емес,
Саурықты танып көреді.
Жаудан қалар ер емес,
Мен жылқы жаққа барайын.
Саурық қайда, – деп сұраса,
Ауылға қарай кетті, – деп,
Жөнімді солай айтындар.
Көрінбейін көзіне,
Қайырғын жауап сезіне.
Асылық сөйлеп жаяу шал
Өз обалы езіне.
Орман Саурық қайда деп сұрады.
Саурық ауыл жаққа кетті деп,
Қайырлы жауап қылады.
Қашкенің ауылды – бас ауыл,
Бас ауылға барып түседі,
Тамақтарын іshedі.
Өзенменен жағалап
Шауып барды

Сыпатайдың ауылына.
Шақырып алды
Сыпатайды қасына.
Орман батырың кеп түсті
Бас ауылдың басына.
Аылдақалы, Сыпатай,
Сізге келдім осында.
Қалай қылыш күтеміз
Үй тігелік басына.
Онан соң ертіп келді
Диқанбайды қасына.
Диқанбай батыр үйінен шықты.
Біз Дулат болып
Құдайдан қорықсақ-шы.
Саурық салды жел жаққа,
Сені салдық оң жаққа,
Өзіміз отырмыз
Қалың қазак ел жақта.
Дауымызды алыш бер, – дейміз бе?
Жауымызды шауыш бер, – дейміз бе!
Біз Құдайдан қорықсақ-шы.
Жалпы Дулат болып
Орман батырды күтелік.
Тоғыз үйді тігелік,
Биені соялық,
Жігітті қатар қоялық.
Тоғыз үйді ауылдың
Аяқ жағына тігелік.
Орманды шақырып,
Орманды қонақ қылмаққа.
Бие қалды сойылып,
Үй де қалды тігіліп,
Ел қалды жиылып.
Ал Саурық барған жок,
Әлі Орманды көрген жок.
Қашке де отыр ішінде,

Диқанбай отыр осында,
Сыпатай отыр қасында.
Саурық қайда кетті деп,
Қайта-қайта сұрайды.
Саурық келе жатыр деп,
Бір жігіт есік ашады.
Сәлем беріп кіреді.
Орман қолын ұстады,
Көрсетті бүған нұсқаны.
Сен де менің ұлым деп,
Еңкейіп бетінен сүйіпті.
Үәкіл балам сенсің деп,
Шығармады қасынан,
Құс ұшырмай басынан.
Тоқтатқан соң,
Орман билік қылады.
Ой, бір билік қылайын,
Жаратса Құдай ылайым.
Тәрт аяқтан қашу жоқ,
Екі аяқтыда сату жоқ.
Тәрт жүз өгізді,
Арқан жіппен,
Бидай, талқан, жұғімен.
Арқадан ауып келіпсің,
Сендерде азық жоқ,
Бұл ісінде жазық жоқ.
Қыбыланың қызыл желі,
Соққан екен самалы.
Жас та болса бұл Саурық,
Жаннан асқан амалы,
Жүзелген ердің самалы.
Дулатпын деп көпсініп,
Бекпін деп бексінбе.
Қалың Дулат тұсына,
Саурықтай батырдың,
Сені салдық оң жаққа.

Жаулы жерге барғанда,
Кіреді екен күшіне.
Даулы жерге барғанда,
Сөз толады ішіне.
Мың қарғаның тұяғы
Бір түйғынға өтпейді.
Ашуы келген жерінде
Бір ойран салмай кетпейді.
Тамам қарға жиылса,
Бір сұр қарға жетпейді.
Саурықтай батырым
Намысынды әперген.
Дұшпанды көрсе,
Мәссаған деп тап берген.
Амалменен ер Саурық,
Шөгіп жатқан Орманды
Пенде ғып алдына әкелген.
Амалмен үйіне әкелген
Құдай берген жүректі,
Берген Алла тілекті.
Көбелектей көп Дулат,
Көптігінмен ісің жоқ,
Дұшпанға қылар күшің жоқ.
Бек қылатын ішінде,
Мың болсаң да бір ғана,
Саурықтай кісің жоқ.
Жау жағына ел бермей,
Дау жағына сөз бермей,
Қай дұшпаның кетіп ед
Саурыққа алынбай.
Қырғыз-қазақ жүр ме еді
Саурыққа жалынбай.
Қан қамың қал ғысыр (?)
Сауыт-сайман сайланып,
Жалаң қылыш байланып,
Найзасын тасқа түйреткен

Саурыққа кім жеткен.
Құтылдың мойындағы міндеттен.
Асулы жерді құзеткен,
Жылқының бәрін тұзеткен,
Мандайына бақ берген
Саурықтай батырға,
Дулат түгіл қазакта
Кім шақ келген.
Рас, Шапырашты
Сенен аз едім.
Аз да болса сенен баз едім.
Даулы жерге барғанда,
Саулап тұрған сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Найзаның ұшын безедім.
Келді ме менің кезегім,
Келсе менің кезегім
Кезегімді бір бермей,
Өртедің менің өзегім.
Шапырашты мен едім,
Елдің шетін қыстаған,
Көлденең наиза ұстаған,
Дұшпаннан қашпаған.
Ақыл, қайрат іс қылып,
Кезекті жерде саспаған.
Ерегіскен дұшпанды
Тарықтырған қара келідей
Шоқитып тастаған.
Шапырашты мен едім,
Етімде бар тірлігім,
Аузымда бар бірлігім.
Ерегіспе менімен,
Қай жауымнан қаймығып,
Қайда жәкетай деп жалынып,
Қайда саған айтып ем.
Найзаның басына,

Желекті мен байладым.
Қаптаған қалың жауымды
Бір шыбықпен айдадым.
Уа, қауым тұр жиылған,
Ақылменен ойлаймын,
Еш дұшпаннан сағым сынбады.
Ерегісken дұшпанды
Тұбіне жетпей тынбадым.
Сен Қасараудың ішінде
Қайда соғып тұрған дауыл ең,
Жылқы болсаң, жауыры ең
Сен қайда Малдыбай, Қонысбайдың
Бірге туған бауыры ең.
Сен Қордайдың астында
Көбік құрттап жатыр ең.
Кешегі сен
Жайлau тимеген ауыл ең.
Сен қайдағы дүр едін,
Қанша малың болса да,
Жосып кетіп жүр едін,
Жұн жеп, жабағы құсқан дүр едін,
Үстің толған кір едін.
Сан тимеген сасықтың
Кеше ғана бірі едін.
Сен Қасқарau ішінде
Сұлтанкелді Бекенсің,
Атып салған текемсің.
Өзіңе өзің сұқтанып,
Өзің түбіне жетерсің.
Өз малыңды міне алмай,
Өз асыңды іше алмай,
Өтерсің, бәсе, өтерсің.
Біздің Шапырашты ішіндегі
Қайыршы Тіленшідей екенсің.
Аузы-басың бүрісіп,
Кол-аяғың тырысып,

Көрінгенмен ұрысып,
Долы қатын сияқты,
Құдайдың ұрғаны екенсің.
Мен отырмын сөз сөйлеп,
Нұрым қызыл шоқтай бол.
Бұл сөзімді сынаңдар,
Жаныс, Сиқым, Ноғайбай мырза,
Тағы да Ботбай бол.
Екі беттен тамтық жоқ,
Ана бір тасқа түсіп,
Жаншылып қалған боктайдай бол.
Бетінді адам көргісіз,
Жайлауда бүршақ ұрған
Боктайдай бол.
Ағыным ақ боз аттың арынындай,
Дауысым аққан судың сарынындай.
Екі бетте тамтық жоқ, Құдай ұрған,
Қазып алған картоптың орынындай.
Мен сейлеймін үлкен үйдің төріндей бол,
Сен отырсың шал болып,
Мен отырмын жас жігіт өрімдей бол.
Жан біткенді бойыңа тоқсынбайсың,
Майлайбайдың баласы Керімдей бол.
Жұртқа аян менің дабысым,
Дарылдаң, несін менімен былышылдайсың.
Аузындағы құсығың мен боғынды жеп.
Аузына келгенін қайтармайды,
Осының мақұл ма жыйылған көп.
Биім атын атайын Сарыбайым,
Саржандай болысым,
Түзелген менің қонысым,
Ешкімге кеткен емес намысым.
Ешкім би-болыстан кем емес,
Жөні келсе танысым.
Бәйге атынан кем емес,
Жүгірсем менің шабысым,

Кімге кетті намысым.
Басың сенің шатылған,
Басың бұлға сатылған.
Саурықпен ерегісем деп,
Байзақтай батырынды,
Қоқанда ләшкөр құсбегі,
Зеңбірекке байлап атылған.
Басы бәлеге шатылған.
Ләшкөр Құсбегің,
Саурық өкіл баласы,
Сөздің келер данасы.
Ақылы бар кісілер,
Сөз мәнісін карашы.
Кешегі дәу Сыпатаій,
Ол Ботбайдың баласы.
Сыпатаиды арбаға таңып ап,
Ләшкөр құсбегіне,
Өлтіреміз деп ап жөнелді.
Сыпатаидың жазығы,
Қалмаққа қашып кетед деп,
Дулаттың өзінің қылған жаласы.
Мынау Ботбай баласы,
Сен де Ботбай баласы.
Сонда тағы Дулаттың,
Жазықсыз іс қылды деп,
Саурыққа келіп жалынды.
Сенен қайрат болмаса,
Сыпатаій батыр кетті деп,
Сыпатаій бұған не етті деп,
Саурық батыр барыныз,
Сөзіме құлақ салыңыз.
Ici аққа Құдай жақ.
..... ici ақ,
Деген сөзін естіп.
Сыпатаидай батырды,
Өсекпен ұстады.

Тұзеген батыр нұсқаны.
– Олай болса барайын,
Мәнісіне қарайын.
Тұн ұйқыға қарамай,
Ат теріне жарамай.
Бәлешенің көк жорғасын
Сен маған әкеп бер,
Екі атпен қосақтап,
Ләшкөр Құсбетіне барайын.
Өкіл балам деуші еді,
Алдына барып жылайын.
Екі ат мініп ап,
Күн-тұн қатып жөнеді.
Саурық екі жорға атын мініп ап,
Бір күн, бір тұн жүріп,
Олардан бұрын барыпты.
Ләшкөр Құсбетінен сұрады,
Сонда берді тілегін,
Қуаныш ердің жүргегі.
Балам, неғылып жүрсің деп,
Ләшкөр Құсбеті
Саурыктан сонда сұрады.
Жүргегіме қан түсті,
Қисық емес дәл түсті.
Ауылдағы арызым,
Мойнымдағы парызым,
Сыпатаидай батырым,
Өсекпенен арбаға таңылды.
Сыпатаі сізге не қылды,
Не тобасынан жаңылды?
Сыпатаидай батырым,
Кеше ғана алдында,
Бұлбұл құстай сайраған,
Елдің қамын ойлаған.
Сыпатаиды арбаға таңдырған,
Дулаттың өзінің айтқан өсегі.

Тілекке келдім мен сізге.
Тілегімді берсеңіз деп айтамын,
Бермесеніз тақсыр қайтемін.
Алдыңа келіп жылаймын,
Көздің жасын бұлаймын.
Окіл балан шын болсам,
Тақсыр сізден сұраймын.
Берсең тақсыр кеп тұрмын,
Тілегімді бер деп тұрмын.
Неше күндей күн қатып,
Неше түндей түн қатып,
Әрен деп сізге кеп тұрмын.
Қалмаққа қарап
Қимылдаса еліміз,
Дүшпанға қату беліміз.
Окіл балам, – десеніз,
Сыпataйды беріңіз,
Бір қасық қанын қының.
Өсек айтып жүрген арада,
Жүрегіміз ақ жол боп,
Елі-жұрты жылады,
Көзінің жасы сел болып.
Бір қатар жанның серкесі,
Ел-жұртының еркесі.
Әппак мені жылатпа,
Алатауды құлатпа.
Әппак іске өлтірме,
Қылма таба өсек айтқан дүшпанға.
Маған сенсеңіз,
Бұл тіліме көнсеңіз,
Ақ қанын жерге тамызба,
Болмасын ел-жұрт таба.
Әппак мені жылатып,
Тұрсаңыз ұнатып
Қол кусырып сұрады,
Құсеке! – деп тұрады.

Өкіл балам десеніз,
Бір қасық қанын берініз,
Деп Саурық сұрады.
Әдейі өксіп келдің деп,
Балам, саған бердім, – деп,
Жанған отты өшірдім,
Қанын саған кешірдім, – деп.
Бар жұмысын бұл болса,
Жұмысынды бітірдім.
Қош, балам, енді не? – деп,
Ұлықсат берді өзіне,
Қабыл қылды сөзіне.
Ол түні енді қонды да,
Ертең қайта салады.
Әулиеатадан
Қарсы алдынан шығады.
Алып келген қағазын,
Шекербектерге салады.
Сыптаідай батырды
Әулиеатада ажалдан,
Айырып алады.
Сыптаіды босатты
Саурықтай батырың.
Сыптаіды өлімнен айырды,
Айырғаны зайыр-ды.
Басында Ботбай құса да,
Тұсінде болды қатер іс.
Намысынды әперген,
Жанжалды жерде тәу берген,
Орысқа кеткен намысты
Осы батыр әкелген.
Саурықтай батырға
Қандай адам шақ келген.
Саурықтай батырдын
Көзін оттай жандырган.
Ерекіскен кісіні

Ес-түсінен тандырған.
Найзаны тасқа егеген,
Қолдың алдын бөгеген,
Атын мінген қылаңнан,
Сұлуды құшқан бұраңнан,
Жігітті жиған өнірден,
Қай дүшпанға
Кетіп еді намысын,
Жер жарады дабысын.
Қолындағы асылдын,
Білмейсің ғой мәнісін.
Дүшпаның қашқанда,
Артынан құсам, жеткемін,
Алдынан барсам, тосқанмын.
Жасығына көпсік жоқ,
Асылда аздық жоқ,
Ауданың аз десең де,
Таразыға салғанда,
Бәрінді де басқанмын.
Ләшкөр Құсбекінің
Өкіл балам дегенінің мәнісі:
Қалмақтың алыс қонысын,
Шақырасың елім деп.
Кетіп жүр екен намысы.
Саурықтай батырды
Ләшкөр Құсбегі
Шақырып алды қасына.
Текежәуміт арғымақ
Мінгізеді астына.
Алтын қымқат жамылтып,
Асыл киім кигізді,
Алтын дулыға кигізді
Саурықтың басына.
Отыз жігіт ертіп қасына,
Қалмақтың бастық ханына,
Қалдар ханның жұртына жөнеді,

Қару-жарақ асына.
Егесіп жүріп бір күні,
Ұрлап алып баласын,
Алыш келіп баланы
Ләшкөр Құсбегіне береді.
(Қараашы ақылының данасын).
Қайратына қақ тұрған,
Айтқанына нық тұрған.
Алыш келіп баланы,
Таза қылып баққызған.
Тілегі қабыл болған соң,
Ерлігін батырдың ұнатқан.
Жауының баласын алыш,
Жауын жаман жылатқан.
«Өкіл балам сенсін», – деп,
Саурық солай атанған.
Тілегі жаудан қайтпаған.
Саурыққа еш адам
Әсте жаман айтпаған.
Әппақпын деп ақсынба,
Дулат сенің де.
Тұн болса көлеңкелі,
Жарға бармаған,
Нең артық сенің қатыннан.
Саурықтай батырдың,
Қозгайын оның затынан.
Андас шешен дауды алса,
Іле судың арасынан,
Басып озған ерлер ғой
Қатардағы халқынан.
Ол батырлар ұмтылса,
Етегін-женін қымтанса,
Турамай сірә, кетпейді.
Айбаты оның кем емес
Темірден сокқан талқыдан.
Жауды көрсе тоқтатқан,

Дауды көрсө сөз тапқан,
Жауды көрсө ел шапқан,
Атасынан ел баққан,
Ешкімге залал қылмаған,
Шашылғанын жинаған,
Меймандарын сыйлаған,
Дүшпандарын қинаған,
Қай ісі бар Саурықтың
Бұл халыққа сыймаған.
Ерегіскең дүшпанды
Тезге салып түзеткен.
Даулы жерге барғанда,
Тіл мен жағын безеген,
Еш адамнан қорықпаған,
Елдің шетін жайланаған,
Мамаға атын байлаған,
Сол кезінде Саурыққа
Кім жетем деп ойлаған.
Өзі адамның батыры,
Көп үстінде ерулі.
Әділдігіне қарасаң,
Әділетпен сұрасаң,
Әділетсіз баласына
Болмайды жақыны.
Бурадай басы сақылдан,
Дүшпанды жерді көргенде,
Алтын түсі жарқылдан,
Даулы жерді көргенде,
Екі көзі тұнжырап,
Ақ сауытын жамылған.
Ерегіскең дүшпанға,
Қарт бурадай шабынған.
Ұлы жүздің батыры
Сәтімен табылған.
Ішінен қаттау киінген,
Қайратына халық сүйінген,
Дүшпаны қатты күйінген,

Досы қатты сүйінген,
Алтыннан бұрамалы
Дұлығасы басында.
Қайратты туған ер жігіт,
Бәрі де тұр қасында.
Сен Қасқараудың ішінде
Малдыбай Қонысбайдың
Айрылмастай қайдан бірі едің
Тұла бойың ір едің.
Қоныс тимей өзіңе,
Кірмедей боп жүр едің.
Жылқы болса сүрені,
Жорғаның бірі едің.
Сен қайдан Дулаттың
Жығылғаның сүйедің,
Қор болғанда өр едің,
Қасқараудың бірі едің.
Барып тұрған өзің сорлы қор едің,
Жылқы болсан, торы едің.
Осынынан қағынған,
Тұла бойың құрысқан,
Шеке басың тырысқан,
Жүрген жерінмен ұрысқан,
Бәлекетті бастаған,
Басына бәле жастаған,
Екі бетте тамтық жоқ,
Сені кісі демес Қасқарау,
Бекер жолға тастаған.
Аузы-басың шошандап,
Өсектен басқа айтпаған,
Бәлекеттен қайтпаған,
Ұялатың бетің жоқ,
Ұстасатың көтің жоқ.
Орып салған миядай,
Екі бетте тамтық жоқ,
Ара салған ұядай.
Сенің айтқан ол сөзің

Бұл халыққа сыя ма-ай.
Өсек болды айтқаның,
Дардай кісі боп қалдың,
Сенің жақсы емес пе
Жаман сөзден қайтқаның.
Басың жаман жалқау бас,
Бұл сөзді менің айтқаным.
Бойың сенің құрыс боп,
Жүрген жерің ұрыс боп,
Қанша өсек айтасың.
Дардай кісі боп қалдың,
Былжырап бекер қайтесің.
Ұялатын тұсің жоқ,
Сүйенетін кісің жоқ,
Ұятпенен ісің жоқ,
Қырық-елуге кеп қапсың,
Адамшылық түрің жоқ.
Ұят ойлап сақтансаң,
Анау үйдің катыны,
Аузыңа сиейін деп отыр.
Кісілік сенің арың жоқ,
Бұл ұяттан сақтанған.
Арынды беліңде байлап,
Айрандай төгіліп жатпаған.
.... дау өсек таппаған,
Жүрген жерің дуылдап,
Қатындар отыр шуылдап,
Өсек айттар шіркіндер.
Өзің жаман кісісің,
Тыныш отырмайсың бүлкілдеп.
Сөзің жаман кісі екен,
От алардай көлендеп.

Сарыбас қайтып сөз таба алмай, жиылған жақсылар:
«Жамбыл женді», – деп біледі, Жамбылдың жолын беріп
жөнелтеді.

1895 жыл.

ЖАМБЫЛ МЕН ДОСМАҒАНБЕТ

Өүелі тамам сөздің іптидасты⁴¹,
Жиеннің жиырма үште еді жасы.
Сейлейін Жамбылменен айтысқанын,
Жарандар, құлақ салып, сөз тыңдаши,
Жамбыл да өз тобынан асып жүрген
Көп ақын беттей алмай қашып жүрген.
Сейлеуге қара сөзге құстап жүйрік,
Көңілін талай жанның басып жүрген.
Сейлекен талай топта таңлай қағып,
Жұртына өлеңменен жүрген жағып.
Бұл күнде Досмағанбет не болғанын,
Көрерсің тамаша ғып тұрғын бағып!
Бала екен сөзге жүйрік Досмағанбет,
Жасынан жүрген екен өнер ізден,
Көбісбай, Қаранбайда жатқан екен,
Қысты күн ізден келіп нағашым деп.
Сол кезде Жамбыл ақын ол да келген,
Өлеңі ұйқы-тұйқы соққан желден.
Үйінде Көбісбайдың қона жатып,
Өленді білгенінше сабай берген.
Бұл Жамбыл сөз сейлейді таңырқатып.
Өленді бастан-аяқ аңыратып.
Жантай мен Сүйінбайдың айтысқанын
Жырлады біразырақ дауылдатып.
Саламат-аман тұрсам, көрермін, – деп,
Ол тұні Досмағанбет қалды жатып.
Ал, енді сөйлер желіп Жамбыл ақын,
Ежелден топты жарған данғыл ақын.
Сейледі сонда Жамбыл бұған қарап,
Тан атқан іші-бауыры аттай жарап.
Алдына келіп: – Кәне, сөйле, – деді,
Баласың сен де ақын жаңа талап

⁴¹ Иптидасты – араб сөзі, бастамасы, алғашқысы.

Ол бала сөз сойледі тілді безеп,
Отырған әдеппенен қөңіл тежеп.
– Сөйлей бер, білгеніңше, Жамбыл аға,
Бір келген мейман едің, бердім кезек.
Сөйледі сызыра желіп Жамбыл ақын,
Көрінді көп ақыннан сөзі батым.
Жарандар, жұз жыл дәурен сүрген болсаң,
Ойлағын, бір басына ажал жақын.
Сөйледі сонда Жамбыл нақыл айтып,
Жуық боп ағайынға жақын айтып,
Елінің үлкен-кіші баршасына
Отырды әр нұсқадан ақыл айтып.
Сөйледі мұдірмestен сары таңға,
Өзінен басқа жоқтай бұл жаһанда.
Отырған төрт түйелі Жалайыр, – деп,
Тиеді сөздің шеті анда-санда.
Баяндал әнгімесін бастан-аяқ,
Айтысқан Жамбылменен сөзі мынау.

Жамбыл:

Самғаймын қанатымды, ал, аспанға,
Дүбірлеп дауысым кетсін бар жаһанға.
Иірем сені сөзбен, Досмағанбет,
Аяғың тисін жерге анда-санда.
Сен мені жене алмайсың, арбасаң да,
Төрт бұрышын төңіректің жалмасаң да.
Жаландап аш бөрдей келдің қайдан,
Жақсылық Жалайырдан алмасаң да?
Арғы атам – аруақты ер Қарасай,
Теңселген дубіріне тау менен сай.
Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұңқардай санқылдаған ер Сүйінбай.
Ілгеріде Шөже, Балта⁴² заманда өткен,
Асекен⁴³, Бұқар жырау арманда өткен.
Солардың аруағы маған қонып,

⁴² Шөже, Балта – XIX ғасырдағы халық ақындары. ·

43 Асакен, Асанқайғы – философ-акын.

Ел мұңын жырмен толғап, нөсерлеткем.
Сөйлеймін, ерегісsem, өктем-өктем,
Түскендей жайдың оғы саған көктен.
Шын қызсам, сөзім – жалын, домбырам – найза,
Күрсаулы сауыт болар маған шекпен.
Баласы ұлы жүздің – Абақ, Тарак.
Көтерген ақылгөйге мені балап.
Қаңғырган аш бөрідей ақын келсе,
Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап.
Құйындаі көкке шапқан мен бір пырак,
Арамыз екеуміздің алыс-жырақ.
Төменде шықылықтаған сен торғайсын,
Айтыспа, менімен, ақын шырақ.

Досмаганбет:

Сөйлейсің барған сайын өктем-өктем,
Түскендей ата-анасыз аспан-көктен.
Аралап Абақ, Тарап, жүрсөң-дағы,
Түспепті тері шалбар, қаптал шекпен.
Ол да өткен Асан қайғы, Бұқар жырау,
Ол күнде шапқыншылық, қанды бұрау,
Қараспай жарлы-жалшы нашарларға,
Хандардың мақсаты сол – жүргтты қинау.
Атамыз бәріміздің – Абақ, Тарак,
Ақынды көргенім жоқ сендей салақ.
Бойында саралықтың белгісі жоқ,
Тал түсте кеткендей-ақ ұры тонап.

Ал, Жамбыл-ау, Жамбыл-ау,
Сөз сөйлейін мен саған,
Таудан аққан бұлақтай
Жас өспірім баламын,
Жапырағы жайқалған,
Көлге біткен құрақтай.
Лақ, текедей бақылдап,
Мазамды алдың шыдатпай,
Қойдағы азбан қошқардай,

Сөзінді мен отырмын
Сірә де сенің ұнатпай.
Өлеңінді қыскартқын,
Мұнан былай ұзартпай.
Буындырам мен сені,
Бір шығармай үнінді,
Желкенен түсken тұзактай.
Жаудыратам көзінді,
Қалдырамын сөзінді,
Қаранғы тұн болғанда
Алдында жанған шырактай.
Ақында шайыр ақпамын,
Аспанға ұшқан пырактай.
Сөзінде сенің асыл жоқ,
Құбылып түрған сынаптай.
Меніменен айтисып,
Жете алмайсың мұратқа-ай!
Жас баламен шайқасып,
Айтысып өлең байқасып,
Жас ақыннан сүрініп,
Қалып жүрме ұятқа-ай.
Жете алмассың қуғанмен,
Мен бір асыл туғанмын.
Белді қынанй буганмын.
Аргымақтай буданмын.
Тұлғанды сенің айтайын,
Тұлпарлығынды байқайын.
Сұлыға тойған қазанат,
Маған қайтып жетерсің.
Алдында жүрген пыракпын,
Енді маған нетерсің?
Меніменен айтиссан,
Түбіңе өзің жетерсің.
Бұл арадан кетерсің.
Қасірет-қайғы шегерсін,
Ала алмасан, алысып,

Арманда болып өтерсің.
Ақындығың шамалы,
Ала қашпа екенсің.
Тонауға түскен ұрыдай,
Ат-тонынан айрылған,
Қанатынан қайрылған,
Жасыған жездей майрылған.
Басында жөнді бөркің жоқ,
Адам көрер көркің жоқ,
Ақынмын деп сестенбе,
Сөзінде қуат, серпін жоқ.
Өз пиғылыңнан тапқандай,
Кейпің жаман, Кейқуат⁴⁴,
Байдың малын баққандай.
Құлаққа маза бермедің,
Данғаза дабыл қаққандай.
Алдында жиған малың жоқ,
Мойныңа салған салық жоқ.
Қу кедейсің қаңғырған,
Жауласарға елің жоқ.
Жыршы емессің, бақсысың,
Дүниеге тапшысың,
Бақсы да, сірә, болмадың,
Өлең айтып онбадың.
Ел ішінде азыпсың,
Бір Құдайға жазыпсың.
Шекпенің жоқ сенің де,
Сен бір жүрген зәлім-ді.
Бір бойында сәнің жоқ,
Аралап Абақ жүрсөң де,
Үш күн жатар жайың жоқ.
Жаман тамды салдырған
Орыстан закұн үйреніп,
Ағайын көңілін қалдырған.
Жатқа жерді алдырған.
Елінде бір байлық жоқ,

⁴⁴ Кейқуат – «Алпамыс батыр» жырындағы кейіпкер, қойшы.

Қазан асқан жеріне
Сабан-топан жақтырған.
Кеште ойнаған бақсыдай
Саған қобыз шалдырған.
Сені көріп отырмын,
Өзімнен-өзім қапалаң,
Түсіңе сенің қарасам,
Жұні түскен жапалақ.
Жаратқан ием, Құдай-ай!
Нағашы жұртым ер екен,
Сауыққойшыл ел екен.
Көтереді ақын деп,
Мұның несін сән қылыш.
Біздің елде бұл болса,
Аяқ жолын таба алмай,
Кетер еді қаңғырып.
Ал, Жамбылым, Жамбылым,
Өлеңге жүйрік даңғылым.
Ерек болсан, қашпағын,
Қайратыңды қарыштап,
Өнерің болса, бастағын.
Ұрысқақ қатын секілді
Аузыңдан от шашпағын.
Мінінді айтып берермін.
Ақынным, Жамбыл, саспағын.
Асканға тосқан кезек-ті,
Алдын ала баспағын.
Армансыз бол, ақынным,
Ақындығың болмаса,
Жоқ екен басқа нақылын.
Кім жығылып, кім жығар,
Байқармыз сөздің ақырын.
Қартайғаниша қақылдаң,
Жел сөзге бір тоймайсың.
Женемін деп ойлайсың,
Меніменен ойнайсың.

Әсем болсан, бәсең бол,
Өзінді өзің көтеріп,
Сонша неге болмайсың.
Қонақ конса үйіңе,
Тышқан мұрнын қанатып,
Тышқақ лақ соймайсың.
Бергеніне құдайдың,
Қанағат қылыш тоймайсың.
Ел қыдырып сүмендеп,
Жасыңнан қылған әдетін,
Елден-елге тіленіп,
Жамбастай жатып шіреніп,
Тентіреуді қоймайсың.
Астыңа мінген ерің жоқ.
Қол берген мықты пірің жоқ,
Не басыңа күн туды?
Бір жанында тыным жоқ.
Өмірінді өткіздің,
Көп сөзіңнің ішінде
Бір дәлелді шының жоқ.
Халықтан дүние сұранып,
Жарыған, сірә, жерің жоқ.
Айтқаның ылғи өтірік,
Сөзіңе сенің сену жоқ.
Есігің бар да, төрің жоқ.
Алысып әлің келе алмас,
Ылдыын кеткен, ерің жоқ.
Бір өткен соң дүние,
Қайта айналып келу жоқ.
Корықпайсың, бейшара,
Өлеріннің шағынан,
Кетер ем ұрып бір жерге,
Азырақ қорқып отырмын
Сақалыңың ағынан.
Отырсың ғой қушиып
Қой бакқандай қу кедей.

Байлығын айтсам Тарактың,
Қаларсың сен ұндеңей.
Қалдай, Маман, Көлібай⁴⁵,
Байлығы тасқан күнде үдей.
Іледен әрман көсілген,
Жерін қаптап малы жүр,
Кім айттар мұны шын демей.
Қалдайдың бағы жаңып тұр,
Жарқырап ашық шілдедей.
Жылқы мен қойы есепсіз,
Жүрттан асқан байлықпен,
Түйесін жүр жүндеңей.
Елімдегі байлықты
Айта берсем, сөз жетпес,
Сусап қалар тіл-көмей.
Ақын болсаң, ашық айт
Еліндегі байлықты,
Біздің елді қүндеңей.
Елің сенің оңбаған,
Енді не деп айтамын,
Кедейлікті мін демей?

Жамбыл:

Солай ма, бала, солай ма!
Зығырына Жамбылдың
Тисен, саған оңай ма!
Күйрамын енді мен
Ақындықтың апшысын,
Көргенім жок өмірде
Жел сөздің мен тапшысын.
Өлеңім асаяу теңіздей
Өрге қарай шапшысын.
Толқындаі сөзді сапырып,
Арыстандай ақырып,
Шығайын енді айтысқа.
Нажағайдай сөзімді

⁴⁵ Қалдай, Маман, Көлібай – Орта жүз, Найман елінің ірі бай-феодалдары.

Жарқылдатсам алдында,
Есің шығып адасып,
Біле алмассың әкенің
Өлгендігін қай тұста.
Сөз білмейтін баласың,
Ақындыққа шаласың,
Меніменен айтыспа.
Кемітесің кедей деп,
Басқа сөзді таппайсың,
Жетісіп жүрген немедей,
Елінді құр мақтайсың.
Малды санап мақтанбан,
Малында емес ел бағы.
Қорғаған жаудан халықты,
Ерлік пенен даңқты,
Елімнің күшті аруағы.
Елімде болды батырлар:
Қарасай атты ұранды.
Асынып жау жарағын,
Еліме шапқан қалмаққа
Орнатып қара тұманды,
Салатуғын ылаңды.
Қаһарына шыдамай,
Қалмақ кезген Шығанды.
Қылышынан өткізген
Каракесір Қаһанды:
Жауынан жерді босатып,
Осындай атақ кім алды?!

Бүгінгідей сөзіме,
О-дағы саған күмәнді.
Көп сөзіңің ішінде,
Бір сөзің жоқ ұнамды.
Байқалып әбден сыналды.
Елден алғыс алмайсың,
Көтеріп кітап, Құранды.
Меніменен ұстасып,

Білмейсің Құдай ұрарды
Жеңбек қайда Жамбылды.
Сенің айтқан өлеңің
Тараған бізден ұшқын-ды.
Қысым керсең Жамбылдан,
Деп жүрмегін түбінде,
Қандай іске тап қылды.
Ерлігің болса мақтанғын,
Қалмақты қуып қашырған.
Айдарынан жел есіп,
Алатаудан асырған,
Айбалта, қылыш асынған,
Жанындағы жабдығы
Наркескен, қанжар асылдан.
Қарасайдай батырлар
Қиқу салып аттанса,
Еліме тиген жаулардың
Алмадай басы шашылған.
Айтшы, осындай ерлерді
Елінде даңқын асырған!
Айта алмасаң бұндайды,
Айтыспа, сен антүрган.
Қорықсан неге айтыстың,
Ағарған сакал, шашымнан?!

Ата-ана сыйлап көрмеген,
Биәдеп өскен жасынан,
Сен бір жүрген сауысқан.
Кесірің үлкен басынан.
Меніменен айтысқан
Сендей талай кеппенің
Кекірегі басылған.
Уә, қу тандай Жалайыр!
Менен асқан елінде
Бар ма, сірә, бір шайыр.
Жамбыл жырау толғанса,
Домбырасын қолға алса,

Пар келтірмес ешкімді.
Сөз дауылмен соғушы ем
Сендей ақымақ мұскінді.
Ауылыңа алып бар
Шашылған бізден ұшқынды.
Сүйінбай ақын ұстазым
Сөз қанжарын суырып,
Дұшпанға өстіп күш қылды.
Құдай атқан қу молда,
Берекенді ұшырып,
Кетірейін пыстынды!
Арбаөткелдің түбінде⁴⁶
Бір күн, бір түн шайқасып,
Өнерін әбден байқасып,
Құлмамбет те жеңген жоқ.
Жеңбек тұрмак Құлмамбет,
Нысанага келген жоқ.
Қаракерей Тұбек те,
Жалайырда Қарқабат⁴⁷,
Бұл да айтсысып, көрген жоқ.
Жамбыл, Жамбыл болғалы,
Жамбыл атқа қонғалы,
Ешкімге намыс берген жоқ.
Жеңіліп қайтты Құлмамбет,
Құр сұлдесі, өлген жоқ.
Көпшілікке бет бұрып,
Азғыруши адамға,
Қараспайтын сараңға
Жамбыл әсте көнген жоқ.
Еңбегім сінді еліме,
Ел ішінде еріме.
Сол үшін бағым сөнген жоқ.
Тарта сөйле тілінді,
Танимысың пірінді?

⁴⁶ Арбаөткел – Қапшағайдың аяқ жағындағы Үшаралдан төмендеу, атпен өтетүғын қылта жер. Бұл Іле өзенінің бұрынғы белгілі өткелі.

⁴⁷ Құлманбет, Тұбек, Қарқабат – XIX ғасырдағы айтис ақындары.

Танымасаң пірінді,
Айтайын сенің мінінді.
Әдеппенен сөйлер ең,
Егер болсаң білімді.
Жұрттың бәрін ұмытқан
Хан, патша шенеунік,
Сен сықылды молдалар.
Бетіне ұстап Құранды,
Өтірік айтып, елді алдап,
Таратқан қисық ұранды.
Аятын оқып ышқынып,
Ауруға дем ұшкіріп,
Молдалар ұқсас жыланға.
Балуан болсаң, белсеніп,
Шық күреске сыйбан да.
Барың болса, қарышта,
Емеспін саған құданда.
Сен – күйкентай, мен – түйғын,
Жүр жайына одан да,
Әлінді білмей алысып,
Аптығып сөйлеп асығып,
Жолықтың қырсық лаңға,
Қаптаған қара тұманға.
Арқа тұтып ақырып,
Бұл Абактың баласын,
Жаңғырықтырып мен шықсам
Алатаудың саласын,
Жайлалау, қыстау, мекен қып
Өзен бір сай-саласын.
Көптігін айтсам Абақтың,
Аз ғана ауыл Жалайыр,
Қарамады көрмей қаласың.
Қу ауызды, қу молда,
Қайтер екен? – десем мен,
Өршеленіп барасың.
Тіл тигізсең бабама,

Өртке күйіп, жанасын.
Ажырата сейлегін
Бай, кедейдің арасын.
Құр кепкеннен пайда жоқ,
Сейлегін сөздің данасын.
Жығылғанды, жыққанды
Сонда білер әр адам,
Өзінің білсе шамасын.
Ұзын сонар жүйрікпін,
Әңгімеге қанасын.
Ұзыннан жыр боратсам,
Сонда есінен танаңын.
Албырт жиен, Жалайыр,
Маған қарап не дейсін,
Дедің маған кедейсін.
Мен қорғасын сақамын,
Сен – ұтылғыш кенейсін.
Мен – бір соққан дауылпаз,
Сен – салмақсыз, к... бос,
Ебелек қаққан ебейсін,
Бір ұстасып қалсам, – деп,
Күшінді байқап шенейсін.
Мен жайынды айтайын.
Жалайырсын, кедейсін,
Кедейліктің белгісі,
Жақын-жуық келмейсін.
Шыққан жерің мен болсам.
Менен шыққан сен болсан,
Кімді кімге теңейсін.
Қысы-жазы ау салып,
Ілден балық қоймадын.
Шіріген сүйек жесен де,
Қарның шығып тоймадын,
Тұздап балық қактадын,
Сары майдай сақтадын.
Елің кедей болған сон.

Жайым қалай болар? – деп,
Дарияны жақтадың.
Өз малынды өргізіп,
Жерінде мал бақпадың.
Қонақ қонса үйіне,
Союға мал таппадың.
Тайдың майын бермейтін
Несіне байды мақтадын?
Айлық жерді ауызың
Бір-ақ күнде аттадың.
Би мен болыс қолына
Шығыны болып кетеді
Жазы-қысы тапқаның.
Заманақыр болды ма,
Өз тұқымым өзіме
Жау болып, қарсы шапқаның
Ел байлығы өзінде,
Тіл байлығы сөзімде,
Малы жоқ тақыр кедей, – деп,
Отірік жала жаппағын
Ерегіссең менімен,
Мен ұстассам сенімен,
Шығып кетер алтабың,
Молда емессің, сиқырсың,
Зікір⁴⁸ айтып зарлаған,
Жаназа⁴⁹ оқып өлгенге,
Підія⁵⁰ алып жалмаған.
Шарифат жолы мынау, – деп,
Қаранғы, надан халықты
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе, үйіне.
Күніреніп бармаған.
Аттана шауып, бай өлсе,
Кирағаттап Құранды,

⁴⁸ Зікір – ауру адамға айтылатын баксы сарыны.

⁴⁹ Жаназа – Ислам дініндегілердің өлген адамға оқитын намазы.

⁵⁰ Підія – дұға жолына жұмсалатын шығын акы.

Күні-тұні сарнаған.
Қайыр-зекет бермесен,
Сөзіме менің көнбесен,
Дозақ бар, – деп қорқытып,
Қылмаған пәлен қалмаған,
Оңбайтын молда жері осы.
Жақсы көрсө молданы,
Көз бояушы зұлым, – деп,
Көпшілік неге қарғаған?
Өзің де бір күн шүу дейсін,
Өлмей қалмас жанды адам.
Жарым тұнде шабасың,
Өліп кетсе малды адам.
Елде көп әлім молда, залым молда,
Халыққа залымдығың мәлім, молда,
Сыбырлап азғырасың әзәзілді,
Қосылmas бізге сенің қаның, молда.
«Құдай бір, Құран шын», – деп азғырасын,
Ораза⁵¹, намазсызды жазғырасың.
Жол сыйған келешекке еш нәрсең жоқ,
Мұнымен қайтып жүргтты мәз қыласың.
Андап бас, салғыртсынбай аяғынды,
Екінің бірі өлер, ерегіссе, деген сөз бар,
Есіне түсіремін баяғынды.
Абакқа қай қазақтың малы жетер.
Көз көрмей, жалған сөздің бәрі бекер.
Елінде қысы-жазы балық аулап,
Тентіреп осыменен күнің өтер.
Молда ақын, сонша неге мақтанасың?
Мақтанып, көтеріліп, шаттанасың.
Балықтан тапқанынды шығынға сап,
Старшын, би болысты атқарасың.
Пенде жоқ жақсылыққа таласпайтын,
Мейірсіз бай кедейге қараспайтын,
Би мен құ алдап қанын,

⁵¹ Ораза – рамазан айында міндетті түрде орындалуға тиісті діни парыздардың бірі.

Теспей сорып
Мінез бар иттердің аластайтын.
Байлардың құлқы жаман мақтайдыңын,
Ат мініп, асын ішкен жақтайдыңын.
Нашардың күшіменен пайдаланып,
Жері осы маған байдын жақпайдыңын.
Ку молда, орыны жоқ сарнамалық.
Байлар жүр кедей күшін пайдаланып,
Байды мақтап, нашарды аузыңа алмай,
Мұнымен оңаласың қайда барып?!

Шықпайсың қыр басына мұныменен,
Болды, сөзді сөйлегін күніменен.
Жамбылдың айғай салған даусыменен,
Тау мен тас ән қосады үніменен.
Кетерсің жерге кіріп, жынды, антүрган,
Мен саған қаһарлансан шыныменен.
Не тоқталып, не женіп, не женіліп,
Созылып отырғанша күніменен.
Аз сөздің тәттілігі болар балдай,
Отырсың айтыспақ боп көңілің дардай.
Қабанды⁵² Бақтыбай мен ап келсең де,
Келеді шаужайымнан ешкім шалмай!
Көтере көп мақтадың елінді сен,
Айтыссаң бугын бекем белінді сен.
Бұл жаққа құліп келіп, жылап қайтсан,
Табуға қыын болар жерінді сен.
Әдепті мейман болсан, сыйың болар,
Сый білмес сиыр болсаң, қыын болар.
Алыстан аңсап келіп, шаршап қайтсан,
Тағы да бір бас қосқан жиын болар.
Бұл істің уағында болғаны анық,
Айтысты көтерелік жоғары алып.
Сөйлеген көңіліндегі сөзің болса,
Осымен бір кішкентай доғаралық.

⁵² Қабан – XVIII ғасырдағы Жалайыр тайпасының ірі ақыны.

Досмаганбет:

Ал, Жамбылым, Жамбылым,
Ежелден жүйрік даңғылым.
Кезекпенен сөйлелік,
Сөзімді тосқын, Жамбылым.
Алпысқа жасың келгенде,
Төгіліп, тасып дариядай,
Басылып қалған арының.
Молдалығым айып па
Үйреткен саған Құдайды
Құран сөзін ұқпаған
Сендей надан онбайды.
Зекет алса, молдалар,
Ұжмаққа жұртты жолдайды,
Молда өтірік айтпайды,
Оны Құдай қолдайды.
Елеуретіп сөйлейсін,
Алақтатып көзінді
Әзәзілден сабақ ап,
Бұлдіріпсің сөзінді.
Құранға тіл тигізсен,
Құпір⁵³ деймін өзінді
Мен бір енді сөйлейін:
Жалайырдың begіnen,
Белгілі ата-тегіnen,
Айтуға тура кеп отыр
Абақ, Тарақ шегіnen.
Ноқта ағасы – қолбасы.
Дулаттың⁵⁴ бізге не пайда
Құмырскадай көбіnen.
Теріп айтып келермін
Бергіден арғы еліңен,
Өулие ата, Шымкенттен.
Бозадан басқа асы жок,
Жар жатақтың астында,

⁵³ Құпір – араб сөзі, діннен шығу, дін жолынан безу деген мағынаны білдіреді.

⁵⁴ Дулат – Ұлы жұз құрамына енетін ірі тайпалардың бірі.

Күнге күйіп тұскендей,
Қыздарыңың шашы жоқ.
Бірін-бірі көп дескен,
Бозақормен ептескен.
Жақынынан басқа қасы жоқ.
Досмағанбет бұл молда,
Әрбір әнге салады.
Меркіден бергі туғаның
Салған қыстақ, қаланы.
Үй басына бес тауық,
Кірсян⁵⁵ боп қарады.
Қысты құні болғанда
Көшкіннен өлген бұғының
Терісін сұлып алады.
Алыш келіп базарға,
Ыстап етін сатады.
Бес тыииннан ақша алса,
Жерден алтын тапқандай
Қуанып үйіне қайтады.
Енді айтайын, Жамбылым,
Меркіден бергі елінді,
Кірсянға жазылған,
Бәрі орысқа көнімді.
Меніменен айтыссан,
Сындырмын белінді.
Өткенді айтып, менменсіп,
Көтересің көңілінді.
Ол күндеңі батырлар,
Бәрі жерге көмілді.
Елді, міне, бұлдіріп,
Жайлады жау жерінді.
Айта бермей өткенді,
Шығарып құмар-шерінді
Айтсайшы, Жамбыл, тағы да,
Абақтан енді ұл бар ма,
Құтқаратын елінді.

⁵⁵ Кірсян – крестьян, шаруа.

Көкектен басқа құсың жоқ,
Көкпектен басқа шөбін жоқ.
Қозы жауырын қурай жоқ,
Жігітіңдің күші жоқ.
Көкнәр⁵⁶ ішкен кісідей,
Адамыңның түсі жоқ.
Түсі менен есі жоқ.
Етін нанмен көбейткен,
Сөйтіп, к... шөмейткен,
Сиырын айдал, өк-өк, – деп,
Тапқан анам ерек деп,
Қорқып, бұғып қалмаспын.
Егер қырсық шалмаса,
Алдыма жүйрік салмаспын,
Шапқан жерін қиятын,
Күшін қолға жиятын.
Өткір қылыш алмаспын.
Тарлан тартып қалыпсың,
Аузыңдан шалыпсың.
Буыныңды бекітіп,
Аяғыңды дәл басқын.
Кұмар болса айтысу,
Жыққанымыз алуға,
Жұртқа олжа салуға,
Бәйгіге тігіп мал-басты.
Айтысам деген онда жоқ,
Келе-ақ өзің жармастың,
Сендей-сендей көп ақын
Көргенде мени өтінген.
Атысса қолды болмай ма,
Таяқ өтсе етіңден.
Меркіден бергі туғаның,
Он-он үйің бірігіп,
Әрбір тауға бекінген,
Шегаралас болған сон,

⁵⁶ Көкнәр – наша, қорқормен тартады.

Хан Орманы⁵⁷ бас болып,
Қырғыз шапқан шетінен.
Өзі жақсы еліңнен,
Сенің. тиіп кесірің,
Көштерің басып жыл сайын,
Берекемді кетірген.
Сия салдым сауытқа,
Құмармын жастан сауыққа.
Елінді қырғыз шапқанын,
Олжаға қырғыз батқанын,
Жылы есімнен шығыпты,
Ит пе, қой ма, тауық па?
Ақынным, Жамбыл, жалықпа.
Асығып өлең айтам деп,
Бір киеге жолықпа!
Елің кедей болған соң,
Мал таба алмай, қыз сатқан.
Менің жеген балығым
Мұнан жаман болып па?!
Менменсінген сендейді
Біз де ақынбыз іздеген.
Үйінен жылан шыкқандай,
Жаз кетсе, қанғып, күз көрген,
Байлығың сенің қайда бар?
Мал орнына қыз берген.
Бір жарамды жігіті,
Дулатыңың Алпысбай,
Күнде арақ ішкені,
Орыстың үйі түскені,
Закоскесі қиярдан,
Алдында тақтай үстелі.
Сен Абактың жүйрігі,
Мен тұлпары Тарақтың,
Жаңылдырма тілімді.
Жаратқан, Тәнірім, күштісің,
Дүниеге жан ғып жараттың.

⁵⁷ Орман – XIX ғасырда өмір сүрген қырғыздың шоқ манабы.

Алуан-алуан ел етіп,
Жер жүзіне тараттың,
Бәрекелді, Жамбылым,
Өтіркіті шындағып,
Жалған сөзді дындағып,
Жұртты аузына қараттың.
Сатып алып кеселді,
Пайдасы қанша арақтың,
Салты осы ма еліңнің?!
Биі, байы, болысың.
Босатпас алдын қабактың⁵⁸,
Арап десе, жымындар.
Құлқыны құрып қылмындар.
Мейлі, қазақ, орысы.
Ішпесе басы ауырар,
Қалаға жақын қонысы.
Күнде салып салықты,
Зар қақтырып халықты,
Мойнынан түспес борышы.
Жерінді сатып ұлыққа,
Жесе, тоймас құнықпа,
Тарылған жұрттың өріci.
Оразалы дегенің
Қарындасын өзі алып,
Есітпеген жол салып,
Бір тентектің кесірі,
Шулады Дулат қозғалып.
Көп ұзартып созбалық.
Бұл да жетер басыңа,
Әділдіктен озбалық.

Жамбыл:

Албырт жиен, Жалайыр,
Елінде бұзық жоқ болса,
Қожақан ішті неге арап?
Әулие, сопы көп болса,

⁵⁸ Қабак – арап сататын дүкен.

Көпке тиер кесірің,
Кожа мен молда бек болса,
Дәүлетті ататек болса,
Бойында арамкек болса,
Молда емес, ол әзәзіл,
Сүйкімсіз, жұртқа жек болса,
Сол Қожақан болысың
Мекеге барды қажы бол,
Боза, арақ ішкен соң,
Айтады несін қажы деп,
Пара тағы жейді екен,
Ел ішінде қазы бол,
Арамтамақ, ақ білек,
Қол астын жемей, қолдай ма?
Басшы әділ болмаса,
Жұртқа әділдік орнай ма?
Ел қорғайтын ұл туса,
Елді дүшпан торлай ма?
Шаңымды менің шалмайсың,
Ұрсаң да қамшы борбайға!
Қырсық шалса жолыңды,
Ісінді Құдай ондай ма?!

Төрт түлік мал тұрғанда,
Сойдырып шошқа соғымға,
Шаригат жолы сондай ма?!

Сен білмейсің, мен айтсам,
Қосшыбайдың атасы,
Қайырсыз бай Қалдайың
Тоғайдан торай қоймаған,
Адалдан жиған малдайын.
Ажырата білмеген,
Адал мен һарам қандайын.

Шаригаттың⁵⁹ жолында,
Арам жемек бар ма екен?
Албырт жиен, Жалайыр,
Еліннің салты мынадай:

⁵⁹ Шаригат – араб сөзі, мұсылман дінінің жарлықтары мен заң ережелері.

Жасын кәміл толтырып,
Қыз өсірдін бұладай.
Алыстан келген сәудегер,
Бір керегін сатып ап,
Кездемесін сатқан бол.
Қыздарыңмен жатып ап,
Зауқын сафа⁶⁰ қылады-ай,
Мактанаңрық жәйің жоқ,
Желпінген көңіл басылып,
Желіккен жүйрік тынады-ай.
Сәудегер, молда зұлымсын,
Халықтың көзін боядын,
Қайыр басқан тұмадай.
О да сениң кесірін,
Кемуге себеп несібен.
Алты ауызды ала бол,
Басынды төре сұрады-ай,
Мен боламын ханың, – деп,
Хан салығы қалың, – деп,
Хандығым жұртқа мәлім, – деп,
Елінді қысты, қанады-ай.
Ханнан көріп қанауды,
Ат, айғыр қалмай жараулы,
Күйзеліп жұрттың жылады-ай.
Көтердің жұртқа бас қылып,
Қайыры кепке тимеген,
Қаны қара залымды,
Залымдығы мәлім-ді,
Алдына тұра бара алмай,
Барып жауап ала алмай,
Айта алмадың зарынды.
Жылқы, түйе, сиырмен,
Қой, ешкіні сойыс деп,
Тартуга тарттың барынды,
Тартып алды еріксіз
Жүк артатын нарынды,

⁶⁰ Зауқын сафа – араб сөзі, ойын-сауық мағынасында.

Көз жасына қарамай.
Жылатып, кемпір-шалынды.
Хан жарлығы солай деп,
Бұқара бізге оңай, – деп,
Жер жақсысын бай алып,
Бай патшаға тәңеліп,
Өрісің қатты тарылды.
Ел қорғайтын ерлерің
Алдына барып бас иіп,
Алдиярлап жалынды.
Төрелер келіп, жәй салды
Алтынемел белінен,
Жайлау, қыстау мекен ғып
Күренбел деген жерінен.
Мал, басында ерік жок,
Жауға бердің жерінді,
Жүре алмай қорқып шенінен.
Жоқтамай намыс, арынды.
Мықты болсаң, сұраттың
Ханға неге елінді?!

Қаны қара сұмырай,
Қатты басты белінді.
Үн шықпадың, тұншықтың,
Шығара алмай шерінді.
Ханның сесін қайырып,
Елінді даудан айырып,
Алмадың қалай кегінді?!

Әулие болса, қайда еді
Ескелді би мен Балпығың?!

Төреге елің сұратып,
Нашарларың жылатып,
Қадірін білмей халқының,
Байтақ жатқан кең елге
Тиді кесір шарпының.
Елеуреп ең ентігіп,
Басылды ма қарқының?!

Ат-тоныңды олжа ғып,
Қайт еліне, жарқыным.
Жалайырдың ішінде.
Сенің бабаң Балғалы,
Балғалының байлығын
Отырсың ба салғалы?
Байлығың сонша көп болса,
Неғып жүрсің бұл жақта
Зекет, құшыр алғалы?
Ант ұрган, – деп айтады
Жалайырды Қарғалы.
Қажылық қалып жайына.
Қожамет, Кожақан
Үйінен арақ кетпейді,
Сөзімнің бар ма жалғаны?
Бәрін де айтып берермін,
Тағы да болса қалғаны.
Ауыз бірлік қыла ма,
Ашулы болған кектісің,
Байдан кедей бөлініп,
Байға қара көрініп,
Кедей ашу етпесін.
Аузың бармай отыр ма
Айтуға Қөлбай, Маманды.
Мырза, Күшік, Жалайыр,
Андаста зұлым Аманды?
Кедейге жаны ашымай,
Жақсылық іздел басына,
Жоламай пәнде қасына,
Маман берер сазанды,
Шуллатып бала-шагаңды.
Қарсы жауап айтуға
Келтірмеген шаманды.
Жалақор деп айтамыз
Жұртына бұлік салғанды.
Би мен болыс, бай, манап.

Пристав, князь, чиновник
Шулатты бала-шаганды,
Қай жақсың бар оларға
Қарсы тұрған табанды.
Қариямын, сұраймын,
Сөзіме жауап бер деймін.
Сиқыршы залым, кү молда,
Бұған жауап бермесен,
Қыс к... сен деймін,
Сөз иесі мен деймін.
Ашып қара көзінді,
Жөндеп сөйле сөзінді.
Бола алмайсың сен, сірә,
Меніменен тең деймін.
Сендей-сендей ақынның
Сөзбен жанын емдеймін.
Өлеңмен шын тасысам,
Ағып бір жатқан селдеймін.
Халықтың досы кім десен,
Айтамын мен, білмесен.
Өлгеменен барабар,
Бір басыңды кірлесен,
Көмусіз бір күн қаласың,
Көпшілікті тілдесен,
Көпшілік – дария көл дейтін
Сол дариядан қансам, – деп,
Әркім-ак аңсап шөлдейтін.
Елді жауға бермейтін,
Шетіне дұшпан келмейтін.
Ерекікен ерлердің,
Қанша дұшпан жабылса,
Шыбын құрлы көрмейтін.
Бақытын жұрттың өрлетіп,
Мәңгі рухы сөнбейтін.
Есенгіреп жүрмесен,
Елді неге даттайсың?

Екі жұзді болмасаң,
Байды неге мақтайсың?
Қайыры көпке тимеген,
Әкімдікпен билеген,
Жарлы-жалишыны сүймелеген
Ханды неге жақтайсың?
Жегенің көп шашыннан,
Қылмысың ұлкен басыннан,
Халыққа тиген пайдаң жоқ,
Қайтып тұзын ақтайсың?!

Екі ұртынды қампитып,
Сөйлейсің сен аптығып.
Елінде ер бар ма? – деп,
Сұрайсың және шаптығып,
Жердің шелін сел жуар,
Елдің кегін ер қуар.
Дауыл тұрса, бұлт қуар.
Жердегі жауды жұрт қуар,
Ерліктің оты лапылдал.
Аспанға шығар күн туар.
Сол майданда жарқылдал,
Қолына алмас қару ап,
Алатаудан ақырган,
Жауын женіп жапырган
Қарасайдай ұл туар.

М А З М Ү Н Ы

Құрастырушыдан	3
Н.Ә.Назарбаев «Адалдық пен адамгершіліктің, әділеттілік пен ізгіліктің алып жыршысы»	5
М.Әуезов «Жамбылдың айтыстағы өнері»	22

Ө Л Е Н Ә Д Е Р

Шағым	38
Әкеме	39
Тәйті мен Шыбыл шалға	39
«Мекеге біреу барса, Шыбыл барсын»	40
Сарыбайға	40
«Айрылдым арманменен»	41
Байұзақ молдаға	41
Кәмшат қызы	41
«Сыртың бір сұлу жан екен»	42
Сараң бай мен жомарт кедей	43
«Бай жалтаң»	43
Өлеңді Омарға	43
Жаңыс ақынға	44
Жылқышы	44
Пұшықтың ұрыға айтқаны	45
Кетіпті ғой басың ауып	46
Әзіл	46
Сараң келінге	46
Кесірлі қатынға	46
«Ел едің құт дарыған...»	47
Құғын	47
Шәбденге	48
Сырттанға	49
«Төмөнтіннен келесің»	49
Сыздық сұлтанға	50
Есте қалған әңгімелерден	52
Мәмбетке	55
«Сәдірмекке ат шапты...»	56
Сэт сайланарда	56
Жалғызбын деп жүрмесін	57
Тілеміске	57
Абышқа	57

Мәңке туралы.....	58
Артықша туған азamat.....	59
Қабат тусын күн мен ай	60
Өсиет.....	61
«Көп қарға тең келмейді...»	61
Шалтабайға	61
Қалиға	62
Көкімге.....	63
Токтағұлға	63
Кедей күйі.....	64
Есенәлі мешкейге.....	64
Қисыбайға.....	65
«Үштоқал болыс болды...».....	65
Әділдік керек халыққа.....	65
Кәдірбайдың төбеті	76
Өстепкеде	81
«Халықтың еркі кетті...»	81
Патша әмірі тарылды	82
Зілді бұйрық	83
Халық кегі	87
Жол үстінде	87
Таппаспын сендей салақты.....	87

А Й Т Ы С Т А Р

Жамбыл мен Айкүміс	88
Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы.....	90
Бөлектің қызы мен Жамбыл	92
Сары ақынмен қағысу	94
Майкөтпен дидарласу	95
Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны	98
Жамбыл мен Бөлтірік	99
Құлмамбет ақын мен Жамбыл ақынның айтысқаны (Сәкен Сейфуллин жариялаган нұсқа).....	101
Жамбыл мен Құлмамбет	108
Құлмамбет пен Жамбыл ақынның айтысқаны (Умбетәлі Кәрібаев жеткізген нұсқа).....	123
Жамбыл мен Сарбастың айтысы	137
Жамбылдың Сарбаспен айтысы (С.Шарипов жазып алған нұсқа)	167
Жамбыл мен Досмағанбет	257

Жамбыл ЖАБАЕВ

ШЫГАРМАЛАРЫ

Bірінші том

Редактор Макпал ҚҰРМАНБЕК
Корректор Ләззат ОСПАНҚЫЗЫ
Дизайнер Айкерім ЖЕКСЕНБИЕВА
Тех. редактор Еркін ТЛЕПБЕРГЕНОВ

ISBN 978-601-03-0414-7



9 786010 304147

ИБ № 201

Басуға 05.04.2016 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 1/2. Офсеттік басылым.

Каріп түрі “Times New Roman”. Көлемі 15,0 ш.б.т.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 201/1321.

«ҚАЗАКПАРАТ» баспа корпорациясының баспаханасы